



Балқия ӘДІЛХАНОВА

ӨТКЕНГЕ ТАҒЫМ –
БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

ӘОЖ 821.513.224

ҚБЖ 84 (5 Қаз)

Ә 38

*Әкеміз Нарбаев Рахым Байділдәулының
рухына арнаймыз.*

Балалары.

Әділханова Б.

Ә 38 **Өткенге тағзым – болашаққа бағдар:** *әдеби-ғұмыр-
намалық хикаят, естеліктер* / Балқия Әділханова. –
Алматы: «Тоғанай Т», 2022. – 132 + 48 бет жапсырма.

ISBN 978-601-7757-95-3

Оқырман назарына ұсынылып отырған танымдық-естелік туындыда автор отбасылық ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, бір әулеттің өрісті өмір жолын, ғибратты ғұмырын кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, өткенге тағзым жасап, болашаққа бағдар беріп, қосағы, халқына қалаулы, еліне елеулі, ауданның құрметті азаматы Рахым Байділдәулының өнегелі өмірі мен отбасы, ата-ана, туған-туыс, бауырға, адал дос, замандас, әріптес, қадамдасқа деген сый-құрметін айрықша ықыласпен сипаттайды.

Жанұя бағын жары ашқан, сыйластығы жарасқан ұлағатты әулеттің тағлымын өшпес өнеге ретінде танытуды, әлемді алаңдатқан қауіпті індеттен шектеу кезінде өмірден озған отағасының соңғы сапарға шығарып салу рәсіміне қатыса алмаған елі-жұртымен азаматының рухын осы кітап арқылы үндестіруді мұрат тұтқан Балқия Әділханқызының еңбегі ұлағатын ұстанған ұрпағына, құрметтеп қадірлейтін көпшілік қауымға арнап жазылған.

ӘОЖ 821.513.224

ҚБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7757-95-3

© Әділханова Б., 2022

© «Тоғанай Т», 2022


Балкия ӘДІЛХАНҚЫЗЫ

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗИМ- БОЛАШАҚҚА БАҒДАР



Балқия ӘДІЛХАНОВА

*Откенге тағзым —
болашаққа бағдар*



Әдеби-ғұмырнамалық хикаят, естеліктер

Құрастырушы автор –
Демеуқұлова Зәуреш Жұмағалиқызы,
Балқаш ауданының құрметті азаматы



«Тоғанай Т»
Алматы
2022

Өткен күндердің өрнегін бүгінде осы кітапта естелік ретінде баяндап отырған жайым бар. Ағамыз жайлы өткен шақпен айту маған өте қиын. Өйткені ол кісінің жарқын жүзі көз алдымда мәңгілікке ұялап қалды. Сондай-ақ ол менің алғашқы еңбек жолымның куәсі болғаны тағы бар.

Мен «Ақдала» совхозында жұмыс жасаған жылдары Рахым ағамен бірге қоян-қолтық жұмыстар жасауыма тура келді. Ағамыз алдымен мал маманы болса, кейіннен зоотехник, сүт фермасының меңгерушісі болып, жемісті де жеңісті баспалдақтардан абыроймен өте білді. 1992-1996 жылдар аралығында шаруашылықта мен бөлімше есепшісі, экономист, бас экономист, кейіннен АҚ төрағасының орынбасары болып жұмыс жасап жүрген кезеңде өмірлік тәжірибесі қалыптасып әрі толысып үлгерген ағадан үйренгенім де көп болды десем, оның еш өтірігі жоқ.

Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы шаруашылықтардың дамуына кері әсерін тигізгенін бәріміз жақсы білеміз. Совхоздар таратылып, пайлар тұрғындарға үлестіріліп берілді. Осы шақтарда Рахым ағамыз аудандық әкімдіктің жалпы бөлімнің басшысы қызметіне тағайындалды. Қым-қуыт жұмыста күн-түн демей еңбектің көрігін қыздырды. Осы мекемеден зейнеткерлікке абыроймен шықты. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, көп жылғы еңбегі ескеріліп, ауданның Құрметті азаматы атанды.

Рахым ағамыздың тағы бір ерекше қасиеті – ол бауырмашылдығы. Мен сыртта қызмет жасаған жылдары сыртымнан үнемі қамқор болып, алдағы күніме ақжол тілеп отыратын-ды. Өзінің туған бауырынан кем көрмейтін. Ел мен жердің амандығын телефон арқылы біліп, өзінің ағалық ақыл-кеңестерін айтып отырушы еді...

Ал 2016 жылы ауданға басшы болып келген күннен бастап, бұрыннан қалыптасқан сыйласымдылық одан

әрі өріс алды десем де болады. Ағамыз аудан көлеміндегі ақсақалдармен бірге өз ойын ашық айтып, маған бағыт-бағдар сілтеді. «Д.Қонаев» қорының белді мүшесі болды. Қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып, өзіндік үлесін қоса білді.

Бүгінде баспа бетінен жарық көріп отырған «Өткенге тағзым – болашаққа бағдар» атты кітаптың алғы сөзін жазу маған бұйырған екен. Осы кітаппен бірге Рахым ағамыздың екінші ғұмыры басталды десем де болады. Кітаптың оқырманы артып, ағамыздың жүріп өткен өмір өткелдері келешек ұрпаққа сабақ болсын деген тілегім бар.

Ел аузында «Таулар алыстаған сайын асқақ көрінеді» деген қанатты сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті. Сол сияқты асқар таудай ағамыз бола білген Рахым аға Нарбаевтың адами қасиеті мен көркем келбеті бізден алыстаған сайын өз құнын арттырып барады.

Ел мен жердің өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан ағамыздың жатқан жері жарық, топырағы торқа, нұры пейіштің төрінде шалқып, Тәңірім артындағы ұрпағына ол кісінің жасамаған жасын берсін, Құдайым көрмеген жақсылықтарын алдынан жарылқасын деймін.



ЖЕТІ АТАСЫН БІЛГЕН ҰЛ ЖЕТІ ЖҰРТТЫҢ ҚАМЫН ЖЕР




Шежіре – араб сөзі, қазақ тілінен аударғанда «ағаштың бұтағы» деген мағынаны білдіреді. Ол – тарих ғылымының қазақ халқының шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы.

Әр әулеттің тарихын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан Шежіресі барлық халықтарда кездеседі. Қазақта әрбір адам өзінің арғы тегін, кем дегенде жеті атасына дейін тарата білу керек. Шежіре тарату – әр әулеттің тарихын тарқату.


Жеті ата (он екі ата)



Бала, әке, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жекжат, жамағайын.




Диқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша, Үйсіннен – Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан – Жалайыр тарайды. Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал (тарақ

таңбалы) мен Жалайыр бірадам деп тұжырымдалады. Жалайырдың шын аты *Қабылан* екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Жалайыр атанған. Жалайыр Сырманақ, Шуманақ, Бірманақ болып үшке бөлінеді. *Шуманақтан* – *андас, мырза, қарашанан, орақты, ақбұйым, қалпе, сыпатай* аталары тарайды. *Сырманақтан* – *арықтыным-байшегір, балғалы, қайшылы, күшік* тарайды. *Бірманақтан* тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде Бірманақтың аты аталмай, Сиыршыны Сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата Жалайыр атанған.





БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ



Рахым НАРБАЕВ,
зейнеткер,
Балқаш ауданының Құрметті
азаматы

Қолымызда бар мүмкіндіктерді айқындау және пайдалану, сондай-ақ жаңа бәсекелестік артықшылықтар қалыптастыру арқылы Қазақстанды жаһандық экономикаға ойдағыдай кіріктіруге

бағытталған мемлекеттік саясатты ары қарай дамыту Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың міндеті деп ойлаймын.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы адамдардың бәсекелестік қабілетімен айқындалады» делінген.

Елбасы мақаласындағы айшықты ойлар мен игі бастамалар көпшіліктің ойынан шығып отырғаны сөзсіз. Білім беру стандарттарына бағытталған мемлекеттік саясатта: Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек деген еді. Мен зейнеткермін, немерелерімді сабаққа, қосымша сабақтарына апарып тұрамын.

Олардың жақсы білім алуларына назар аударып отырамын. VII ғасырда өмір сүрген мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі Әзірет Әліге: «Білім артық па, байлық артық па?» деген сұрақ қойғанда, білімнің артықшылығы жайлы он дәлелмен былайша жауап қайтарған екен.

1. Білім артық, өйткені, ол – Пайғамбарлардан қалған мирас, байлық – бақылдардан қалған мұра.

2. Білім артық, білімдінің жанында адал достар көп болады, ал бай адамның қасында амал достар көп болады.

3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, байлық дұшпаныңды арттырады.

4. Білім артық, оны қанша жұмсағанмен азаймайды. Байлықты жұмсай берсең, бір күні түгесіледі.

5. Білім артық, оны ұры-қарыдан сақтаудың қажеті жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.

6. Білімнің көп болса, ел саған қызығады, байлығың көп болса, ел сені қызғанады, білімнің артық болатыны сол.

7. Білім артық, білімнің көп болғанмен, есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.

8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп кетпейді, дүние-мал болса бүлінеді, сондықтан да білім артық.

9. Білім артық, ол кісілігің мен кішілігіңді арттырады. Байлық болса, сараңдық пен қомағайлығыңды арттырады.

10. Шынайы білімді адам орнымен сөйлейді, ізеттілігі де артады. Байлығы мол адам оған мастанып, мақтанады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық деген екен.

Білімді байлықпен емес, білімді еңбекпен ұштастыра білу әрбір азаматтың борышы деп санаймын. Сонымен қатар осы заманға әлеуметтік- экономикалық саясатты қалыптастырудағы, біз үшін ең бастысы:

- Отбасын қамсыздандыру
- Тұрғын үй иелену
- Денсаулықты нығайту
- Зейнетақыға жинақтаулар қалыптастыру.

Мен зейнеткер болсам да қарап отырған жоқпын, Ауданның Құрметті азаматымын, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесімін. Ауданда болып жатқан мәдени іс-шараларға, қоғамдық кеңестерге араласып, іс-тәжірибеммен бөлісіп отырамын. Ауданымыздың

әлеуметтік-экономикалық жағдайы күннен-күнге өсіп келеді. Туған жерге туың тік дегендей, мен де ауданымыздың әл-ауқатының өсуіне өз үлесімді қосып келемін.

«Батырбек» шаруа қожалығының иесімін. Жыл сайын ет өнімін өткізіп тұрамын.

Ауыл шаруашылық өнімділік деңгейін көтеру үшін, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидалары бекітілген болатын. «Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау» бюджеттік бағдарламасы аясында етті бағыттағы аналық ірі-қара мал басының сапалық құрамын жақсартумен айналысатын тауар өндірушілерге селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге субсидиялар төлеу қарастырылып, жыл сайын субсидия алып тұрамыз. Оның мал басының селекциялық сапасын арттыруға, жем-шөбін дайындауға үлкен үлесі бар.

Үйде де қарап отырмаймын, ауладағы жеміс ағаштарын күтімге аламын. Биыл жеміс ағашы 30 түпке жетсе, 50 түп раушан гүлдерін отырғыздым. Үй-іші, балаларым, келіндерім, немерелерім барлығы ауладағы жеміс ағаштарын, гүлдерді күтіп баптауда.

Үйде: Салауаттылық өмір салты

1. Ертеңгі жаттығу
2. Отбасы – менің қуанышым. Балаларды мектепке шығарып салу.

3. Саябаққа отбасымен, балалармен серуендеу.

4. Отан отбасынан басталады:

– Үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақ жайлылық, тату көршілік тәрізді құндылықтарды басты назарда ұстап отырамыз.

Менің кейінгі жастарға айтарым, болашақтың кілті – Отан отбасынан басталады. Отбасы – кіші мемлекет, отбасыңды құрметте, білім ал, еңбек ет, тіліңді, діліңді құрметте, еліңді сүй, Отаныңа қызмет ет демекпін.

2019 жыл, Баспасөз бетінде жарияланған

«БОЯУЛЫ» АУЫЛЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ ИЕ БОЛҒАН АЗАМАТТАР ТУРАЛЫ

*Бауырым, Нарбаев Рахымның рухына және
Бояулыдан шыққан азаматтардың рухына арнаймын*



**Балтағұл МОЛДАҚАСЫМҰЛЫ,
Балқаш ауданының және Алматы
облысының Құрметті азаматы**

«Бояулы» ауылы бір қарағанда, көзге қораш кішкентай ғана елді мекен, ал шын мәнінде бұл өмірде жүріп өткен жолын саралап, тарих соқпағына көз жүгіртсеңіз, ол ойыңыздан бірден қайтқан боласыз. Оған себеп, осыдан әрі қарай жалғастыратын ой-пікірлеріміз толығымен, сіздің осы уақытқа дейін қалыптасқан пікіріңізді өзгертетіне сеніміз мол.

Негізінде «Бояулы» ауылының бұрынғы құрылымы «Молотов» атындағы колхоз болатын. Сол кездегі өлшеммен алғанда, аудандағы іргелі шаруашылықтың бірі болды, жер көлемі Іле өзенінің бергі беті «Үш-Жармаға» дейін, арғы беті «Базарбике», «Қоқышбай», «Желторанғыға» дейін алып жатты. Колхоз мал және егін шаруашылығын Бояулы, Батырбек, Қаракөл, шабындықтарының қырынан шығыр шығарып, қол кетпенмен арықтар қазылып, оған су салып, суармалы жер арқылы бидай тары егіліп, мол астық өндіруге қол жеткізді. Мал азығы жоғарыда айтылып кеткен табиғи шабындықтардан дайындалды, оған қоса арғы беттегі Базарбике, Жаршыған атты шабындықтарды қосыңыз, сонда олардың молдығы соншалықты, оның қоры кейін колхоз совхозға айналған кезде де, мында-

ған дейін, мал шаруашылығын тұрақты түрде жемшөппен қамтамасыз етті.

Совет үкіметінің қаулысымен 1955-1956 жылдары, барлық елдегі сияқты колхоздарды ірілендіріп, совхоздарға айландырғанда, «Бақанас» қой совхозы құрылып, біздің елдімекен, осы шаруашылықтың №3 фермасы болып бекітілді. Сол кездер шамасында Совет мемлекетін басқарып отырған басшылар, «антипартийная группа» деген желеумен, Молотов атын «Бояулыға» ауыстырды. Міне, содан бері біздің аулымыз – «Бояулы».

Ал енді, осы кішкентай ауылдан түлеп шыққан кадрлерге келсек, тілге тиек қылып мақтанып, ауызды толтырып айтатын азаматтарымыз баршылық. Жекелеп айтатын болсақ, осы ферманы басқарған, менің жадымда қалған алдыңғы буындағы ағаларымыз - Сарбасов Орынбай, Нарбаев Байділдә, Қыйшыбаев, Әбдрахман, Тілеубаев Үйсіп, кейін осы әке-ағаларының бастап кеткен, ел басқарудағы ізгі істерін Нарбаев Рахым Байділдәұлы, Оразбаев Серікбай, Қожабеков Сауытхандар ерен еңбектерімен жалғастырады. Рахым Байділдәұлы бауырымыздың істеген еңбегіне риза болған совхоз басшылары, оны бұдан да үлкен шаруашылық, орталықтағы фермаға басшысы қылып жіберді.

Біздің ауылдан шыққан Қожабеков Кеңесхан ағамыз, ауданның қаржы бөлімін, Есімов Айтжан ағамыз мемлекеттік банкті 25-30 жылдай тұрақты түрде басқарса, совхоз директорлары болып Шымырбаев Қалтай, Смағұлов Нұрха, Молдақасымов Балтағұл (осы мақала авторы) қызмет атқарды.

Маған тағдыр жазып, одан ары Күрті ауданының ауылшаруашылық басқармасының бастығы, РАПО-ның төрағасы, аудандық совет атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін бір мезгілде алып жүруге тура келді. Соңынан Күрті аудандық Совет Атқару Комитетінің төрағасы болып

сайландым. Кейін Бақанас ет комбинаты, Ақдала акционерлік қоғамын басқардым.

Совет үкіметі 1991 жылы келмеске кетіп, барлық одақтық Республикалар жеке дербестігін алған кезде, ауданымызға бірінші әкім, ініміз Досымбеков Тынышбай келді. Аудан әкімдігінің алғашқы басшылар құрамын бекіткен кезде, бөлім басшыларының ішінде, шаруашылық басқарғанда көптеген сыннан өткен, Рахым Байділдәұлын бірден жауапты бөлім басқаруға бекітті. Осынның өзі Рахым бауырымыздың аудан экономикасы мен әлеуметтік жағдайының өсуіне қосқан үлестерін ескеріп барып, қабылданған шешім деп, есептеуге әбден болады. Осы қызметте бауырымыз зейнеткерлікке шыққанша отырды, яғни азаматты тапсырылған жұмыста үлкен жауапкершілік танытып, іскер ұйымдастырушы, басшы ретінде танығаны деп, түсінеміз.

Бұдан әрі ауылымыздан шыққан мамандар қатарын толтырар болсақ, Айдарбеков Есенгелді бауырымызды айтуға болады. Ол да Рахым сияқты зейнеткерлікке шыққанша, аудан әкімінің орынбасары қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарды. Әр азаматтың, аудан облыс алдындағы еңбегі ескеріліп, мемлекет марапаттарымен қатар, Құрметті атақтар беріліп жатады. Оған келсек, мына азаматтарға Балқаш ауданының Құрметті азаматы деген атақтар берілді. Есімов Айтжан, Қожабеков Кеңесхан, Айдарбеков Есенгелді, Нарбаев Рахым, Оразбаев Серікбайлар осындай құрметке ие болды, оның сыртында мемлекеттік медальдармен марапатталды. Мен болсам, Балқаш ауданының және Алматы облысының Құрметті азаматымын, ҚР Құрмет орденінің және мемлекеттік медальдердің иегерімін.

Міне қысқаша Бояулы ауылының тарихы және одан шыққан азаматтарға, шамам келгенше тоқталып өткен болдым. Енді бауырым Байділдәұлы Рахымға жеке тоқталсам, оның жоғары жауапкершілікте қандай

қызметте болмасын өз өзін көрсете білген маман, басшы ретінде жоғары деректерде көрсетіп өттім. Одан білгеніміз, Рахым алдына қойған мақсатына жету үшін барлық білімін, тәжірибесін, сол меженің биігінен шығуға, аянбай еңбек ететіне көзімізді жеткізді. Оның отбасында да қамқоршы әке, адал жар, немерелерінің сүйікті атасы бола білгенін жақсы білеміз. Ағайын, жора-жолдастарының арасында адал, шыншыл, өтірікке бой алдырмаған. Басқаға қамқоршы, мейірімді, ақкөңіл жан ретінде есімізде мәңгі сақталатын болады. Рахыммен туыстық жағына келсем, ауылда әкем жағынан ең жақын өзіме тете інім болды. Оның ең үлкен қасиеттерінің бірі- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету! Бұл адам баласындағы өте бағаланатын адами қасиет, оны өз басым толық куәландыра аламын. Әрине, бізге ең өкініштісі де, қайғылысы да- азаматымыздың ортамызда жоқтығы! Бұл орны толмас қайғы - қасірет! Әттең, біздің қолымыздан келер шара жоқ, сондықтан да артта қалған отбасына, аяулы жарына, бала-шағаларына, немерелеріне қайғырып көңіл айтып, Аллах бауырымыздың алдынан жарылқап, арттағы ұрпақтарына амандық-саулық беруін сұраймыз.



АСЫЛ ЖАНДАРҒА АҚ ТІЛЕК!

Демеуқұлов Жеңіс Жұмағалиұлы

Армысың, Бояулымның жігіттері,
Жасынан еті тірі, болған ірі.
Сендерді құттықтаған өлеңменен,
Мен бір жан – ел ішінде «Көптің бірі».

Әуелі төл құрдасым – Есенгелдім,
Ала бер ақ батасын туған елдің!
Сен ауырып қалғанда, қолым жайып,
«Аман қыл» – деп, Құдайдан мың тіледім!

Екінші төл құрдасым – Рахымым,
Төге берсін ұлы Алла Рахымын!
Бала-шаға, ұрпағын өсіп-өніп,
Аман болсын, Адал жар – Ең жақының!

Келесі төл құрдасым – Сағымбайым,
Өз басыңнан көп ойлап елдің жайын.
Құрметтеуші ең «Баракати» ақыным, – деп,
Қалайша өткен күндер сағынбайын?

Айналайын, Өз інім – Серікбайым,
Шаттықта күнің шығып, тусын Айың!
Биылғы жыл Сендерге нұрын төкті,
Бәріңді жарылқасын бір Құдайым!

“Жауынмен жер, батамен ер көгерер”,
Өздеріңдей жандармен өркендеп, өседі Ел!
Үлгі-өнеге көрсетіңдер Балқашыма,
Азаматтық құтты боп, төртеуің де 100-ге кел!

04.10.2013 жыл

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АЗАМАТ



Т.ДОСЫМБЕКОВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы.

Алатаудан Оралға дейін,
Алтайдан Атырауға дейін
үшса құс қанаты талатын сайын
дала Қазақстан территориясында
ірілі-ұсақты жүзден астам өзен
болса, соның ішіндегі көлемі мен

суының молдығы жағынан бірінші бестік қатарында Іле өзені. Тоғызыншы ғасыр ортасында Жетісу өлкесін Жете деп атаған, осы аймақта Моғол мемлекеті болғанын оның құрамында Үйсін, Жалайыр, Қаңлы рулары мекендегенін жазба деректерден оқып біліп жүрміз. Жетісу өзендері туралы жазылған дастанға көңіл аударсақ;

Жетісудың бірі – Іле, басы – Текес
Байынқол, Нарынқол, Шелек Түрген.
Күрті, Талғар, Қаскелең ол да еншілес,
Екіншісі, Қаратал, басы Шажә,
Шажәдан Көксу аққан сарқырама,
Текелі, Тентек, Быжы тағы да бар.
Оларда қосылады Қараталға.
Үшіншісі, Ақсу қатар Ешкіөлмеспен
Ағады күн жауса, астаң-кестең,
Сайысып өңірінде Біржан – Сара
Ешкіөлместе айтысып кескілескен.
Жоңғардан Лепсі ағады асып асу,
Жаңбыр жауса, нөсерлі суы тасу
Аягөз – бір шетінде бесінші өзен,
Мекені Қозы – Көрпеш Баянсұлу.
Алтыншы, жетінші өзен – Талас пен Шу,
Жиналып құс төресі сыңсып Аққу.

Ойысын солтүстіктен оңтүстікке
Нәр берген сор дала құмды шөлге,
Осылай Жетісу деп аталғанда,
Дулат, Ботпай, Құдайқұл аталарын,
Жетісудың тарихын баяндаушы
Тұрлыбайдың Әшімі атанамын, –

дей келе, дастан ары қарай жалғаса береді, бұдан біз Жетісу өлкесінің бір тұтас мемлекет территориясына жатқанына толық көз жеткіземіз. Қай жағынан санасаңыз да, Талдықорған қаласы төртінші өзен бойына орналасқан, сондықтан Талдықорғанды Жетісу орталығы деп атайды.

Іле өзенің ұзындығы 1439 км оның 56,6% Қазақстан мемлекеті территориясы арқылы өтіп, Балқаш (Көкше теңіз) көлінің жетпіс пайыз суын қамтамасыз ететін Жетісудың бас өзені.

Шөл даладан басталып, Алатау асқарына дейін алып жатқан, сулы, нулы, жері құнарлы, түгін тартсаң майы шығатын ырысты өңір, Алла тағаланың осы аймақты мекендеп келе жатқан пендесіне тартқан сыйы – ол жер жаннаты Жетісу өлкесі.

Малайсары, Құланбасы, Құмбасы жоталарынан бастау алып, Іле өзенінің солтүстік жағалауымен Балқаш көліне дейінгі аймақты алып жатқан, Алматы облысының он алты пайыз жер көлемін еншілеген Балқаш ауданы.

Иә, киелі өлке, құт мекен, әр адам басына шаққанда, бір гектар суармалы жерден келетін, төрт түлік малға толы, табиғи байлығы мол, Іле – Балқаш атырабында балығы шоршыған, аң құсы жыртылып айырылатын, мыңдаған көлдерден құралатын 400-ден астам биоәртүрлілік мекен ететін, көптеген өсімдігі мен жануарлары қызыл кітапқа тіркелген бай өлке, Орта Азия табиғатының інжу-маржаны, табиғаттың жауһары болып саналады.

Ел басқарған көсемдер мен қызыл тілді шешендер, қол бастаған батырлар, Жетісуға аты мәлім халқының

қамын жеген болыстар, Тәшкен базарына жылына мыңдаған өгіздер мен отар-отар қой айдап сауда саттықпен айналысқан сол кездің бай саудагерлері, халықты астықпен қамтамасыз ету үшін Іле өзенінен сағасын Тұзды көлден, Үшжармадан алып тоған тартып, Іледен су шығарып, егін егіп, астықпен қамтамасыз еткен еңбекқор ата- бабаларымыз қаншама. Балқаш елінің абыройын асқақтатқан дәрі қалта емші, жезтаңдай, күміс көмей әнші, үш жүздің басы қосылған дүрмекті астарда аттары бәйгеден келген атбегілер мен құсбегілер, күрескенін жеңген, жауырыны жерге тимеген, аты аңызға айналған балуандар – осы өңір перзентері.

Кеңес үкіметі кезінде 15 кеңшар, оның бесеуі күріш өсірумен айналысып, Балқаш өңірін күрішті-ырысты Ақдала алқабына айналдырып, мемлекет қамбасын астыққа толтырса, бір кеңшар асыл тұқымды Дегерес қойын өсірумен айналысты, қалғандары ірі қара малын көбейтіп, отанымызды сапалы ірі қара етімен қамтамасыз етті. Қара түлкі өсіретін шаруашылық, бірнеше балық, ондатра аулаумен айналысатын құрылымдар, көптеген аудандық мекемелер ел мүддесіне елеулі еңбекпен өз үлестерін қосты. Сүт өңдейтін, күріш өңдейтін, мал соятын өңдеу мекемелері ашылып, аудан экономикасын еселей түсті.

Кеңес одағының батырлары Бақтыораз Бейсекбаев, Мұсабек Сеңгірбаевтар жаудан елін қорғап, елінің абыройын асқақтатып, Кеңес Одағына аты шықса, еңбек майталмандары Социалистік Еңбек Ері, әр түрлі дәрежедегі орден, медальдардың иегерлері Балқаш ауданын ата-жұртым деп есептейтін, Республика тұтқасын ұстаған мемлекет қайраткерлері, одан басқа әр сала министрлері, мекеме басшылары, білім, өнер, мәдениет, спорт салаларын дамытуда қажырлы еңбек сіңірген қайраткерлер, «Алтын скаल्पель» иегері атанған, медицина саласына еңбегі сіңген дәрігер де осы өңір перзенттері.

«Аруақты жерден ат үркеді» дейді данышпан халқымыз. Бүгінде Қазақ халқының мәдениетін, салт-сана, дәстүрін, өнерін, тілі, діні, ділін іздесеңіз, осы аймақтан табасыз, өйткені ұлттық болмысын сақтаған, оны көзінің қарашығындай қорғаған, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» қағидасын берік ұстанған, ата дәстүрге дақ түсірмеген еңбекқор халық өніп, өсіп келеді. Балқаш ауданының қақпасы Малайсары жотасынан басталып, Бура ауылымен шектесетін 141 мың гектар территорияны алып жатқан үш бөлімшеден тұратын, Құланбасыда №1 ферма, кеңшар орталығы Қарағашта №2 ферма, Бояулыда №3 фермасы орналасқан, “Бақанас” асыл тұқымды қой совхозы 1957 жылы құрылды. Кеңшар өзінің тарағанға дейінгі уақытында қаншама еңбекқор, талантты, ұйымдастырушы қабілеті мол, жұмысына адал, білікті басшыларды тәрбиелеп ұшырды. Балқаш ауданының 70% басқарушы мамандары осы шаруашылықта қызмет істеп, шынығып басқа аудан, облыс мекемелеріне басшы болып ауысып, абыройлы еңбек етті. Тегіннен-тегін «Бақанас» кеңшары – мамандар ұстаханасы деп аталмаса керек. Бір ғана Бояулы аулынан аудан орталығындағы басты мекеме басшыларының көптеп шығуы соның дәлелі болса керек.

Сәл артқа шегінсек: Балқаш ауданының экономикасының өркендеуіне, елдің әл-ауқатының жақсаруына Бояулы ауылының азаматтары да қажырлы, табысты еңбек етіп, өз үлесін қосты. Кеңшар құрылғанға дейін осы елді мекен 1933 жылы көктемде «Ақтөбе» колхозы болып құрылды, одан кейін атын «Мирзоян» деп өзгерткен, ал 1938 жылдан бастап, «Молотов» колхозы деп аталды. Колхоз басшылары болып Қабидолла, Төлегенов Қожалық, Жетібаев Нүсіп, Темірбаев Ырғай, Сабырбаев Молдақасым аталарымыз табысты қызмет атқарып, ел алғысына ие болса, қой шаруашылығында Нарбаев Байділда – ферма менгерушісі, колхоз цехтық

партия ұйымының хатшысы, Тілеубаев Юсуп, басқа да көптеген азаматтар еңбек көрігін қыздырып, аянбай тер төкті, 1956 жылы колхоз миллионер атанды.

Кеңшар бөлімшесі болғаннан бастап, көп жылдар ферма меңгерушісі болып Нарбаев Байділда басшылық жасады.

Байділда аға осы Бояулы елді мекенінде 1907 жылы дүниеге келген. Октябрь революциясы, колхоздастыру, 1930-1933 жылдардағы ашаршалық, 1937 жылғы «Халық жауы» деп аталған репрессияны бастан кешті. Коммунистік партия қатарына қабылданып, партия мектебінің қазанында қайнап, шыңдалып, партия сарбазына айналды. «Ер етікпен су кешкен, ат ауыздықпен су ішкен» ел басына күн туған шақта Отан қорғауға аттанды, көптеген шешуші шайқастарға қатысты. Қаһарман қала Сталинградты қорғаудағы ерлігі еленіп, орден, медальдар иегері болды. Соғыс құдайы – артиллерия взводының командирі болып, жеңіс туын желбіретіп елге оралды. Бейбіт еңбекке араласты.

Құдай қосқан қосағы Боранбике апамыз соғыс кезінде ел ішінде қажырлы еңбек етіп «Бәрі де Отан үшін, Бәрі де майдан үшін!» деген девизбен майдан жауынгерлерін тамақпен, жылы киіммен қамтамасыз етуге атсалысты. Аудандағы үлгілі отбасы атанды, дүниеге алтын асықтай он бала әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, тамыры тереңге жайылған мәуелі баққа айналды.

Байділда ағамыз көргені мен түйгені көп, сабырлы, салмақты, әр сөзін ойланып сөйлейтін, әділін айтатын ел сыйлаған азамат, өз ісінің шебері болды. Аудандық партия комитеті қандай тапсырма берсе де тиянақты орындай алатын, шыншыл адам еді. Ол кісі басқарған жылдары ферма көрсеткіші ауданда алдыңғы қатарда болды. Төккен тер, атқарған еңбектің арқасында ел арасында, коллективте үлкен беделге ие болды. Көкірегі ояу, көзі қарақты ағамыз өзінің көргені мен түйгенінің

арқасында арғы тарих, кімнің қай атадан тарайтынын, шежірені орын-орынымен жатқа айтатын. Әңгіме айтқанда жан-жағындағы адамды баурап алатын, тыңдаушы жалықпай тағы да айта берсе екен деп отыратын. Бертін келе ақсақалды қария, абыз ата атанып дүниеден өтті.

Ендігі әңгімеміздің арқауы осындай өнегелі, ынтымақты отбасының ұланы Нарбаев Рахым Байділдаұлы туралы болмақ.

Байділда ұлы Рахым 1947 жылы Бояулы ауылында дүниеге келіп, Кеңес әскері қатарындағы әскери борышын өтегеннен кейін, малдәрігері мамандығы бойынша оқуын бітіріп, 1969-1972 жылдары Балқаш ауданы Қарағаш елді мекенінде, Миялы ауылдық кеңесінің мал дәрігерлік учаскок меңгерушісі болып қызмет атқарды. Абыройсыз болған жоқ, осы аз уақыттың ішінде, артынан жақсы сөз ере бастады. «Жас келсе іске» демекші, өзінің бойына жинақтаған білімін, іс тәжірибесін де пайдалана отырып, өз мамандағының білгірі атанды. «Жалғыз ағаш орман емес» демекші, жаңадан КазПИ-дің филология факультетін бітіріп келген, осы ауылдағы сыйлы шаңырақ, текті әулеттің қызы Әділханқызы Балқия әкпемізбен шаңырақ көтеріп, Әділхановтар әулеті мен Нарбаевтар әулеті құдай қосқан құда болды, сыйласымдары жарасты.

Рахаң 1972-1983 жылдар аралығында Бақанас асыл тұқымды қой совхозының №3 фермасы Бояулыда малдәрігері болып қызмет атқарды. 1983 жылы кеңшар басшылығы, аудандық партия комитеті үлкен сенім білдіріп, көп жылдық еңбегін бағалай келе ферма меңгерушісіне тағайындады. Ферма басқарған кезде, ферма көрсеткіштері кеңшар, бөлімшелерінің алдыңғы қатарында болды. Жылма жыл барлық алдыға қойылған меже артығымен орындалып отырды.

«Бояулы» ауылы ынтымағы жарасқан, ауызбірлікті, ата дәстүрді сақтаған, жастары үлкеннің алдынан қия

өтпейтін, қариялары дуалы ауыз, ауданға аты әйгілі, елеулі қара шаңырақтың бірі еді. Ауылдан 500 метр жерде сылаң қағып, шөл далаға нәр берген, тоғайы сыңсыған, атырабында жайқалған Бояулы, Белгі, Батырбек, Қаракөл сияқты бірнеше мыңдаған гектар шабындағы бар, жанға сая, малға пана болған Ұлы Іле өзені ағып жатыр.

Рахаң атжалын тартып атқа мінгелі, бірге өскен замандастары, жолдастары, үзеңгілес азаматтар, Оразбаев Серікбай, Қожабеков Сауытхан, Айдарбеков Есенгелді, Доспанбетов Маханбай тағы басқа бірге өсіп, біте қайнасқан достарымен қатар жүріп, барлығы бір кісідей бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етіп, шаруашылықтың абыройын асқақтатты.

Фермада 10 мың басқа арналған ірі қара бордақылау алаңы салынды, жылына 7000 бас ірі қара малы бордақылынып, мемлекетке сапалы, жоғарғы сортты ет өкізуге мүмкіндік туып, аудан экономикасына қомақты үлес қосты, сол ынтымақтың арқасында «Жігіт болсаңдар Бояулының жігіттеріндей болыңдар!» деген жақсы сөз ілесті. Бояулы ауылы үлкейіп, өсіп-өркендеді, біздің Рахаң да іс тәжірибесі артып, шыңдалып биікке көтерілді.

«Тұлпардың ізін тай басады» дегендей, еңбекте ысылып, алдыңғы буыннан алған өнегесімен комсомол, партия саласында нәтижелі қызмет атқарды. Осы жинақталған іс тәжірибені негізге ала аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімін 15 жыл басқарды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін жасқа келіп, абыроймен зейнеткерлікке шықты.

«Ауданның Құрметті азаматы» атағын алды.

Балқия әкпемізбен тату-тәтті өмір сүрді, ұлағатты ұл, тәрбиелі қыз өсірді. Мерейлі отбасына айналды. Атам қазақ «Еркек – елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендей, Рахаң шаруаның иесі болса, Балқия әкпем үйдің киесіне айналды. Ауданда басшы ауысса, бірінші осы Рахаңның

шаңырағынан дәм тататын немесе от басы көшіп келгенше осы үйде тұратын. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деп бекер айтылмаған шығар. Балқия әкпеміз – Рахаңның берік тылы, шаңырағының берекесі, сүйеніші, тірегі бола жүріп, жұмыс саласында да көптеген жетістікке жете білді.

Ұстаз болу – кім көрінгеннің қолынын келе бермейтін мамандық. Білімді мұғалім мектепте ұрпақтың бойына білім сіңіріп, адамгершілікті, ұлтжандылықты, ұлттық болмысты қалыптастырмаса, келешек ұрпақ мәнді болмайды. Ұстаз келер шақты кем дегенде жиырма жыл алдағы өмірді болжайды, соған сай ұрпақ тәрбиелейді, келешек ұрпақтың саналы да, ақылды да білімді де болуына атсалысады. Ұстаз – түсінгенге киелі ұғым.

Осындай нәтижелі қырық жыл атқарған жұмыстың арқасында Балқия Әділханова Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақ ССР Оқу министрлігі қызметкерлері кәсіподағы Республикалық комитетінің Құрмет грамотасымен марапаталған.

Рахым бауырымыз, қай жерде, қандай қызмет атқарса да, кімдермен бірге жұмыс жасаса да, елге сыйлы, сабырлы, ақылды, өз мамандығының шебері, жұмысты ұйымдастыру қабылеті жоғары, бірге істеген ұжымның, жұмысшылардың жүрегінен орын таба білген азамат. Жұмысқа талапшыл, әділ, қажет болған жағдайда әркімді өз орнына қоя алатын мінезі де бар болатын. Көп жылдар қызметтес болдық. Рахаңның бойындағы тамаша адами қасеттерінің бірі – қандай қызмет атқарса да таза істейтін, пендешілікке салынбайтын адал адам, майда-шүйде дегенді білмейтін, не істесе де тиянақты істеуші еді.

Ағайын-туыс, құда-жекжат арасында сыйлы, қоғамда ерекше орны бар, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере сүйген, немере тәрбиесіне ерекше

мән беретін. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші, өмір көші жылжып, жетпіс төртке қараған жасында аяулы азамат, әулеттің тірегі Рахаң да өмірден озды. Ер азамат зейнеткерлікке шығып, көп жылғы бейнеттің зейнетін көріп, үлкенге сүйеніш, кішіге ақыл айтатын, немере, шөбере тәрбиелеп, ағайын-туыс, құда-жекжатпен араласып, өмірдің келесі бір баспалдағын аттап, қызығын көретін уақыт емес пе, Алланың өміріне амал нешік, бір кем дүние?! Өмір – бір қуаныш, бір өкініштен тұратынына күмән жоқ. Артында Рахаңмен қоштасып, қайғырып, бата, дұға оқын еске алатын елі-жұрты, ағайын туысы, құда, жекжат-жұраттары, дос-жарандары, адал жары, жан жолдасы қалды. Халық аузында « Артыңда ұлың қалса – өзін, қызың қалса –ізің» деген сөз бар. Рахым бауырымыздың артында ұлы да, қызы да, немерелері де бар. Тамыры терең, құшағын кең жайған әулет қалды. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,

Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.

Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,


Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын, –

деп, Алатаудың ақиық ақыны Мұқағали жырлағандай, Рахаңның жарқын бейнесі жүректе мәңгі сақталады, уақыт өткен сайын Рахаң туралы жақсы сөз ілесетініне сенімдіміз. «Тау алыстаған сайын биіктей береді» деп тегін айтылмаса керек.

Алматы қаласы. 28.12.2021 жыл.



МӘНГІГЕ САҚТАЛАДЫ АСЫЛ БЕЙНЕҢ



Серікбай ОРАЗБАЕВ,
*Балқаш ауданының Құрметті
азаматы*

Біз – «Дос», «Достық» деген сөзді жанымызға жалау етіп, жүрегімізде сақтап өскен Азаматтармыз. Бірлігі мен берекесі жарасқан Бояулының жерінде дүниеге келіп, шыбықты ат қылып, апалардың галошын машина етіп, доп теуіп, асық ойнап, бал дәурен балалық шағымызды өткізгенбіз. Жасыл желек жамылған жазда ауыл «Дөңгелек сазға» көшіп, ақ киіз үйлерін тігіп, төлдерін өсіріп, кішігірім тойларын өткізіп, Іленің жағасында балалар суға шомылып, жеміс-жидек теретін. Сол кезде Іле станциясынан катердің келуін үлкен-кіші түгел күтетін. Сол катермен келетін дүкеннен азық-түлік, киім-кешек алып, үлкендері де, бала-шаға да мәз-мәйрам болып қалушы еді. Күзде ауыл «қыстауға» көшіп келіп, үйлерін әктеп, аулаларын тазалап, қысқа дайындала бастайтын. Біз, балалар қыста «Шұңқырқыстауда» ойынның көрігін қыздырып, жотадан сырғанап, «Шарик таяқ» ойнап, қар лақтырысып, қарға аунап-құлаушы едік.

Біз еңбекке ерте араластық, 12-13 жасымызда ферманың қара жұмысына араласып, шөп дайындауға баратынбыз. Сол еңбек жастай қабырғамызды қатайтып, шынықтырып, ерте есейтті. Соның арқасында бәріміз де қай салада еңбек етсек те еңбекқор, тындырымды, елімізге елеулі азаматтар болдық.

Үйленіп отау құрған соң, достығымыз нығая түсті. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» демекші, бізге Сабыр мен Орынбасар қосылды. Сабыр қалжыңы

мол, бірде түйреп, бірде күлдіріп аузы бір тынбайтын. Қазір басымыз қосылып, достарымызды еске алғанда «Сабыр айтып еді» деген сөз айтылмай қалмайды. Оннан астам жанұя болсақ та, шын санымызды айтпай «он папа, он мама» деген атпен балаларымыздың қуанышын тойлаушы едік. Сол кезде үлкен бөлмеге әзер сыйып, арқа-жарқа боп қалжыңдасып, Пермебектің домбырасына қосылып, Тірібосын мен Маханбай бастап әндер айтып, бір ұмытылмастай отырыстар өткізуші едік.

«Елуге келген жасымда,
Дос-жарандар қасымда!
Мұндай жайлар боп жатсын,
Әрқайсыңның басыңда!
Сендердей жанды ұғар кім?
Сендерсіз қалай шығар күн?!
Қалжыңдап қалғын мұндайда,

Неге де болса шыдармын, – деп Пермебек айтқандай, күй кешуші едік. Тағдырға шара бар ма, сол достарымыздың біразы, Алладан әмір келіп, келместің кемесіне мініп кете барды. Дүниеде бәрінен қиыны достардан айырылған екен. Сиреп қалғанымыз отырыстарда байқалады.

Достарымыз Есенгелді, Пермебек, Тірібосын, Маханбай, Кәдір, Әлімхан, Сабыр, Орынбасар, Ербайдың жолдасы Жансая, Сабырдың жолдасы Орынбасар, Орынбасардың жолдасы Қамандарды қалай ғана ұмытамыз?! Бәрінің балалары аман болып, немерелерінің үлкен азамат болуын тілеймін.

Жан досым Рекеңнің өмірден өткеніне бір жылдың жүзі болып та қалды. Екеуіміздің өміріміз егіз еді. Тай-құлындай тебісіп, балалық шағымыз Бояулының топырағында өтті. Бояулы бастауыш мектебінің 1-класына бірге барып, 5-класта Бақанас орта мектебіне келдік. Ол кезде Бақанас – кішкене ауыл, көп таныс-туыс жоқ. Екеуіміз интернатта бір бөлмеде жаттық. Сенбі кү-

ні сабақтан шығысымен бірге оқитын Рахым, Маханбай, Сауытхан, Нұршай бәріміз ішкі жолмен жаяулап ауылға гартатынбыз. Сонда сол кезде мектепте үйреткен:

«Біз бесеуміз, бесеуміз,
Бес тармақты жұлдызбыз.
Біз бесеуміз, бесеуміз

Ынтымақты ұл-қызбыз» – деп өлеңді бізге арнап шығарғандай әндетуші едік. 8-класты бітірген соң Талдықорғандағы зооветтехникумға оқуға түсіп, ол ветврач, мен зоотехник мамандығын алып шықтық. Талдықорғанда студенттік өмірдің қара нанын бөліп жеп, бір бөлмеде жаттық. Орыс тілін білмейтін бізге оқу қиын болды. Мамандық бойынша пәндер орысша болды. Намысқа тырысып күндіз-түні бірде оқып, бірде жаттап курстастарымыздан қалмауға тырыстық (көбі орыс). Соның арқасында әрқайсымыз өз мамандығымыздың қыр-сырын толық меңгердік, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, спортқа да уақыт табушы едік.

Ол жылдары жол қатынасы өте қиын еді. Талдықорғаннан шыққан күні Іле станциясына (Қапшағай теңізінің астында қалды) келіп қонамыз. Себебі біз келгенше попутный машиналар ауылға қарай өтіп кететін. Қонатын жеріміз «дом заезжих», өзі 2-ақ бөлме. Бізге төсек тимейді, матрац береді, соны төсек етіп бір бұрышқа ұйықтап шығамыз. Ертесіне попутный машинаны іздеп (ол кезде біз жақтан сексеуіл тасиды), кездессе қуана-қуана бортына мініп, жолсызбен ұрылып-соғылып Бақанасқа келеміз.

Әркімнің туған жері – өзіне Мысыр шаһары демекші, Бояулыға асығамыз. Дос, туыспен қауышып, Ілеге суға түсіп, балық аулап, Батырбекке, Дөңгелек сазға аунап-қунап, аң-құс қуып, үй шаруасына көмектесіп, отын-шөбін түсіріп беріп қайтатынбыз.

Оқуды бітіргеннен кейін екеуміз Бояулыда (Бақанас совхозының №3 фермасы) 20 жылдай бірге қызмет атқардық. Мал шаруашылығының бітпейтін қиын шаруасы басымыздан өтті.

Фермада автокөлік дегеннен жалғыз ГАЗ-52 көлігі бар. Оны Рекеңнің ағасы Манат аға марқұм жүргізеді. Рекең екеуіміз осы газиктің бортында қысы-жазы малды ауылды аралаймыз, мал емдейміз, малшыларды көшіреміз. Машинаның кабинасы ферма меңгерушісінен, не болмаса малшылардың әйелінен, бала-шағасынан артылмайтын. Ол кезде ауа-райы өте қатал болатын. Қар қалың, қыста 35 градус суық, жазда 40 градус ыстық. Сондай ауа райында шаршамай, шалдықпай, сол еңбектің рахатын көреміз деп қызмет еттік.

1990 жылдардан кейін екеуіміз де Бақанасқа келіп, ол аудандық әкімдікте бөлім басшысы болып, мен аудандық мәслихатта тексеру комиссиясының төрағасы болып, зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқардық. Рекең осы уақыттар аралығында өзінің жұмысқа, қызметке деген жауапкершілігін аса жоғары деңгейде көрсете білді. Қызметтес жігіттер арасында өте қарапайым және мәдениеттілігімен көзге түсті. Облыс, аудан басшылары тарапынан алған мақтау, марапаттары баршылық.

Екеуімізді ауылдағы адамдар егіз сияқты жалғыздан жүріп қалсақ, «досың қайда?» деп сұраушы еді. Уақыт – емші, тағдырға шара бар ма, қазір ешкім де сұрамайды.

Сол кезде бауырым Есенгелді аудан әкімінің орынбасары болған еді. Үшеуіміз тұрып қалсақ, көргендер «Әй, бояулылықтар, бірігіп қалыпсыңдар, нені бүлдірейін деп тұрсыңдар?» – деп, қалжыңдаушы еді.

Екеуіміз осыншама жыл бірге қызметтес болып жүріп, бірде-бір рет түс шайыспаған екенбіз.


Жұбайы Балқия екеуі тұрмыс құрған кезде Миялыға күйеу жолдас болып барып, алып келіп едік. Екеуі бақытты отбасы бола білді. Бақанасқа келген соң да екі үйіміз көрші болдық. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де анау-мынау шаруаларды ақылдасып жүруші едік.

Рекеңді Алматыға ауруханаға апарған соң хабарласып отырдық. Жақсы болды, сорпа ішті деген соң жақсылыққа

жорып, жұбайым Гаухар екеуміз Сарыағаш шипажайына кеттік. Поездан түсіп, жаңадан орналасқанмызда суық хабар жетті. Қандай қиын. Ашылмаған чемоданымызды көтеріп, қайта жолға шықтық. Екеуміз Сарыағаштан Бақанасқа 15 сағатта жеттік. Қабырғасы қайысқан жанұясымен, достарымызбен Рекеңді ақтық сапарға шығарып салдық.

Достардың жатқан жерлері жайлы, имандары жолдас болып, алды пейіш, арты кеніш болуын Алладан тілеп, ниет еттім.

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ



Марат ҚАШҚЫНБАЕВ

Дәл түс мезгілі. Шілденің Даптабы айналаны күйдіріп тұрған кез. Ескі «Жигулимен» келіп, аудан әкімдігі ғимаратының алдына келіп тоқтадым. Орта бойлыдан сәл биік, толықша келген жігіт ағасы әкімдік есігінің алдында ақ көйлегінің жағасын ағытып, желпініп тұр екен.

– Аудан әкімі өзінде ме? – деген сұрағыма:
– Иә. Кабинетінде отыр. Кіре беріңіз, – деп, жылы жауап қайтарды.

Тойған қозыдай томпиған жанның бойында асқан сабырлылық пен парасаттылық байқалады. Кейін білдім, аудан әкімдігі жалпы бөлімінің меңгерушісі Нарбаев Рахым Байділдәулы екен.

Алғаш, қызмет бабында кездесіп жүрдік. Құжаттарды тіркеуге кіргенде, сабырмен қабылдап, құжаттарды тексеріп, қарап болғаннан кейін, өзіне тиесілі қағаздарды столдың сол жағына қойып, бірден

қағазға тіркемей, әлгі құжат тіркелетін күн мен нөмірін арнайы жасалынған кішкене қағазға жазып, қолыңа ұстатады және жаңылыспайды. Аса көп сөйлемейтінін байқап, кісі таңдайды ма екен деп ойлаған едім. Ол пікірімнің алғашқы бірге шыққан жол сапарда-ақ тас-талқаны шықты.

– Жақында ауа райы бұзылады. Жаңбыр жаууы мүмкін. Биыл астықты жыл болады, – деді. Балқаш ауданы туралы, бұрынғы өткен ел ағалары жайлы нақты деректер келтіріп, көптеген қызықты әңгімелер айтты. Бірге жүрген қатар-құрбылары, олардың істеген қызықты істері, ерекшеліктері туралы жарқын әңгімеледі. Талдықорғанға жеткенше уақыттың қалай өтіп кеткенін байқаған да жоқпыз.

Балқаш ауданы атынан киіз үй тігіп, қымыз, саумал сатуды ұйымдастыру Рақаңның мойнында болатын. Ол бірден киіз үйді көтеріп жатқан мемлекеттік қызметкерлеріне барып, қал-жағдайларын сұрады.

– Қарындарың ашып қалған жоқ па? Жатын орынды Бекберген ағаларың өзім реттеймін деген еді, қайда орналастыңдар? Бекең өзі көрінбейді ғой. Мен келгенше боламын деген еді, – деді

Бекберген Елубаев та осы маңда екен.

– Осы күнге дейін жігіттерді архитектор Қалымбек тамақтандырды. Талдықорғанда да оның жора-жолдастары көп екен. Құрылыс компанияларының басшыларын танығаны өте жақсы болды. Керекті, жетпеген заттарды да солардан тауып әкеліп жатыр, – дейді аңқылдап.

Жігіттердің қабақтары ашық. Реті келгенде бірін-бірі қағытып, әзілдесіп қояды.

– Үлкен, қолдан арнайы жасалынған екі киіз үй де тігіліп, болып қалыпты. Ішіне жабдықтары да қойылып жатыр екен.

– Ауызбірлік деген қандай жақсы?! Екі-үш күн үйлеріне қонбаса да жігіттер көңілді. Олардың әппақ

пейілдері мен дархан көңілдеріне қарап, іштей біз де марқайып қалдық.

Киіз үйлердің алдына елдің рухын көтеретін, жақсы көңіл күй сыйлайтын лозунгілер мен суреттер, басқа да безендіру заттары ілінгеннен кейін, Балқаш ауданына бөлінген шағын аула тіпті жайнап кетті.

Осы сапардан кейін Рахаң екеуіміз бірін-бірі көптен білетін сырлас адамдардай болып кеттік.

Бірде, сөз арасында аудандық мәслихаттың хатшысы Марат Қамаубаевқа:

– Апырай, ә! Ана бір жолы Рахым: «Енді аптап ыстық болмайды. Жауын шашынды болады» деген еді. Шынында да биыл жаз бір түрлі болып тұр ғой, – деген едім:

– Е... ол айтса, тура айтады, – деп, өзі де қоңырау шалып;

– Оу, әулие! Биыл қыс қалай болады? Малдарымды бір жерге жинап жатыр едім. Жерсінеді ме, жерсінбейді ме деп алаңдап жүрмін деп, екеуі ұзақ сөйлесті. Сонан соң маған:

– Шынында, Рахымның ауа-райына жасаған болжамдары көбінесе дәл келеді. Сонан кейін ғой әулие деп қалжыңдап жатқаным, – дейді.

Бірде осындай бір жылы әзілден кейін Жақанбай бір құжатты дайындаған болатын. Сол құжатты аудан әкімі аппаратымен келісуге жалпы бөлімге алып бардым.

– Раха, мына құжатты қарап жіберіңізші. Дұрыс па? Кейінірек бірлескен шешім шағарамыз, – деп едім, орнынан сәл ғана қозғалды да, қолына ұстап, әрі-бері парақтады. Сонан соң бір жөткірініп:

– Мәке-ау! Әріп қателері өріп жүр ғой, – деп ішінен бірнеше қателерін шығарып, қолыма ұстатты.

– Болады. Түзеп әкеліңдер, – деді.

Төменге түсіп, кабинетке келгеннен кейін Жақанбай мен Асхатқа ренжідім. «Неге мұқият оқымадыңдар? Өзімді сауатсыз адам сияқты сезіндім. Ұят болды, – деген едім, Жақанбай:

– Мәке, зоотехниктер қатені жақсы көреді. Біздің Мәкең де (хатшы Марат Қамаубаевты айтты) қателерді жақсы табады ғой, – деді.

Осы оқиғадан кейін Рахаң туралы пікірім мүлде өзгере бастады. Аудан әкімдігіне жіберілетін құжаттарды өзім оқымай, апармайтын болдым.

– Еріксіз мойындадым. Есіме Рахаңның үйінде қонақта болған бір сәт түсті. Онда әкесі Байділдә қария бар болатын.

Ат жалын тартып мінгеннен Балқаш ауданы халқына қалтқысыз қызмет етіп, қиын кезеңде талай адамдарды ажалдан аман алып қалған, ашаршылықта дүйім елді ұйымдастырып, не бір өнегелі істерге ұйытқы бола білген Байділдә қарияның өзі. Әділетсіздікке ешқашан төзбеген. Ол кісі аудан басшыларымен тығыз байланыста болушы еді.

Ет желінгеннен кейін үлкен кісі екеуіміз бір бөлмеде оңаша қалдық. Реті солай болды. Сонда Байділдә қария Балқаш ауданының тарихы, ондағы тұратын ел туралы терең әрі байыпты әңгімеледі. Сол кезде ақсақал тоқсан екі жаста екен. Не бәрі бір сағаттың ішінде екі жүзден астам адамның атын айтып, әрқайсысы жөнінде, олардан өрбіген ұрпақ туралы айтқанда есте сақтап қалуға тырысқан менің миым айналып кеткендей болды. Есте сақтау қабілетіне таңқалдым. Іштей: «Мына кісі ғылыммен айналысса, ғылымды да тесіп жібереді-ау» деп ойлады.

Рахаң осындай текті адамнан қалған алтынның сынығы ма деп ойлады.

Әзілінің өзі қандай?!. Томпиған тұла бойына сіңісіп, жаныңды жадыратып жібереді және жеңуге тырыспайды да. Реті келгенде ғана жеңіл сипалап, тұла бойыңды жылытып жібереді.

Менің қисық мінезімді де ұнатады ма екен деп ойлаймын.

“Қалай? Ауданды ұстап тұрсың ба?” – деп, сұрап қоятыны да бар.

– Анау-мынау жел сөзге елең ете қоймайтын, жаны жайсаң Рахым еліне елеуді өмір сүрді. Ешкімнің ала жібін аттамай, қолынан келсе, әлсіздерге жәрдемдесіп, ағайынға ұйытқы болып, барды қанағат тұтты.

– Биік мансап, атақ, даңқ оған аса керек емес болатын. Ешкімнің алдына түсуге тырыспай, ақырын жүріп, аңдап басқанының өзі оған үлкен бедел алып келді. Оны тек өзінің ағайыны, ауыл-аймақ қана емес, бүкіл аудан халқы сыйлайтын. Мемлекеттік қызметкерлер шынайы құрмет тұтатын. Кейде осындай жаны жайсаң, аузын ашса, көмекейі көрінетін, көңілі ашпақ қардай таза, ғажайып адаммен кездесіп, әңгімелесуді аңсайды да екенсің. Сол кезде Байділда қариядай текті адамның сынығы, жаратылысының өзі бөлек Рахаң – Рахым Нарбайтегі есіңе түседі. Шынында Нар тұлғалы, Ер мінезді Рахаң қалай мақтасаң да сондай құрметке тұрарлық адам болатын.

АДАМ – КЕРУЕН, ӨМІР – ЖОЛ



*Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ,
Әлем халықтары Жазушылар
одағының, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, Қазақстан-
ның Құрметті журналисі,
Қазақстан Журналистер одағы-
ның, Баубек Бұлқышев атындағы
сыйлықтардың лауреаты*

Аудан орталығы Бақанасқа
Аіргелес қоныстанған Бояулы
аулынан шыққан азаматтардың берісі ауданға, арысы
облысымыз бен елімізге белгілі болмағандары кемде-
кем. Оның үстіне бала кезімізден құлағымызға сіңісті
болған «шіркін, Бояулылық азаматтардың ауызбірлігін-
ай» деген ризашылық рәуіштегі жылы лебіздерді естіп

өскен біздер осы бір шағын ғана ауылдан өсіп-өнген ағаларымызға қызыға қарайтынбыз. Сол Бояулылық беткеұстар азаматтардың басында өзім ұзақ жылдар ағалы-інілі болып араласқан, сыйласымдылығымыз жарасқан, аузын ашса, жүрегі көрінетін ақкөңіл, адал жан Қалтай Шымырбаев ағам өзінше бір шоғыр боп тұрар еді. Одан кейінгі Балтағұл Молдақасымов, Есенкелді Айдарбеков, Серікбай Оразбаев, Алтынбай Керімқұлов, Сауықхан Қожабеков ағалардың өзі осы ауылдың жайсаңдары мен жақсылары деп білемін. Осы ағаларымның арасынан күні кеше ғана өмірден өткен Рақым Нарбаев бауырымыздың орны ерекше еді.

Жалпы Рақым ағамен тіршілігінде кереметтей жақын араластым деп айта алмаймын. Бірақ ағаның өзінің туған ауылына сіңірген еңбегі мен кейінірек ауданда істеген қызметтерінен хабардар болып, кездескен жерлерде аманымыз түзу болатын.

Көпбалалы отбасынан шыққан, әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері, кезінде ел билеген қадірлі, еліне беделді жан болған екен. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген емес пе? Ал, ағаның өзі қашанда текті жерден, тәрбиелі жерден шыққандығы, қарапайым, қақсоқпен ісі жоқ, сондай жуас адам екендігі бір көргеннен байқалып тұратын. «Кішіпейілділік – кісінің көркі» дегендей кішіпейіл болатұғын. Бұл әулеттің балаларына қарапайымдылық пен тектілік қасиет жарасып тұратындай. Қазақта мұндайды момынның тұқымы демей ме? Олай дейтінім ағаның Мұрат деген інісімен (біз Қарағұл деуші едік) жора- жолдас болып араластық. Оның үстіне Бақанаста Космонавтар көшесінде көрші тұрдық. Сол Мұрат марқұмның мінезі жібектей, өте қарапайым болатын. Бірге жүрдік қой. Өздігінен қызбаланып, біреуге соқтығысу, тиісу дегенді білмейтін. Бірге жүрген қатарластарымыз қызуқандылықпен артық кетіп қалып жатса, қайта соларға басу айтып жүруші еді. Сол Қарағұлымыз сол мінезіне қарамай, аудандық

сыйлы, құрбы-құрдастарына адал дос, шынайы жолдас бола білді. Мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардың межелі биігіне жетті. Еңбек жолындағы бағындырған белестері мен асқан асулары, шыққан шыңдарына жеткізген мұратты мақсаттары жолындағы табандылығы Ағаны еңбегінің нұрлы жемісіне бөледі. «Балқаш ауданның Құрметті азаматы» атанды.

Теңіздің дәмі тамшысынан-ақ білінетіндей, Рахым ағаны танып, білу қиын емес. Жаңа таныс болған жандардың өзі аз уақыттың ішінде-ақ ол кісімен бұрыннан таныс, етене жақын туысындай еркін араласып кете баратын. Ол, әрине, ағаның ешкімді жатсынбайтындығынан болар. Ел-жұртына қадірлі болған әкесі Байділдә қария мен Боранбикедей асыл анадан дарыған, тегіне тартқан тектілігінің, бойындағы көпшіл, бауырмалдық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізеттілік сияқты бір-біріне үндесіп жатқан адамгершілік қасиеттерінің, жайлы мінезінің арқасы деп білемін.

Ата-анасының өнегелі өмір жолын құрмет тұтып, олардың отбасылық, ағайын-туыс, ауыл-аймақ, ел-жұрты арасындағы кіршіксіз сыйластығын өмір ұстанымына айналдырды. Сабырлы, ұстамды, қарапайым қалпынан танбаған, болмысы бекзат Рекеңді көпшілік құрметтеді, еліне сыйлы болды.

Әке қолынан ісін, мойнынан күшін алды, ата-анасының қалауымен жарты ғасыр жұптасып ғұмыр кешкен аяулы жары, бағалы бағы, қадірлі құты, шалқатқан бақыт ошағын, өмірлік сыңары, қосағы Балқия тәте екеуі қара шаңыраққа ие болып қалды. Құрығын майырып, төрт түлігін қайырып, ақ үй тігіп, ақтылы қой айдаған, үйірінен жылқысы, табынынан сиыры, көгенінен қозысы, желісінен құлыны кетпеген, ошағында қыдыр қазанын қайнатып, белдеуіне биесін байлатып, сабасынан қымызы, шарасынан уызы ортаймаған Байділдә ағамыз бен Боранбике апамыздың ырыс-дәулеті жұғысты болып, босағасына бақ байланып, қыдыр дарып, құт қонды.

ішкі істер бөлімінде қатардағы милиционер болып қызмет атқарды. Қарағұлдың мінезіне орай сол кезде ғой «Қарағұл милиция болғалы Бақанастықтар үйлеріне күршек салмай жататын болыпты» деп құрдастарының қалжыңдап жүретіні. Мен мұны айтып отырғаным, сол Мұрат досымыз арқылы ағаның мінезінің жайлы, жақсы адам болғандығын, оның текті жерден шыққандығын көрсеткім келгендігі еді. Ауыл жаққа жиі болмаса да жиын-тойларға барып тұрамыз ғой. Сондай кезде Рақым ағаны ылғи да Есенкелді ағаның жанынан көретінмін. Екеуі егіз қозыдай жұбы жазылмай, бірге жүретін. Есенкелді аға болса, көргеннен «Сақан бала, қалайсың? Қайдасың? Ана бір жазғаныңды ана газеттен оқыдым. Мына бір жазғаныңды мына бір газеттен оқыдым» деп, қашанғы өзінің адам жағырмайтын ашық мінезімен қауқылдап амандық сұрасып жатса, Рақым аға өзінің өзгермес тұйық мінезімен бетіңе бір қарап, берген сәлеміңді алып тұра беруші еді. Бұл да болса, ол кісінің сүйекке біткен мінезі екен ғой. Рақым аға өмірінің соңғы жылдарында зейнетке шықса да босқа қарап отырмай, ауданның қоғамдық өміріне де белсене араласып, Ұлы гүлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қорына басшылық жасап, қор жұмысының алға басуына да көп еңбек сіңірді.

Рақым ағаның үйіндегі жеңгеміз Балқия тәте де мектептерде ұзақ жыл ұстаздық еткен, еңбек ардагері. «Өмірдің ең бастысы – отбасы» деп өмір сүрген аға мен тәте аудандағы үлгілі отбасыларының бірі болды. «Орнында бар оңалар» дегендей, бүгінде ағаның артында қалған ұрпағына бас ие болып, қарашаңырақты шайқалтпай ұстап отыр.

«Адам – керуен, өмір – жол». Адам бір-біріне қонақ дейміз. Өмір туралы келістіре жырлаған жыр жампозы Сүйінбай Аронұлы:

Бұл фәни ұзақ болса, жүз жыл болар,
Байқасаң, тоқтауы жоқ бұл бір сонар,

Саятшы кешке дейін түлкі қуған,
Күн бата, шаршаған соң, ақыр қонар, – деген
екен. Өзінің мәңгілік мекеніне барып қоған ағамыздың
алды пейіш, арты кеніш болсын!

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ МЕКТЕБІ



Ж.ДЕМЕУҚҰЛОВА,
*Балқаш ауданының Құрметті
азаматы, «ҚР Үздік өлке-
танушысы»*

Дөңгеленген шарайна шеңбе-
рінде бозарып таң атып,
қызарып күн шығып, нұрланып
кеш батып, түн қараңғылығына
ұласып, қозғалысынан жаңылмай,
танбай, Жаратқанның қалауымен
күннен күнге, айдан айға, жылдан жылға жалғасып
жатқан өмір көшкеруеніндегі қамшының сабындай
қысқа ғұмырда адамның дегені емес, Алланың дегені
болатынын жазмыш өзі ұқтырып жатса да, күнделікті
күйбің тірлікте жалған дүниенің жалына жармасып,
ауыздығымен алысып жүріп, мына өмірдің уақытша
қонағы, жүргінші – жолаушысы екенімізді кей сәт естен
шығарып, мәңгілік тұрақтап қалатындай ұғынатынымыз
да бар.

Иә, әркімнің пешенесіне жазылған ғұмыр өлшемі
де, зымыран уақыттан алар еншісі де бір Құдіреттің
қолында. Біреуге ерте, біреуге кеш...

Қанша ғұмыр кешсең де, ең бастысы – Қорқыт баба
айтқандай, өткеніңнің тағлымы – тарих, ертеңгі келер
күнің – ұрпаққа сыр, бүгінгі күнің – келешекке сый болып
қалардай ғұмыр кешу. Арттағылар айта жүрер, ұғына
жүрер, ұқтыра жүрер есті естелік қалдыру. Тірлігінде

өзгеге үйретер ұстаздығы болған, соңында ұрпағына үлгі болар ұстанымы, хакімдік хаты, жақсы аты қалған, өмір жолына ізгіліктің өнегелі өрнегін салған, халқы құрметтеп, еңбегі жанған абзал жандардың ғұмыры – нағыз естелік, өміршең естелік!

Олар жайлы естеліктер жазылар, жазылар да айтылар, жадыхатында жұртының естеліктер хатталып, сыр сандығында жүректің естеліктер сақталар. Естеліктер айтылар, естеліктер жазылар, естеліктер шертілер...

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы дос, жақсы ұстаздан бастау алады» демекші, мақаламның кейіпкері Рахым аға Байділдәұлы жақсы әке, жақсы анадан алған тағлым-тәлімін, ақыл, ғылымнан түйген білігін, жақсы ұстаздан алған таным-білімін, жақсы достан көрген үлгісін, Абайша айтқанда, ыстық қайрат, нұрлы ақыл мен жылы жүрегінің көкірек көзінен тараған шуақты сәулесін айналасындағылардың санасына шырақ қылып жаға білген, ойына нұрлы ой сала білген, нағыз ар биігіндегі азамат еді! Ол кісі жайлы естелік айту – бір адамның адами болмысын, азаматтық тұлғасын ғана емес, бір жанұяның, тұтас бір әулеттің отбасылық құндылығын, өнеге үлгісін таныту дер едім.

Рахым аға 1947 жылдың көктемінде, әкесі Байділдә қарияның, анасы Боранбике апамыздың шаңырақ көтеріп, отау тігіп, ошақ құрып, от жаққан жері, тәу етіп, табәріктей қастерлеп, торқалы топырағын сүйген атажұрты, құрсағы құтты, құндағы мықты киелі Балқаш елінің Бояулы ауылында дүниеге келді. Әкесінің көш бастап, жеңін түрініп, белін буынып, еңбек етіп, тер төккен жерінде, анасының аялап ақ бесігін тербеткен төрінде шілдесумен дидары жуылып, жібек жіппен кіндігі буылып, тал бесікке бөленді. Дүние есігін ашып, кіндігі кесілген, тұсауының күрмеуі шешілген, қаз-қаз тұрып, тәй-тәй басып, есейіп, ержеткен осы бір аттөбеліндей ауылдан балалық шақтан бастау алған жалғыз аяқ жолы, ағаны нар тұлғалар бастаған ұлы

көшке ілестірді. Шағылында аунап, шалғынында ойнап, шабырын аралап, суын жағалап, ерке Іленің толқынымен жарысып, ағысына қарсы жүзген, аң аулап, қармақ салып, шабақ сүзген, кәренейі мен жаужұмырын қазып, жидесін теріп, собығын үзген, тал шыбықты ат қып мініп, көк қуалап, қозы баққан, асық атып, садақ тартқан туған ауылы қанатын қатайтып, томағасын сыпырған қырандай биіктерге самғатты.

Әкесінің батасы, анасының үміті, елінің сенімі шабытын қамшылап, тай тебініп, тұлпар мініп, қыр асты. Қолтығы сөгілген сәйгүліктей арындап, қарышты қадамы белестерден белестерге асырып, асулардан асуларға жеткізді.

Рахым Байділдәұлы 1963 жылы Бақанас орта мектебін бітірген соң, ақ қанат арман жетегінде жастық жігерін жанып, тәуекелге бел буып, Талдықорған қаласындағы Зооветеринарлық техникумның мал дәрігері мамандығы бөліміне оқуға түсті. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, еңбек жолын Миялы ауылында мал дәрігерлік участка меңгерушісі қызметінен бастады. Ұзақ жылдық еңбек өтілінде шыңдалып, шынығып, өз мамандығының майталманы атанып, кемеліне келген кемер шағының баспалдағына қадам басты. Ақдала ауылындағы сүт және мал бордақылау кешенінің басшысы қызметіне көтерілді. Әкім аппаратының жалпы бөлімін 15 жыл басқарды. Аты айтып тұрғандай, «жалпы бөлім» жұмысы көп саланы қамтитын асқан жауапкершілікті қажет ететін – жұмыс. Ол үнемі оқудан, ізденістен, үйренуден, білгенін өзгеге үйретуден жалықпады. Соқтықпалы, соқпақты, ойлы, қырлы, жоталы, дөңді, асулы, белді, шыңыраулы, шыңды бұралаңы көп өмір жолының сынағынан сүрінбей өтіп, өзін сан қырынан танытқан Рахым аға елі артқан сенім биігінен көрініп, адалдық пен азаматтықтың аражігін ажыратпай, таразының басында тең ұстап, алдыңғыға ізетті іні, кейінгіге ақылшы аға, қызметтес әріптестеріне

сыйлы, құрбы-құрдастарына адал дос, шынайы жолдас бола білді. Мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардың межелі биігіне жетті. Еңбек жолындағы бағындырған белестері мен асқан асулары, шыққан шыңдарына жеткізген мұратты мақсаттары жолындағы табандылығы Ағаны еңбегінің нұрлы жемісіне бөледі. «Балқаш ауданның Құрметті азаматы» атанды.

Теңіздің дәмі тамшысынан-ақ білінетіндей, Рахым ағаны танып, білу қиын емес. Жаңа таныс болған жандардың өзі аз уақыттың ішінде-ақ ол кісімен бұрыннан таныс, етене жақын туысындай еркін араласып кете баратын. Ол, әрине, ағаның ешкімді жатсынбайтындығынан болар. Ел-жұртына қадірлі болған әкесі Байділдә қария мен Боранбикедей асыл анадан дарыған, тегіне тартқан тектілігінің, бойындағы көпшіл, бауырмалдық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізеттілік сияқты бір-біріне үндесіп жатқан адамгершілік қасиеттерінің, жайлы мінезінің арқасы деп білемін.

Ата-анасының өнегелі өмір жолын құрмет тұтып, олардың отбасылық, ағайын-туыс, ауыл-аймақ, ел-жұрты арасындағы кіршіксіз сыйластығын өмір ұстанымына айналдырды. Сабырлы, ұстамды, қарапайым қалпынан танбаған, болмысы бекзат Рекеңді көпшілік құрметтеді, еліне сыйлы болды.

Әке қолынан ісін, мойнынан күшін алды, ата-анасының қалауымен жарты ғасыр жұптасып ғұмыр кешкен аяуды жары, бағалы бағы, қадірлі құты, шалқатқан бақыт ошағын, өмірлік сыңары, қосағы Балқия тәте екеуі қара шаңыраққа ие болып қалды. Құрығын майырып, төрт түлігін қайырып, ақ үй тігіп, ақтылы қой айдаған, үйірінен жылқысы, табынынан сиыры, көгенінен қозысы, желісінен құлыны кетпеген, ошағында қыдыр қазанын қайнатып, белдеуіне биесін байлатып, сабасынан қымызы, шарасынан уызы ортаймаған Байділдә атамыз бен Боранбике апамыздың ырыс-дәулеті жұғысты болып, босағасына бақ байланып, қыдыр дарып, құт қонды.

Аспанынан ай күліп, күн қараған, шаттығы шалқыған жанұяның қос шынары Рахым аға мен Балқия тәтем ағайын-туыс, бауырдың басқосар ортасы, ақордасы, алтын тұғыры болды. 50 жыл отасып, жұбайлық өмір әлемінің көгіне бірге самғады. Үш жұртының, ағайын, туыс, дос-жаран, қадірлес, сыйлас бауырлар арасындағы сыйластықтың алтын көпірін бірге жалғады.

Елу жылдың жасыл желегін жамылған, гүлден алқа тағынған көгілдір көктемін де, жанға жайлы самалы ескен, нұрын төккен, шуақ шашқан жазиралы жазын да, алтын күздің, берекелі жарқын күздің мерекелі шағын да, аппақ нұрға малынған, ақ мамығын жамылған, аяздан өрнек салынған қыс қызығын да бірге өткізді. Жұптары жазылмай, еңбегінің рәтін көріп, зейнетіне бөленген нұрлы шаққа да Алла қол ұстастырып бірге жеткізді. Қыз ұзатып, күйеу келтірді, келін түсіріп, тойлары тойға ұласты. Немере сүйіп, шөбере жетектеп, Алла бұйыртқан жақсылықтың, жақсы үміттің сәулесіне жылынып, шуағымен нұрланды. Екеуі де халық алдындағы қалтқысыз қызметі мен еліне сіңірген елеулі еңбегімен көп алғысына ие болды. Бірі – ауданның Құрметті азаматы, бірі – ұлт мұраты, ұрпақ болашағы жолындағы ұлағатты ұстаздық еңбегінің жемісіне бөленген, тағылым тұғырынан бақ тапқан ардақты ана. Балқия тәтемнің омырауында жұлдызды белгісі жарқырап, марапатқа ие болуы – өмірлік серігі, тілекші тірегі Рахым ағаның баладай пәк көңілі, қардай аппақ пейілімен көрсеткен, шынайы асқақ азаматтық қолдауы екені сөзсіз.

Осынау әлеуеті асып, дәулеті тасқан бір әулеттің ынтымағын жарастырып, шаттықтың шамын жаққан, бақ бесігін тербетіп, ошағының отын маздатқан, түңдігі түрулі, бесігі құрулы, қазаны асулы, дастарқаны жаюлы, қонағы күтулі отбасының берекелі тірлігі ұлды-қызды ұрпақтарына да жұғысты болды. Бұл күнде әрқайсысы-бір-бір отбасының егіз жүрек отағасы, отанасы.

Бір-бірінің мәртебесін асырып, мерейін үстем еткен Рахым аға мен Балқия тате сияқты ғибратты жандардың өмір жолы- өнеге мектебі.

Ең көркем, үлгілі отбасының ынтымағының құрыштай берік қамалын өз қолымен қалаған, Әти әулетінің шаңырағының алтын діңгегі, қара орманы, бәйтерегі, тірегі болған, ардақты асыл Ағаның өмірден озғанына жылдың жүзі де болып қалыпты-ау, сұм ажалға ара тұрар шара бар ма, амал қанша?!

Жаны жайсаң, жақсы ағаның жаны жәннатта болғай, артында Балқия тәтемдей асыл жары, ұлды-қызды ұрпағы барда жайсаң жанның жарқын бейнесі мәңгі ұмытылмақ емес.

ТАЛАПШЫЛ ТҰЛҒА ЕДІ



Сайран Сейіткемелұлы
СМАҒҰЛОВ,

*Балқаш ауданы білім қызмет-
керлерінің «Бірлік» кәсіподағы
ұйымының төрағасы*

Бір ауданда, тіпті бір ауылда тұрсақ та, көп адамдарды зерттей бермейміз. Әйтеуір сәлеміміз түзу деген ойдың жетегінде жүре береміз. Аз ғана ғұмырда адамның жан-дүниесіне

терең үңілің, оның жақсы қырларын терең білгенге не жетсін! Дегенмен көп ағаларымыз бен апаларымызды өмірден өткен соң ғана, «Қап! Жақсы адам еді... Жақсылығын көп көріп ем...» деген өкінішке бой алдырамыз.

1995 жылы аудан әкімдігінің жалпы бөлімін басқаруға маман іздедік. Мен – ол кезде аппарат жетекшісімін.

Аудан әкімі Тынышбай Досымбековпен екеуіміз біраз адамдар туралы талқылау жүргіздік. Ақыры лайықты кадрды іздестіруді жалғастыратын болып тарқдық. Әрине бұндайда әкімшілікте, бөлімдерде, тіпті ауылдық әкімдіктерде жұмыс істейтіндермен де пікірлесесің.

Бір аптадан кейін талқылау қайта жалғасты. Аудан әкімі де, мен де Рахым ағаны сол қызметке лайық деген пікірге тоқтадық. Ол кісімен сөйлесу маған жүктелді.

Сөйтіп Рахым Нарбайұлы ағамыз аудан әкімдігінің жалпы бөлімінің меңгерушісі боп жұмысқа қабылданды.

Қанша айтқанмен, көп сөзділеу қазақ емеспіз бе? «Ол кісі – бұрынғы зоотехник. Қағазбен жұмыс істей алар ма екен?» деп звондағандар болды.

Олардың пікірі бір себептен дұрыс та шығар? Жалпы бөлім – республикадан, яғни Үкіметтен келген нормативті құжаттарды жүзеге асырудағы ең жауапты орын. Одан бөлек облыс әкімінің қаулылары, шешімдерін жүзеге асыруда тиісті бөлімдерге тарату, оның орындалуын қадағалау – аудан абыройын көтеретін бір талап. Аудан тұрғындарының да талап-тілектері, түрлі жиындардағы ұсыныстар, олардың орындалу барысы жайлы жауап хаттар дайындау, барлығы бір-біріне сабақтасқан қыруар шаруаны жүзеге асыру, асқан жауапкершілікті, тынбайтын еңбекті, ізденісті талап етеді. Осындай жұмысты бір жағы жазуға жақын мамандықтардан іздеу керек деген ойлары шығар?

Бірақ аға бұл жұмысты тез меңгерді. Әр құжатты таратқанда бір данасын өзіне қалдырып, қадағалау, орындалу туралы жауап хат дайындауды тыңғылықты орындады. Өте көп сөйлемейтін, біртоға мінезі аудан әкімдігіне келген құпия құжаттардың сыртқа жайылмауы үшін тіпті тамаша қасиеті болды.

Жұмыс өз алдына, біз аға-інідей сыйлас болдық. Арасында әзілдесіп те қоямыз. Ол жағынан арамыздағы жас алшақтығы да кедергі болмайтын. Көптеген мәселелерді бірлесіп отырып шешетін едік.

Аға әрнәрсеге жауапкершілікпен қарайтын. Соның салдарынан ол кісі қызмет атқарып жүргенінде барлық жиналыс талапқа сай өтті. Бірге қызмет атқарған сол кезгі аудан әкімдері Тынышбай Досымбеков, Әмір Кұлмаханов, Ерғазы Қошанбековтердің ерекше алғысына бөленді.

Аудан әкімінің барлық жиналысына адамдарды артығымен шақыратын. Жиын кезінде «Бірінің жағдайы болады, бірі ауырып қалады» деген ойының дәл шығатынына таңданатынбыз да.

Аудан әкімінің есеп беру жиынында ауыл әкімдерімен тынбай сөйлесетін. Ауыл тұрғындарының көтеретін мәселелерін талқылап, қайсы ауыл әкімі, қандай мәселе аудан әкімі деңгейінде шешілетінін қатаң тапсыратын. Сөйтіп көтерілетін мәселелерді саралайтын. Бұл әрекеті барлық жиындардың жинақы, тез өтуіне, жиынның елді жалықтырмай, жоспарланған кезінде бітуіне септігін тигізетін.

Жас кадрлардың да ағадан үйренгені көп болды. Соның ең бастысы – жауапкершілік таныту. Іздену, қандай тапсырма болмасын уақытында орындау.

Аға 2010 жылы Пайғамбар жасына толып, зейнеткерлікке шықты. Қимай қоштастық. Сөйтіп өмірдегі тәжірибесі мол аға енді ақылшымыз болды. Қолы қалт еткенде әкімшілікке соғып, қалымызды да біліп тұрды. Түрлі қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты.

2021 жылы 13 наурызда аға маған звондады: «Ал, інім, туған күніңмен! Сені пайғамбар жасына толуыңмен құттықтаймын! Енді біздің қатарымызға қосылдың» деді. Мен де: «Аға, рахмет, қалада едім. Амандық болса, барған соң атап өтеміз» дедім.

Бірақ мен Бақанасқа келгенде, ағаның аяқасты ауырып қалғанын естідім. Сауытып кетуін тіледім. Қоңырау шалып, қал-жағдайын сұрадым. Саулығын тілейтінімді жеткіздім. Даусы ашық, ешқандай күдікті белгі білінбеді.

Ең қиыны – бас-аяғы екі аптада аға өмірден өткені. Ол кісіні білетіндер өмірдің жалған екенін сонда білді-ау деймін.

Бүгінде жаны жомарт, көңілі дархан, ақеділ ағаның өмірден өткеніне жыл уағы болды. Қызметте жүргенде өзіне де, өзгеге де қатаң талап қойып, абыроймен еңбек еткен Ағаның енді арамызда болмайтынына көңіліміз сенбейді. Бірақ, өмір заңы осылай.

Дана халқымыз: «Таулар алыстаған сайын биіктей береді» деген екен. Жыл өткен сайын ағаның асқақ бейнесі ол кісіні білетіндердің көңілінде биіктей беретіні хақ.

ЕЛІН СҮЙГЕН НАР ТҰЛҒА

Нүркен ҚОНЫСБАЕВ,

*Балқаш ауданының Құрметті
азаматы*



48

Б. ӘДІЛХАНОВА

Мен Рахым ағаны 1993 жылдан бері жақсы білуші едім.

«Ғалымның хаты ,жақсының аты өлмейді» – дегендей, Рахым ағам өте жақсы адам еді. Ол кезде мен жасым 26-да, жаңадан қызметке кіріскен кезім еді. Ақдала күріш совхозында мен автогараж меңгерушісі болдым. Ол кісі кеңшардың меңгерушісі еді. Жұмыстың қайнап тұрған кездері таңның атысы мен кештің батысы жұмыс. Рахым ағам күні-түні ұйықтамайтын. Қыстай малға шөп тарту керек, сүт өткізу керек. Ол кезде қазіргі Байсерке, бұрынғы Димитриевкаға сүт жібереді. Совхозда екі сүт таситын машина бар, күні-түні жүріп, тұру керек. Бір күні шықпай қалса, Рахым аға «Нүркен, жағдай былай,

мынаны былай істе, ананы былай жаса» деп ақылын айтып, үйретуден жалықпайтын еді. Ол кезде, жалғыз мен емес, мен сияқты жастар көп еді. Бәрімізге ақылын айтып, көрген білгенін айтудан еш жалыққан емес. Мен айтушы едім «аға, біз таңертең 7-де барғанға ұйықтап қаламыз жұмысқа, сіз түнімен жүресіз, сыры неде осы?» деп сұрайтынмын. Ол кісі бір күліп алып, үйрену керек, кейін өзің түсінесің деуші еді. Қазақта сөз бар ғой, «Нар жолында жүк қалмас» дегендей, ол кісі жүрген жерде барлық жұмыс өзі ретімен жүріп жататын.

Рахым ағамның жұмысты ұйымдастыру қабілеті өте жоғары болатын. Жанында жүре бергің келетін. Әнгіме айтқанда, аузымыз ашылып тындап отыра беруші едік. Қасында жүрген жақсы адамның өзі де, сөзі де жүректе қалады екен. Бірге жүрген күндердің әр сәті көз алдымда тұрады.

Рахым ағам қандай іс болса да өте ыждағаттылықпен, жауапкершілікпен орындайтын. Зейнетке шыққаннан кейін де біз етене араласып, ауыл шаруашылығы, егін шаруашылығы саласындағы жұмыстарда көп араласып тұрдық. Рекең мені өзіне іні санаушы еді. «Нүркен-ау, келсеңші, қозы пісті ғой, барып қайтпаймыз ба?» деп қоңырау шалып тұрушы еді. Қайран ағам, енді міне сол сөзге, сол қоңырауға зар болып қалдық. Қайран бауырым, ел үшін туған ер тұлға еді!

Рахым ағамның жарқын бейнесі мен жүріп өткен өмір жолы – өскелең ұрпаққа өнеге. Туған жерге деген сүйіспеншілікпен, аянбай қызмет етудің үздік үлгісі болып, бәріміздің көз алдымызда, есімізде мәңгі сақталып қалары сөзсіз.

ӨЗ ДӘУІРІНІҢ АЗАМАТЫ



Ғабиден ЮСУПОВ

Қазақ ұлтының ішінде ұлы жүзге қарайтын 12 ата, қазіргі кезде 14 ата Жалайыр руы бары баршамызға мәлім. Бұл рулардың біразы ақтабан шұбырынды заманында Жоңғарлардың басқыншылық ызғарынан қорқып, негізгі мекендерін (Іле, Қаратал, Қапал, Алтынемел) тастап, Сыр бойына қарай қоныс аударып бастаған. Бұл рулар өздерінің аталас туыстарымен көші жеткен жерлеріне қоныстанып, қала берген. Уақыт өте келе, бірқатар рулар өздерінің ежелгі мекендеріне оралып, өз тіршіліктерін атқарып, ұрпақтан-ұрпақ жалғасып, Жетісу өлкесінде өмірлерін өткізіп жатты. Бұл әңгімені қозғап отырғаным – бұл өмірден озып кеткен Нарбаев Рақым ағамызға туыстық қатынасы жағынан біздің қандай жақын екеніміз туралы аз ғана мәлімет берсем деген пікірім.

Жалайыр бабамыздан тараған Қайшылы, Балғалы рулары өз ел-жұртымен, мал-жаны аралас тіршілікте болған, тату ел, барлықта өмір кешкен. Рақым ағаның анасы Боранбике апамыз Қайшылы руынан, менің әкем Тілеубайұлы Юсупке әпке болып келеді. Сол тұрғыдан Рақым аға бізге жиен болса, мен нағашы боламын.

Нарбаев Рақым 1947 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бояулы ауылында дүниеге келген. 1963-1967 жылдары Талдықорған қаласында мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумында оқып, мал дәрігері мамандығын алып шықты. 1967-1969 жылдары әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтегеннен кейін 1972 жылға дейін Қарағаш ауылында малдәрігерлік учаскі меңгерушісі, 1983 жылға дейін Бақанас қой

совхозының №3 фермасының меңгерушісі, ал 1996 жылдан зейнеткерлікке шыққан 2010 жылға дейін Балқаш ауданы әкім аппаратының жалпы бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты жоғары оқу орнының зоотехник-инженер мамандығын 1989 жылы, еңбектен қол үзбей жүріп, оқып бітірді.

Тіршілігінде әкем Байділдә ата мен Боранбике апамызбен үлкен құрметпен сыйласты. Әкем Байділдә атаны еш уақытта «жезде» деп атап көрмепті, әрқашан «Бәке» немесе аға деп атаушы еді. Осы үлкендерге қарап, біздер, екі үйдің балалары аралас-құралас өмір сүрдік, одан жаман болған жоқпыз, жақын ағайын-туыс екенімізді ұмытпай, сыйластық.

Адамның біліктілігі мен парасат-пайымы қызметпен өлшенбейтіні белгілі. Кім, қайда, қандай жұмыс істеген, қоғамға, елге тигізген пайдасы адамды алдыға шығаратыны сөзсіз.

«Ақыл парасат дегеніміз, адамгершіліктен бастау алады» – дейді даналы халқым. Ол да адамдық қасиеттің биігі. Оған жету үшін әрбір пенденің тар жол тайғақ кешулерден өтіп, ел мен жұрты үшін аянбай тер төге жүріп, еңбек ететіні, сөйтіп тіршілікке тұтқа болып, оны ұстайтын ұрпақ өсіретіні белгілі.

Сондай ардақты жандардың бірі, дүниеден өткенше адамгершілік бигінен төмендемеген, өмір көшінде не қиындықтарды басынан өткізсе де мойымаған жанның бірі – Нарбаев Рақым ағамыз.

Тынысы да, ырысы да ауылдан бастау алып, одан әрі азаматтық парасатына айналған тұлғалар Балқаш ауданынан да көптеп шыққан, сол өңірден өсіп-өніп, өркен жайып, туған жерге еңбегі сіңген, елінің мақтанышына айналған тұлғалардың бірі біздің Рақан екеніне ешкімнің де таласы жоқ.

Өмір қашан да өз ағысымен біртіндеп жылжи береді. Оның кешегісі мен бүгініне зер салсақ, ойға орам болар талай ақиқатқа көз жеткіземіз. Қазақтың даласы қандай

кең болса, берекесі де сондай бай, жайлауы қандай шалқар болса, көңілі сондай дархан болған. Біздің Рақым бауырымыз да үлкен-кішіге кішіпейіл, көпшіл, айналасындағы бауырларына қарайласып, ешкімнен көмегін аямайтын жомарт, көңілі соншалықты дархан еді. Жол бастайтын ақылшымыз бола білді.

Рақым ағаның көпшілдігі мен жомарттығынан кішкентай бір мысал келтірейін. Бірде, біздің мекеме Бақанас қой совхозына шөп дайындауға көмекке бөлінді. Шабындықтың жанына орналасқаннан кейін, мен жаныма бір жігіт ертіп, совхоздың қоймасынан ет сұрауға келдім. Жолда Рақым аға жолығып жөн сұрасты. Шаруамызды біліп, «жүр, бірге барамыз» деді. Қоймаға келіп шөп дайындауға келген жұмысшылардың тамағын ұйымдастырып берген еді. Сонда ол кісінің талапшылдығына да, ұйымдастырушылығына да тәнті болып, тағы бір қырынан таныдым десем, артық болмас.

Өзінің жоғарыда айтылған ерен еңбегімен, адами қасиеттерінің арқасында Рақым аға Ауыл шаруашылығының үздік қызметкері» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», тағы да басқа мерекелік медальдармен марапатталған.

Атақты айтыс ақыны Оразалы Досбосыновтың:

Малын тапқан маңдай ақы теріменен,

Ақиқаттың ас-суына шөлдеген.

Жанын берген, арын бірақ бермеген,

Қасқыр текті қазақпын ғой мен деген! –

өлең-жолдарының шумақтары өзінің туған өңірінің дәулеті мен ырысын шалқытып, атар таң мен батар күнге үмітпен, ықыласпен қараған Рақым бауырымызға арналғандай.

Рақым ағамыз өмірден өтті, бірақ артында, өнегелі өмір жолында өшпестей ізі қалды. Ұл-қыздары, ұрпақтары өсіп-өніп, бір әулеттің түтінін түзу шығарып отыр. Осындай азаматтық қадір-қасиетімен жүрегімізге жылылық ұялатқан Рақымдай бауырымыздың есімі мәңгі жадымызда қалатыны сөзсіз.

АТАЛЫ ЕЛДІҢ БАТАЛЫ ЕРІ БОЛҒАН РЕКЕҢ

Жеңіс Қажы ДЕМЕУҚҰЛОВ



Бата беру – ықылым заманнан, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан мұсылмандық және халықтың әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрдің мөлдір бастауларынан нәр алатын жақсы тілек. Ол – киелі сөздің күш құдіретіне сенген, жақсылық жолға, адамдардың бір-бірінің қуанышына ниеттес болып, Алладан жарылқау, жәрдем тілеп, халқымыздың «ақ бата арқылы мақсат – мұратқа жетуге болады» - деген наным, таным-түсінігінен туған көне дәстүр. Қазақ халқы тал бесіктен – жер бесікке, фәниден – бақиға дейінгі өмірді жақсы сөзбен өрнектеп, кез-келген жиын-тойда, қандай да бір иігі істі бастамас бұрын үлкендердің алдынан өтіп, батасын алған. Ұрпаққа атадан қалған асыл сөздің, ақ батаның мәнін ұқтырып, санасына құндылығын жеткізу, яғни бата беру – үлкен өнер. Тілек пен батаның айырмашылығын, ара жігін ажырата білуді, тілектің Алладан сұралатынын, ал батаны адам беретіндігін, бата беруші адамның Жаратқаннан бата алуы үшін тілек тілейтіндігін, батаның ұлттық руханияттың қалыптастыруына тигізетін ықпалы, тәлім-тәрбиелік, әлеуметтік маңызы зор екенін кейінгіге ұқтырып кеткен, батағөй қариялардың бірі - өзіміз көзін көрген Байділдә ақсақал. Аузы дуалы, сөзі уәжді қазыналы қарияның кеудесі толы шежіре еді. Тарихты толғап, шежірені қозғап сөйлегенде, тыңдаушысын ұйытып-ақ тастайтын, әңгімешіл кісі болатын. Балқашта Сабанбай, Байораз, Байділдә қариялардың көкірек сандығында сақталып қалған дереккөздер қаншама қаламгерлердің, тарихшы,

зерттеушілердің шығармашылығына арқау, тіліне тиек болды десеңізші?! Нағыз өлкенің өткен тарихының тірі куәгерлері еді. Байділдә әкеміз ашаршылықты да, қуғын-сүргін зобалаңды да, қантөгіс соғысты да көзімен көрді. Басынан кешті, қиын-қыстау заманның өткелінен өтті. Қолына қару алып, Отанын жаудан қорғады, соғыстан кейін бейбіт өмірде еңбектің күйін толғады. Соғыс және еңбек ардагері атанып, өз дәуірінің мәртебелі мінберінен үн қатты. Салтанатты жиындарда омырауында жұлдызды белгілері жарқырып, қолын жайып, ұрпаққа ақ батасын арнады. Осындай халқына қадірлі, қабырғалы қарияның ұлы, Рахым – менің бел құрдасым. Адам өмірден өткенде, шарифат жолында да, қандай адам еді, деп сұрап жатады ғой. Рахым өте жақсы азамат еді! Бойына жаратылыс болмысы, табиғатынан берілген жақсы қасиеттері оның азаматтық тұлғасын асқақтатып тұрғандай көрінетін. Адамдармен қарым-қатынасы, сабырмен әдеп сақтап сөйлейтін мәдениеті, сырт кескін-келбеті, жылы жүзі, ешкімді жатсынбайтын қарапайымдылығы ішкі жандүниесінің сұлулығымен астасып жататын Рекеңді көпшілік шынайы пейілімен сыйлайтын. Әлдекімдерше «құрдас» деп қалжыңдап көрген емес, атымды тура атамай, «Жеңке» дейтін. Құрметі екен ғой, ыңғайы келіп сөйлесе қалсаң, діннен де хабары бар, қазақтың екінің бірі біле бермейтін дәстүр, жөн-жоралғысын да жетік білетін. Әрине, ол – Байділдә қариядан көргені, білгені, алған сабағы.

Айтайын дегенім, зейнетке шыққаннан кейін де, қоғамдық жұмыстардан қол үзбеді. Еңбек жолындағы тәжірибесімен бөлісіп, жастарға жол сілтеді, ақыл-кеңесін аяған жоқ.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан әр отбасының бұлжымас үрдісі болады ғой, менің білетінім, Рекеңнің құрметі отбасы, жанұясынан басталып, елінің құрметіне жалғасты. Айналайын, жары Балқия ата-ененің тәрбиесін мықтап ұстанып, ұрпағына ұқтыра білген,

«әйел затының сұлтаны» дейтіндей, Рекеңнің нағыз теңі еді, жұрт сүйсініп, ел қызығатындай екеуі жақсы ғұмыр кешті. Батагөй әкенің, арда ананың батасын алып қалған олар, өздері де өзгеге үлкендік бата-тілегін білдіретін ата жолын ұстанып, ұлы есік атанды. Рахым батаны жақсы білетін. «Батаменен ер, жауынменен жер көгерер» дегендей, Рекеңнің батасымен ұрпағы, өзінен кейінгі, өзінен кіші бауыр, туыстары көгеріп, көктеді. Аталы елдің баталы Ері болған Рекеңнің өмірі – көпке үлгі, қандай сыйға болса да лайықты азамат.

Алла бұл дүниедегі жасаған барлық жақсылық, ізгі амалдарын бақи дүниеде алдынан жақсылықпен қайырсын, жатқан жері мамық, қабірстаны жарық, иманы салауат болсын, Алланың рахымы, Пайғамбардың шапағаты болғай!

«Артындағы өмірінің жалғасы – ұрпақтары, отбасы, жары, бауыр-туыс, әулетіне Жаратқан Ием жақсылығын беріп, нұрын төксін» деп тілеймін!





**ЕЛ БІЛЕТІН АЗАМАТ,
БІЗ БІЛЕТІН РЕКЕҢ,
РАХЫМ АҒА**

**ӘКЕ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛҒАН
АЗАМАТ**

**Айтжан ЕСІМОВ,
*Балқаш ауданының Құрметті азаматы***

«Көргені жақсы көш бастар» деген қазақтың сөзін Рахымды көргенде, жиі қайталайтынмын, оның әрбір ісіне сүйсініп, тілекші болып отыратын жандардың бірі едім.

Ағайынды алыс-жақын деп алалауды білмейтін, ол үшін бәрі туыс, бәрі жақын, бәрі бауыр. Әке-шешесінің көзін көрген жандарды ерекше сыйлайтын. Қызмет тартты, қандай қызметте жүрсе де, әлдекімдерше көкірек керуді білмеді, қарапайым, көпшіл болды. Жеңгеміз Боранбике, бауырымыз Байділдә қариядан

бұрынырақ өмірден өтсе де, Балқия келін екеуі әкесінің қабағына қаяу түсірмей, бағып-қағып, ақ батасын алып, арулап, ел-жұрт болып соңғы сапарға шығарып салды. Әке қалап кеткен бауырларының бірлігінің іргесін берік сақтап, әке аманатына адал болған азамат еді.

Рахым – еңбектің адамы еді, өзіне жүктелген іске жауапкершілікпен қарайтын, бүгінгі атқарар істі ертеңге қалдыруды жаны сүймейтін, ешқашан еріну-ді білмейтін. Аумаған Бәкеңнің, Байділда қарияның өзі еді ғой. Әр іске байыппен қарайтын, сабырлы, салмақты кейпінен көпті көрген қариядай даналығы көрініп тұратын. «Жасы кіші болса да, ақылы асса, аға тұт» дегендей, жасымыз үлкен болса да, Рахымға үйретерімізден, одан үйренеріміз көп еді. Ол әкеден алған өнегесін кейінгі ұрпағына да дарыта білген асыл ардақты жан еді.

САН ҚЫРЛЫ АЗАМАТ ЕДІ

57

Ермұханбет Телтайұлы БЕЙСЕМБАЕВ

Касиетті Балқаш өлкесінде еліне еңбегі сіңген, халқына қалаулы, еліне елеулі, көп құрметіне бөленген, Бояулы ауылында дүниеге келіп, байтақ Балқашына танымал болған азаматтың бірі – біздің Рекең, қадірлі Рахым Байділдәулы.

Кеше ғана бірге жүрген, тонның ішкі бауындай етене жақын араласып, жақсылықты да, жамандықты да бірге бөліскен, Рахым – нағашым әрі досым еді. Зымырап өтіп жатқан уақыт-ай! Досымның өмірден кеткеніне, дүниеден мәңгі бақиға аттанғанына, міне, бірнеше айдың жүзі де өтті.

Ол ақпейіл, ары таза, адамгершілігі мол, мейірімді, парасатты, замандастары мен ауылдастарының арасында сыйлы болған азамат еді. Үлкенді де, кішіні де құрметтей білетін.

Екеуміз 1997-2000 жылдары аралығында аудан әкімшілігінде бірге жұмыс істеп жүргенде, бір-бірімізді нағашы-жиен деп, жақын тартып, бұрынғыдан да жақсы араласып кеттік. Рекең – шаруашылық, мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарған жан. Аудандық әкімшілікте лауазымды қызметте болып, зейнеткерлікке шықты. «Ауданның Құрметті азаматы» атанды. Зейнетке шыққан 8-9 зейнеткерлер бір-бірімізбен жақсы араласып, қатынасымыз үзілмей, айына 1-2 рет басымыз қосылып, өткен-кеткенді еске алып, бір марқайып қалушы едік. Рекең осындай басқосулардың ұйытқысы болатын, дастарқан басында әрқайсымызға риза көңілін білдіріп те қоюшы еді. Кейде, риза болған кездерінде, менің де арқамнан қағып, «Ерекең, менің жиенім ғой!» деуші еді күлімсіреп.

Анипин Айюб ағатайымның «Бояулым менің» атты өлеңіндегі:

Арайлап таңы нұрға, бөленген аймағы,
Құлпырып бүгін Бояулым гүл-гүл жайнайды.
Кеңесхан, Айтжан, Қалтайлар шыққан ауылда
Серікбай, Рахым, Есекең елдің қаймағы! –

деген жолдары бір ауылдан шыққан осындай, мақтауға да, мақтануға да лайық, аптал азаматтардың есімін ардақтап, қадір тұтқандығының белгісі екен ғой.

Рекеңнің өмір жолында үлкен қолдаушы, қорғаушы, ақылшысы бола білген қосағы Балқия жеңгемізбен бақытты отбасы құра білгенін, олардың жақын туыстары, достары, жолдас-жоралары, көптеген Балқаштықтар жақсы біледі. Балқия жеңгеміз – ауданға белгілі ұстаз. Ол кісінің ақылы мен талапшылдығының арқасында мәуелі ағаштай тәрбиеленген ұл-қыздары жоғары білім алып, қазіргі ортада өз орныдарын тауып, бала-шаға өсіріп жатқан жайлары бар.

Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін Рахым бауырымыздың жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес. Артта қалған, сағынышқа айналған, бірге жүрген

шақтарымыз жыл он екі айдың, қыстың ызғарлы аязында да, көктемнің шуақты күнінде де, жайдары жаздың күндерінде, қоңыр күздің түндерінде де еріксіз еске түсері сөзсіз. Өйткені, ол – біздің өткеніміз, бірге өткізген қимас шақтарымыз...

Асыл досым, қадірлі нағашым, Рекеңнің жатқан жері мамық, қабірстаны жарық, иманы жолдас болсын, отбасы, үрім-бұтақ ұрпақтарына Алла жақсылығын бергей!

ЕЛ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ ЕДІ

Серікбала ЖЫЛГЕЛДІҚЫЗЫ,
«Д.А.Қонаев» қорының мүшесі, зейнеткер

Рахым аға көптің ішінде өзім сыйлайтын, құрметтейтін азаматтардың бірі еді.
«Елінің атын шығаратын – азамат,

Аламанның атын шығаратын – қазанат» дегендей, туған жерінің туын көтеріп, еліне сіңірген еңбегімен жұртының мерейін асырып, көптің алғыс, батасымен көсегесі көгерген, еңбегінің жемісіне бөленіп, өсіп-өніп, отбасында ардақты әке, асыл жар, қадірлі ата атанған Рахым ағаның азаматтық ұстанымы, өмір жолы – әркімге өнеге. Ат жалын тартып мінген шақтан-ақ, қай жерде еңбек етсе де, үлкен сенімге ие болды. Қызметтегі өсу жолына өріс болған да сол-сенім. Аға елі артқан сенімін ақтай білді, абырой биігінен көрінді. Елім деп еміреніп, жұртым деп жүгініп қызмет етті. Басшылық қызметте бірге жүрдік, әкімшіліктің тапсырмасымен ағаның алдына бара қалсаң, ер азаматқа лайық байыпты, байсалды сабырлылықпен «қыздар, сіздер ер азаматқа бергісіз, нағыз азаматсыздар ғой, қыздарда жауапкершілік ерекше, талай іске бас болып, сан істе қолдарыңнан келетін дүниені, қажыр-қайрат,

кабілеттеріңді де көрсете білетін мықты жансыңдар
гой, ендігі шаруа былай» - деп тапсырмасын беріп,
ілтисіп шығарып салатын. Көбіне аудан көлемінде
өтетін мерекелерге қатысты міндеттерді жүктейтін.
Табанды еді, талапшы еді. Талай қоғамдық жұмыстарды
бірге атқарды. Ол кісі зейнетке шыққаннан кейін
де, қоғамдық іс-шаралардың бел ортасында жүрді.
Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі болды.

Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, аса көрнекті
мемлекет және қоғам қайраткері, қайталанбас ұлы
тұлға Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру, жұрт
жадында жаңғырту, ғибратты ғұмыры мен өнегелі
өмір жолын келешекке үлгі ету мақсатында құрылған
«Балқаш аудандық Қонаев қорының» төрағалығына
ұсынылғанда да ағаның осындай келелі істі атқара
білетін азаматтығына сенген едік. Осы қордың бұрынғы
төрағасы, марқұм Ләтіп Нұртайұлының орнына нағыз
лайық адам, аға деп білдік. Осындай көпшіліктің
ұйғарымымен Рахым аға осы аталған қордың төрағасы
болып сайланды. Біз қордың құрамындамыз. Ортақ
мақсаттағы атқарылар жұмысымыздың алдағы мақсат –
міндеттерін айқындап, жүйелі жоспарымызды құруда да
ұзақ жыл аудан әкімшілігінде жауапты қызмет атқарған
Рахым Нарбайұлының біліктілігі танылып тұрды.

Әттең, ажалға ара тұрар дәрмен бар ма, аға ойламаған
жерден өмірден өтті. Ақжарқын, жүрегі таза, пейілі кең,
әркімді бауырындай санайтын көпшіл жанның қазасы
отбасының ғана емес, көптің, елдің ортақ қайғысы
болды. Алла иманын жолдас қылып, алдынан пейіш
нұрын шалқытып, артына жақсылығын бергей, отбасы,
жары, бала-шаға, үрім бұтағы, ағайын-туыс, бауырлары
аман болып, Жаратқан ием жар болғай.

Ардақты азамат, аяулы Рахым ағаның жарқын бейнесі
жадымызда мәңгі сақталады.

ЕҢБЕКТЕГІ ҰСТАЗЫМ – РАҚЫМ АҒА

Әсембек ҚАМЗАЕВ

Мен, Рахым ағаны алғаш еңбек жолымды бастаған күннен білемін. Ол кісі маған еңбектегі жолбасшым, мемлекеттік қызметтегі ұстазым болды. Мемлекеттік қызметкерге қойылатын талап, жүктелетін міндет, оны абройлы атқару, нәтижелі көрсеткішке жету, бүгінгі жас маман ертеңгі ізбасарларына үлгі болар бас маман болу керек деп жиі қайталайтын. Жұмысымыздан ағаттық көрсе, кешіріммен қарайтын, білмегенімізді үйрететін, іскер азаматтарды үлгі ететін. Осындай жағдайда еріксіз ағаның көңілінен шығуға, сенімін ақтауға дайын тұратынбыз, өте талғампаз жан еді, бір ғана мысал, аудан, облыс деңгейіндегі өтілетін ауылшаруашылық көрмелерін өткізуде және жиын-тойларда аудан атынан арнайы тігілетін киіз үйлердің құрылуында көп көңілінен шығуға тырысатын, «жеті өлшеп, бір кес» деген халық мақалында айтылғандай, әр ісіне мұқият қарап, асқан жауапкершілікпен орындайтын Рахым аға өзгеден де соны талап ететін. Еңбекті бағалай білетін. Жақсы істің нәтижесін көргенде, риза болып, езуіне күлкі үйіріліп, арқадан қағып, «Ой, бәрекедді азамат!» – деп көтермелеп тастайтын.

Өзін көзінше мақтағанды қош көрмейтін. Асып-тасып сөйлегенін де, орынсыз дауыс көтергенін де көрмеппін. Өте мәдениетті кісі еді. Амал қанша, арамыздан мәңгіге алыстап кетсе де, көз алдымда сабырлы кейпінен танбаған, жайсаң ағаның жарқын бейнесі мәңгі сақталып қалғандай.



ЕРІН СЫЙЛАҒАНДЫ ЕЛІ СЫЙЛАЙДЫ

Нұрилла СӨНАБАЕВА

Мен, Рахым ағаның отбасын әріптесім Балқия тәтеммен танысқан шақтан бастап білемін. Балқия тәтеммен әріптес болдық, бір мектепте бірге қызмет атқардық. Жақсы жандармен жанассаң, бейне өз отбасыңдай болып, бауыр басып кетеді екенсің. Жанашыр әпкемдей болды. Ұстаздық мамандыққа машықтандырды, ол кісінің еңбектегі өмірлік тәжірибесін үйрендім. Екеуміз де қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысымыз, еңбек жолымда қандай да бір марапатқа ие болса, осындай тәлімгер жандардың еңбегі деп түсінем.

Балқия тәте арқылы Рахым ағаны таныдым. Ол кісілердің жанұясынан бірін-бірі шынайы құрметтеген ерлі-зайыптылардың сыйластығын көрдім. Екеуі де жар таңдауда қателеспеген жандар дер едім. «жақсы болса, алған жар» «ханым» десе болғандай деп халық даналығында айтылғандай, тәтем нағыз ханымға лайық жан дер едім, олай дейтінім, аға тәтемді солай бағалады, солай қадірледі. Өйткені, таңдап алған жары текті әулеттің тектілігін ұстанған, ата-ене сыйлаған, Алла адалынан салған келін болды. Елін сыйлады, ерін сыйлады. Қосағын піріндей күтті. Әулетінің керегесін кең етіп, өрісін кеңейтіп, қонысын құтты, босағасын мықты еткен аяулы жар, ардақты ана, қадірлі ене, асыл әже бола білді. «Ерін құрметтеген есікке отырмас» дегендей, тәтемнің орны қашанда ағамен бірге сыйлы төр болды. Жұптары жазылған жоқ, қол ұстасып тең жүрді. төртеудің түгелдігімен төріне бақыт қонған жанұя болды. Ол кісілердің татулығын, береке-бірлігін өзгелер үлгі етті.

Балқия тәтем ағаның атын тура атамайтын, біздің Рекең, балалардың әкесі, біздің үйдің атасы деп, бар

тілеуі бала-шаға, қосағының жолында еді. Үнемі бәйек болып жүретін. Қазы-қартасын, қымыз-шұбағын дайындап, май сөгін бұлап, айранын ұйытып, сүтін қайнатып, қаймағын қалқып, майыш шайқап, тары-талқанын пылап, жас балаша ағаның аузына тосып, өбектеп, жар құлағы жастыққа тимей, атасы Әтиіміне көрсеткен күтімін жасағанын көзімізбен көрдік. Аға да жарына сондай пейілмен қарап, тәтемді қолнаштап, қошеметтеп отырушы еді. Сыйластығы жарасқан, төріне бақыт қонған жарасымды отбасының жұбайлық ғұмыры – кейінгі ұрпаққа өнеге.

ҚҰТ МЕКЕНІМ – БОЯУЛЫМ



Айюб АНИПИН

Қайнаған еңбек заманға сай боп
тынысың,
Азаматтары молайтқан байлық
ырысын.
Ер жігіттері достықты берік сақтаған,
Шапағат шашқан жүректің мейір-
жылысы.

Бояулым менің,
Аяулы жырым,
Жасыл желекпен безенген,
Бояулым менің,
Дәулетті елім,
Атамекенім ежелден.

Жастары өсіп, арман қуғаны есімде,
Меймантай туған, Балтағұл туған төсінде.
Қазаны қайнап, ауылы жайнап жарқырап,
Ақ дастарханы жайылған әр кез кешінде.

Арайлап таңы, нұрға бөленген аймағы,
Құлпырып бүгін Бояулым гүл-гүл жайнады.
Кеңесхан, Айтжан, Қалтайлар шыққан ауылда,
Серікбай, Рахым, Есекең – елдің қаймағы.

Іленің ескен қоңыр самалы аймалап,
Жиденің иісі, шеңгелдің иісі толы алап.
Табиғаты ерекше, әсем жаралған
Бояулым менің, тоғайы-торғын, жер жаннаты

17.02.2016 жыл.

ӨЗДЕРІҢСІҢ – БАҚ, ҚҰТЫМ, БАУЫМ-БАҒЫМ, СҮЙЕНІШІМ, ҚАНАТЫМ, БАУЫРЛАРЫМ

ӨЗІҢДІ ЖҮРМІН САҒЫНЫП



Рахымбек Байділда,
інісі

Алдымда ақ қағаз, қолымда
қалам, өткен өмір тізбегі көз
алдымнан жылжып өтіп жатыр.
Шіркін, өмір-ай десеңізші.

Сұм дүние, сусылдаған
сынаптайсың,
Таулардан құлап аққан
бұлақтайсың.

Ортекедей секірген тастан-тасқа,

Қу жалған, қайда барып тұрақтайсың?! – демекші,
қайран бауырым, асылым, жанымның жартысы,
бүтінімнің бөлшегі, сырқасам-сүйеуім, жабықсам-
жайлауым, тарықсам- қазынам болып, қамықсам

қасымнан табылған, Рекем, сен өмірден өткелі, арамыздан алыстап мәңгілік мекеніңе кеткелі де жылға жуық уақыт болып қалыпты.

Иә, бірге тумак бар да, тағдырдың жазуымен бірге жүрмек жоқ екен, әркімнің пешенесіне жазылған уақыты тоқтағанда, жақыныңнан айырылып, жан дүниен аза тұтып жоқтағанда, еріксіз мына дүниенің жалғандығын тағы бір мойындайды екенсің. Тумак бар да, өлмек бар, әйтеуір өзекті жанға бір өлім барын білсек те, аякасты болған қаза қиын екен. Арман шіркін таусылған ба, ауырып, ақ төсекте жатып, басыңа жастық қойып, аузыңа су тамызып, ақырғы демің бітерде қасыңда болып, қоштасып, соңғы сөзіңді естіп қала алмадым! Маңдайыңнан иіскеп, дидарыңнан сипап, қолыңнан алып, бауырыма қысып, мауқымды басып, кешу айтыса да алмадым... Ең өкініштісі- осы! Мейірімді жүзіңді ең соңғы рет бір көріп, жылы сөзіңді ести алмай қалдым. Бәрібір айтар аманатыңды білемін, сеземін. Көзіңнің тірісіндегідей, «тату болыңдар, ынтымақтарыңнан айырылмаңдар, үлкендерің кішіге қамқор, кішілерін үлкенге мият, демеу болыңдар» дер едің...

Біз он ағайынды едік. Жырауларша айтқанда, «бір анадан он едік, онымыз бас қосқанда, жер қайысқан қол едік» дегендей төрт көзіміз түгелде, төрт құбыламыз тең еді, керегеміз кең еді... Төртеуі өмірден өтті. Тәубә, орнында бар оңалар дегендей, өмірлерінің жалғасы ұл-қыздары бар, бүгінде ұрпақтары - өсіп өнген бір-бір отбасы.

Әке- шешеміздің берген тәрбиесі- тату болдық, іргеміз ажырамай, бір-бірімізді іздеп, жан-жақта тұрсақ та, қуанышымызды бірге қызықтап, қайғымызды бірге бөлістік, сағынысып көрісіп, қуанысып қауыштық. Балаларымыз да сол тәрбиені алды. Үлкендер айтып отырушы еді «жақсы әке - балаға қырық жыл азық» деп, әкеміз Байділде мен анамыз Боранбикенің ел алдындағы құрметі, ағайын-туыс арасындағы бірлігі,

кейінгіге қалдырған өсиеті, сыйы бізді де құрметке бөледі. Ата-анамыздың көзін көргендер «тектінің тұяғы, Әтидің ұрпағы» деп, қай-қайсымызды болсын үлкендері айналып-толғанып, кішілері ізет көрсетіп жатады. Рекеңнің отбасы қарашаңырақ атанды. Әке-шешеміз Рекең мен жеңгеміз Балқияның қолынан атанды. Екеуі береке-бірлігіміздің алтын қазығы болды. Бірі әкеміздің, бірі анамыздың орнын жоқтатпады. Арқасы бесікте, аузы емшекте қалған ешқайсымыз жоқ, десе де әкенің орны бөлек, шешенің орны бөлек қой, әкеміз - Рахым, анамыз - Балқия болды. Бәріміздің бас қосып, ақылдасар жеріміз де, арындап сөйлеп, аршындап басып кірер ақ босаға, шығар төріміз де сол үй. Мереке күндері, той-думанда бәріміз жиналып, басқосар алтын қазығымыз, бір дастарқаннан дәм татып, бір қазаннан ас ішіп, мәре-сәре болып қайтатын ақ ордамыз да осы үй. Рекеңнің отбасы, киелі қарашаңырағымыз- тілекші тұрағымыз болса, Балқия жеңгем бәрімізге жол көрсетер шырағымыз болды. Бірінен әкедей қамқорлықты, бірінен анадай жүрек жылуын сезіндік. Жеңгем келін мен отбасының арасындағы татулықты сақтаушы, бауырымыз бауырлар арасындағы сыйласымдылықтың жарастығын жақтаушы болды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, кішілеріміз үлкендерге илдік, үлкендеріміз кішілерге сүйіндік. Осының бәрі - аға-жеңгеміздің ата-анамыздың аманатына адал болып, бізге пана, сая бола білгені. Жеңгем Балқия мен жолдасым Бибісара өте тату еді. Жеңгем Бибісараны өзі жетпеген жерлерге жұмсап отырушы еді. Шүкір, кейінгі келіндері де осы тәрбиені ұстанды.

Ойлап отырсам, әке-шешеміз бәрімізді үй тірлігіне, ата кәсіпке ерте баулыпты. Қыздар шешемізге қарап, тон пішіп, ұлдар әкемізге қарап, оқ жонып дегендей, қандай іске, қандай шаруаға болса да, бейім, епті болдық.

Әкеміз жасымыздан біздерге, ер балаларға қазақтың байырғы дүниетанымынан хабардар етіп, ежелгі қазақ

өлшемдері, қашықтық, ұзындық, салмақ, тереңдік қалай аталатынын, табиғат құбылыстарының құпиясын, ай аттарының сырларын, мұсылмандық және қазақша жыл санау жүйелерін, мүшел жас, шежіре тарату, үш жұрт, ағайын, нағашы, қайын жұрттың туыстық қатынасы туралы ұғындырып, қазақтың салт-дәстүрлерінен де таным беріп, санамызға құйып өсірді.

Ішімізде осының бәрін Рахым тез ұғынып, тез үйреніп алатын. Әкеміздің табиғат құбылысына, ай аттарының сырына қарап, ауа райын болжайтын қасиеті де Рекеңе дарыды. Күннің райын алдын ала болжап, айтып отыратын, қатарлары «Рахымның айтқаны дәл келеді» дегенін талай естідік. Тұрмыс-тіршілікке қатысты кәсіптік өнердің адам баласы үшін өте маңыздылығын да әкенің айтуымен үйрендік. Тері, ағаш, сүйек өңдеу шеберлігі, ұсталық, зергерлік өнер жайында да әкеміз көп мағлұмат беретін. Мағлұмат алып қана қоймай, қолымыздан келгенше, үйренгенімізді іске жараттық. Киіз үйді тігу, жабдықтарын құру, жығуды да Рахым өте жақсы меңгерді. Беріде ауданда өтетін мәдени шараларда киіз үй тігіп, кісі күтуде, тіпті облыс орталықтарына көшпелі көрмелер апаруда да Рахымның басшылығымен талай істер атқарылғанына ел куә.

Бала кезімізде шыбық алып, қозы бағып, қой қайырдық, тай үйретіп, атқа міндік, осының бәрінде Рахым не нәрсені болса да тез қағып алатын алғырлығын көрсетіп, әкеміз риза болып жатушы еді. Осылай бауырымыз әкеден үйренгенін, білгенін бізге үйретті. Әкемізден естіген шежірелі сырға толы аңыз-әңгімелер мен қызғылықты тарихи оқиғаларды Рахым ойына түйіп қана қоймай, қойын дәптерлеріне түсіріп, әулеттің шежіресіне дейін жазып жүретін. Ол кезде аса мән бермедік, қазір міне, өз қолымен жазып кеткен шежіресі ұрпақ үшін, күллі әулетіміз үшін, келешегіміз үшін аса қажет сый-кәде екенін ұғынып та жатырмыз. Әкемізден кейін әулетімізде бата беру рәсімі де Рахым

бауырымның еншісіне тиіпті. Ол батаны жақсы беретін. Қазақтың ырым, тыйым сөздерін де берік ұстанатын. Осының бәрі – әке-шеше ұлағатын, тәлім, тағлымын құлағына құйып өскендігі.

«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, уақыт өткен сайын бауырымның қадірі артып, жүректегі сағынышымның салмағы ауырлай түскендей...

Тай-құландай жарысып, тел қозыдай тел өскен бауырым, алдымдағы ағатайым, Рахымым, сағындым сені, сағындым! Күн өткен сайын сағынышқа айналған сағым бейнеңді түсімде көрсем, өзіңді көргендей, әсерінен арыла алмай жүремін. Іздеймін, құлазыған көңілімдегі ойсыраған орныңды толтыра алмай, шарқ ұрып іздеймін, бауырым! Қамығып жүрмін, сағынып жүрмін, сағынып жүрмін өзіңді, екі үйдің арасын жол қылған сағынып жүрмін ізіңді! Сағынып жүрмін дидарыңды, жүзіңді, көзіңді, сөзіңді, өзіңді!

Алла рахымына бөлесін, орның жаннәттың төрінде болсын, бауырым! Шүкір, тәубә, өзіңді аңсап келгенде, есігіңді ашып қарсы алар жеңгем, төредей сыйлап төрін ұсынар ұлың, келінің, алдымнан «аталап» шығар немерелерің бар, жабыққан жаным бір сәт дамылдап, сағынышымды басамын...

Алла алдыңнан жарылқасын, иманың салауат болсын!



АТЫНА ЗАТЫ САЙ АЗАМАТ ЕДІ



Балапан ӘДІЛХАНОВА,
Балқаш ауданының Құрметті
азаматы

«Есік алдында төбең болса, ерттеуді тұрған атпен тең, ауылыңда қартың болса, жазулы тұрған хатпен тең» – демекші, қазыналы қартының қадірін ұғынған, ата-аналарының аманатын арқалап, ұлғатты ұядан ілгенін, өмірден көргенін, көкейге түйгенін ұрпағына үлгі етіп, ақтұма бұлақтан бастау алып, айдынды дарияға айналғандай, әулетінің абыройын асырып, дәулетін шалқытып, еңбегімен елінің ертенін, ұрпағының келешегін кемелдендірген, нағыз жақсылығын айтып, нұрын тасытуға лайық жаңдардың өзі де, сөзі де, істеген ісі, артында қалдырған ізгілікке толы ізі де ешқашан ұмытылмақ емес.

«Көргені жақсы – көш бастар» дегендей, Іле-Балқаштың Байділдәсы, халқының қадірлі қариясы атанған, елі құрметтеп төріне шығарып, төбесіне көтерген батагөй ақсақалдың, ел анасындай болған Боран ападай данагөй ананың ұрпақтары, ұлды-қызды өсіп-өнген үрім-бұтақтары да, қай-қайсы болсын мақтауға, мақтануға тұрарлық, сый-құрметке лайық.

Біздің Рақым тектілігі тегінен дарыған осындай әулеттен шыққан азамат еді. Ол – артымнан ерген сінділім Балқияның құдай қосқан қосағы, жарты ғасыр отасқан жары, менің туған күйеубалам, жанашырым қамқорым, таянсам – тіреуім, сүйенсем – сүйеуім болған етжақыным, бауырым еді. Балқиям мен Рекем 1972 жылы отау тігіп, шаңырақ көтеріп, үйленіп, үй болды. Құдамыз, Байділдә қарияны бала шағасынан бастап, әулеті, жамағайын туыстарға дейін, атын тура

атамай, «Әти» деп сыйлайтын. Біз үшін осы ат ол кісінің құрметіне берілген атақ, шендей көрінуші еді. Біз де Әтиім деп кеттік, өмірден өткен анамыз да, бауырымыз да Әти деп өтті. Екі жақтағы құда-құдағилардың бір-біріне деген ықыласы ерекше еді. Балқия мен Рақымның арасынан қыл өтпестей татулығы, олардың екі жаққа бірдей көрсеткен сый-құрметі екі жұрттың арасын жақындата түсті, құрмет, қошеметтерін арттырып, мерейлерін асқақтатты. Рекең менен жасы үлкен болғанымен, жолымды сыйлады, алдымнан қия өтіп көрген жоқ. Қадір мен Рекең екі аяқтыда бажа татудың шындығын ұқтырғандай, жұптары жазылған жоқ, тең жүрді.

Бақытымыздың баспалдағы болған босағамыздың, шаттық ұялаған шаңырағымыздың, татулыққа тұғыр болған төріміздің, қыдыр қазанымыз қайнаған ошағымыздың киелі қазығына байланып, Алланың бұйыртқан жақсылығын бірге көріп, бірге бөлісіп, қызық-қуаныш, тойымыз ортақ болды. Осының бәрінде Қадекең мен Рекең бас болып жүрді. Аттарына заттары сай, Қадір десе – қадірін ұқтырған, Рақым десе – рақымын төккен азаматтар еді ғой!

Жалған дүние, қайтейін?! 2011 жылы Алланың жазуы, жазмышқа қарсы, ажалға ара тұрар шара бар ма, Болатым мен Қадірім арасына үш күн салып, бірі жол апатынан, бірі қайғыдан қарс айырылған жүрек азасынан бірінің артынан бірі кете барды. Аспаным айналып жерге түсті, қайғының уын ішіп, қасіретін тартқан қаралы күндерімнің, азалы айларымның, жоқтаулы жылдарымның батпан жүкті салмағын да, тағдырдың салғанын да бауырлық жүрегімен бірге бөліскен Рақымым мен Балқиям болды. Арыстарымның соңғы сапарға шығарып салудағы рәсімінің қалай өтіп жатқанын да білмедім, бәрін екеуі реттеді. Жаназасын өткізіп, жетісі, қырқы, жылын беріп, барлық міндеттерін атқарып, мәңгілік үйі қорымдарын да тұрғызып, белгі тастарын қойған да солар.

Уақыт емші деген, бәрі өтті ғой, қайғы басқан қырық жамау, шұрық тесік жүрегімнің, ұйқысыз өткізген түндерімнің, күлкісіз өткізген күндерімнің жүгін бірге көтеріп, жаныма жалау, көңіліме демеу болған Рекеңнің өзі де өмірден өтіп кетті. Қайтейін?!.. Іздеп тұратын, қасына Балқиямды ертіп алып, салып ұрып жетіп келуші еді-ау, қажет кезде қасымнан табылатын, қолы сәл босай қалса, қал-күйімді сұрап, үйге келіп, әңгімесін айтып кетуші еді. Мерекелерде сыртта жүрсе, телефон шалатын.

Мәселе дүниеде емес қой, жоғымды жоқтатпай, қажетіме жарап, қабағыма қарап тұрушы еді-ау. Қыс ақтарып соғымымды сойып, жаз керегімді тауып, қойып кетуші еді.

«Бақытты болар жігітке маңдайына жазған бағынан береді, немесе қасындағы адал жарынан береді» дейді ғой дана халқымыз, маңдайының бағына да, қасындағы жарына да Алланың адалынан берген сыйы – Рекең мен Балқия өте жақсы, жарасты өмір сүрді. Тәубә, артында ұрпағы бар, еңбегін бағалар елі бар, жанашыр туыс-жұрты бар.

Рекеңмен қызметте де қатар жүрдік, халықтың адамы болдық. Кеңестік дәуірдің тәрбиесін көрдік, тәртібіне бағындық, қоғамның ыстығына бірге күйіп, суығына бірге тоңдық. Еліміз Тәуелсіздік алған кейін де, заман көшін нұрландыру жолындағы игілікті істерде де жауапты қызметті бірге атқардық.

Өмір атты жарыс жолындағы бәйгеде бірге шауып, жүлдеге бірге жеттік.

Рекеңдей өз ортасында озық айтар ойы бар, қоғамда ойып олар орны бар іскер азаматтармен қатар жүріп, көп нәрсені үйрендім, шыңдалдым, шынықтым, өзгеге үйреттім. Ол – өте сабырлы, көп сөйлемейтін, істің адамы еді. Жаратылысынан бойына біткен табиғи тазалығы, парасат-пайымы адами келбетін, азаматтық болмысын айқындай түсетін табандылығымен көпті

мойындатқан азамат болатын. Іздеймін, жоқтаймын, орны ойсырап тұр, еске түссе, жылап та аламын, жылап та қаламын. Пейілі дархан 100 жасайтын-ақ азамат едің, Реке, амал нешік?!.. Қиямет күні Алла амал дәптеріңді оңынан беріп, жаннаттан орын нәсіп еткей, артыңа қайыр-берекетін берсін.

Жарқын жүзді Жайсаным, асыл бейнең жадымызда мәңгі сақталады.

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖЕЗДЕМ ЕДІ



Нағымжан ӘДІЛХАНОВ,
қайынысы

«Әкенің жақындығы жездедей» – деген пікір жастау кезімізде ерсілеу көрінетін. Бұның мәнісін есейе келе ұғындық.... Үлкендер тегін айтпаған екен, дана халқымыз әкенің бағасын түсіру үшін емес, туған әкеңдей мейірімді, қамқор болып, әке орнын жоқтатпаған жақсы жездені құрметтегендіктен айтқан екен ғой. Рахым аға осындай бағалауға лайық жан еді, әкеміздей қанатының астына алып, қамқор болған тілекшіміз еді. Жаны жайсаң жездеміздің жақсылығын көп көрдік, жасаған жақсылығын ешқашан пұлдап көрген емес. Аға үш жұртын да тең көрді, өзінің оларға жасаған жақсылығы алдынан сый болып қайтты. Бәріміз ағаны жақсы көрдік, қуансақ қуанышымызға ортақ болды. Жабықсақ, көңілімізге демеу болды. Арқа сүйер ақылшымыз болған ағамыздың қазасы бәріміздің жанымызға қатты батты.

Амал қанша?!... Қол жайып, Жаратқаннан тілеріміз – Алла ағамыздың алдынан жарылқасын, артындағы

ЕСТЕЛІККЕ АЙНАЛҒАН, ҚАЙРАН ӘКЕМ, АРДАҒЫМ, КӨП ЕДІ-АУ АСЫЛ АРМАНЫҢ...

Пәнидің жауып қақпасын, бақиға бұрып атбасын, кемесіне мініп келместің, мәңгіге кеттің аттанып.

Өткеннің бәрі – естелік, кеткеннің бәрі – естелік, керуен өмірдің көшінде бабалар кеткен ізбенен көшкеннің бәрі – естелік....

Шуақты нұрлы сәулелі, артта қалған дәуренің, бәрі де, бәрі – естелік.



Әкеміз – Нарбаев Рахым Байділдәулы



Әкеміз
НАРБАЙҰЛЫ
БАЙДІЛДӘ
(1907-2001 жж.)



Анамыз
НАРБАЙ КЕЛІНІ
БОРАНБИКЕ
(1914- 1989 жж.)

ЖЕТКІГЕН БІЗДІ АРМАНҒА,
ӘТИМНІҢ БАТА – ТІЛЕГІ.
АСЫЛ ӘКЕ, АНАМ МЕН,
ӘЖЕМНІҢ АППАҚ ТІЛЕУІ.

ТУҒЫРЫНАН ҚЫРАН ҚАНАТ ҰЛАНДАРЫ
ТҮЛЕП ҮШҚАН,
БАҚЫТ ҚУШҚАН БАҚ МЕКЕН



Алматы облысы
Балқаш ауданы



БАЛҚАШЫМ – БАЙЛЫҚ ТҮНЫП,
БАҚ ҚОНҒАН ЖЕР, ЕЛДІГІ,
БІРЛІГІМЕН МАҚТАНҒАН ЕЛ.
АТА-БАБА ДӘСТҮРІН АРДАҚТАУМЕН,
ҚАЗАҚЫ ҚАСИЕТІН САҚТАҒАН ЖЕР.

НАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШЫҢДАҒЫ, БОЯУЛЫ – ҚҰТТЫ ҚҰНДАҒЫ



«Әркімнің туған жері – өзіне мысыр шаһар дегендей, алыс жүрсем – аңсарым, сағынып келсем – жайлауым, шөліккеп келсем – кәусарым болған, осы бір ат төбеліндей аядай ауыл, Бояулым – мен үшін жүрегіме жылылық шуағын төккен, ата-жұрттағы бауырларымыздың қаймағы бұзылмаған, ынтымағы сақталған, баға жетпес құтханасы. Талай тарлан тұлғалардың ақ бесігі болған, алтын тұғыры. Ата қоныс қойнауындағы ұлағаты ұрпағына үлгі болған ардақ тұтар бабаларымыздың, дария гұмыр даналарымыздың шежірелі мекені»

Балтағұл Молдақасымұлы

ЖАЙСАҢ ЖАННЫҢ ЖҮРІП ӨТКЕН
ЖАРҒЫН ЖОЛДАРЫ



**Нарбаев Рахым Байділдәұлы,
Балқаш ауданының Құрметті азаматы**

Ардақты әке – асылым, ақ маңдайлым,
Нұр шуағын ұрпаққа шашқан дәйім.
Өнегелі, өрісті өмірің мен жүріп,
Өткен жолдарың дастандайын!

ЕЛІМЕН ЕГІЗ ТІЛЕГІ, ЕЛІМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ, БАЛҚАШТЫҢ АРДА АЗАМАТТАРЫ




Есімов Айтжан,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Қожабеков Кеңесхан,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Нұрбеков Мәкей




Аманбаев Қияс
Үркінбайұлы



Молдақасымов
Балтағұл,
Алматы облысының
Құрметті азаматы



Досымбеков
Тынышбай,
Алматы облысының
Құрметті азаматы
а.ш.ғ. докторы.



Қожабеков
Сауытхан



Қасымов Сырым,
Алматы облысының
Құрметті азаматы



Айдарбеков
Есенгелді,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Оразбаев Серікбай,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Сыдықов
Мырзабек



Байболов
Қызыргелді



Қыстаубаев
Әбдіжапар,
Қазақстан
Республикасының
Құрметті азаматы



Юсупов Ғабиден,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Атайбеков Бақыт,
«Динара Ранч» ЖШС
асылтуды
репродукторының
иесі



Қонысбаев Нүркен,
Балқаш ауданының
Құрметті азаматы



Молдақасымов
Азамат,
кәсіпкер, меценат



Доспанбетов
Маханбай



Айтжан аға Рекеңнің мерейтойында



Ермұханбет, Бақыт аға, Тынышбай, Рекең



Рекең аудандық конференция мінберінде



Рекең, Ерғазы, Жанұзақ, Сабыр



Рекең, Жақсылық, Марат, Серікбай



Ұлы Жеңіс салтанатында



Әкеміз Байділдә Нарбайұлы
дәуірінің дана тұлғасы
Д.А.Қонаевпен кездесу сәтінен



Рекең ардагерлер арасында



Аудандық Қоғамдық кеңес жиынында



Балқаш ауданының Құрметті азаматығын алу сәтінде



Рекең әріптестестер арасында



Жеңіс аға Рекеңнің
мерейтойында



Балқаш ауданының 80 жылдық мерейтойында



Балқаш аудандық партия конференциясының
делегаттары



Кәсіби білімін жетілдіру



Астана қаласында ауылшаруашылық көрмесінде



Жасыл шырша мерекесінде



Әріптестер мерейтойда



Мерейтой жұлдызды сәтінен



Әріптестер арасында

АЛТЫН ТҰҒЫР, АҚ БЕСІК – ҰШҚАН ҰЯМ



Анамыз Зәуре, әкеміз Әділхан



Анам Зәуре, жеңгем
Жеңіскүл, інім Талғат



Садықов Тоқмағанбет - сол
кездегі Абай атындағы ҚазПИ-
дің ректоры және декан, тарих
ғылымының кандидаты -
бауырымыз Шабден
Әділханұлы



Бауырымыз
Ануар аға (оң
жақта)



Бауырларымызбен бірге, той сәтінде



Әпкеміз Балапан (оң жақта)



Бауырымыз Нағымжан, келініміз Зәуреш, жеңгеміз Света, әпкелерім Бүбіхан мен Балапан, жеңгеміз Орынбала, жездеміз Мақсұт

Жетелеп немересін, шөбересін,
Ұрпағымен кең жайған керегесін.
Бір атадан тараған асылдардың,
Ұрпағымыз көгерген көсегесі.



Рақыш тәте, Лиза тәте, Кеңесхан аға, Айтжан аға,
Рақымбек, Қияс аға



Рекең, әпкесі Рақыш тәте, жезделері Мәкей аға мен
Қияс аға



Жанкүміс тәте, Балтағұл ағалармен



Текті сөздің төресі – бабадан қалған ақ бата



Жанат тәтенің қуанышында



Кенжекүл қарындасымен



Рақымбектің отбасымен



Ербол, Айдос, Ғалым, Айбол, Нұрбол



Айдос пен Сандуғаш



Бір атаның балалары -
Ғалым мен Тойшыбек



Раушанның отбасы



Сәуле, Анарбек,
Гулялармен



Мәкей ағаның отбасымен Айдар мен Айгүл, Гайдар мен
Шырын, Рауандар



Қияс ағаның балалары Рекенді құттықтауда

КЕЛІНДЕРІ ТЕКТІ ЕЛДІҢ,
АРҚА СҮЙЕР АБЫСЫН – ӨНЕГЕМНІҢ МЕКТЕБІ



Жеңгесі Артел еншілес қайныларымен



Абысындар - Жанкүміс тәте мен Балқия



Абысындар - Нұржамал мен Балқия



Әулет келіндері - Гүлайым, Венера, Гүлшат, Шырын,
Сандуғаш, Айжан



Әтиімнен тараған ұрпақтар Әкеміз бен Анамыздың
мерейтойында

**ӨМІРІ ӨТІП КӨРМЕГЕН АРАДАН СЫЗ,
ӘТИІМДЕЙ АБЫЗДАН САН АДАМБЫЗ,
СОЛ ӘУЛЕТТІҢ ІШІНДЕ РАХЫМ ӘКЕ,
БАЛҚИЯ АНАМЫЗДАН ТАРАҒАНБЫЗ**





Ата (Ұлы ата)
Байдiлдe Нарбайұлы



Әке
Рахым Байдiлдeұлы



Бала
Ғалым
Рахымұлы



Рахимов Айсұлтан
Ғалымұлы
3-а сынып

Немере
Айсұлтан



Немере
Дiнмұхамед



Әкеміздің қара
шаңырағы
көрмеде.
Бауырлары
Усатай аға,
Рашид аға



Немерелер
Нарбота, Даниял



Немерелер
Абылай, Аружан, Даниял, Ақжан,
Дінмұхамед, қызы Сәуле, Іңкәр,
Жанна, Диляра



Әтиім шөбересі
Дилярамен



Атасы және қызы Сәуле, немерелері Аружан, Нарбота,
Димаш, Ақжан



Шөбере
Дәмелі



Күйеубаласы Асхат,
қызы Сәуле



Күйеубаласы Ерлан,
қызы Рауан



Ұлы Ғалым, келіні Гүлшат

СЫЙЛАСТЫҚТЫҢ ЕСКЕГІН БІРГЕ ЕСКЕН,
ҚОС ШЫНАРДАЙ ЖАРАСЫП БІРГЕ ӨСІП,
ӨМІРДІҢ ӨТКЕЛІНЕН БІРГЕ ӨТКЕН,
ҰМЫТЫЛМАС СӘУЛЕЛІ ЖЫЛДАР ЕСТЕН



Қуанышты күніміздің куәгерлері – Өмірхан, Нағымжан,
Талғат



Айнымас асыл достар – Рекең мен Есенгелді



Оқушы және студент - Серікбай мен Рахым





Есенгелді, Рахым, Ергелді, Серікбай балалармен
мерекелік кездесуде



Әсем қала Алматыда.
М.Горький паркінде



Демалыс сәтінен



Гаухар, Әдеш
тәте, Рая, Балқия,
Бибісара,
Есенгелді және
балаларымыз
Ләйлә, Ербол,
Жанат



Рекең достарымен бірге



Демалыс сәтінен



Саятшылар Елгелді аға, Рекең, Айдар, досы Сабыр



Гүл шоғын қою сәтінен



Көктөбедегі демалыс сәтінен



Балқия, Рекең, Рая



Кел билейік, екеуміз, думанды тойдың кешінде
Бақытты күндердің жұлдызды сәттері



Достар мерейтойда



Тойымыз тойға ұласқан қуанышты сәттерден



Мерейтойда

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,
Келбетіңнен сенімнің күшін көрем...



БӨЛЕГЕН ӨРІСІМДІ ГҮЛ ӨҢІРГЕ, ҚҰДАЛАР – ҚИМАС ЖАНДАР БҰЛ ӨМІРДЕ



Құдамыз
Асылхан мен
құдағимыз
Дәметжан



Құдамыз
Асқар мен
Әлияш



Немереміз Диляраның ұзатуы мен құда сыйы



Қайрат құданың құда сый - құрметінде



Рекең құда сыйында

Нарбаевтар жанұясы - 2017 жылы Алматы облысы Талдықорған қаласында өткен облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, бас жүлдеге ие болып, әулет мерейін асырып, Балқаш ауданы абыройын асқақтатқан отбасы.

Алматы облысы
Балқаш ауданы

Ынтымақ ордасы -
Мерейлі отбасы

*Нарбаевтар
жанұясы*

2017 жыл


Біздің мемлекетімізде басты назарға алынған ұрпақ өрбіту, денсаулығын сақтау мен қатар әр отбасын қорғау болып табылады. Әсіресе отбасының негізгі міндеті - балаларды өсіру, оларға лайықты білім беру және азаматтық қатынастарда орын табуға көмектесу, сол үшін отбасы берік және сенімді тірек болуы тиіс.

Осыған орай әр отбасынан салауатты өмір салтын құрма, салт-дәстүрді сақтап, өз тіліні құрметтеп, мұттымақтастықтың пай парасаттылығы бізінде мерейлі өмір сүруіне шақырамыз.

Нарбаевтар отбасы

Менің отбасым-ол менің тірегім

*Атадан ұлағат -
ұрпаққа аманат*



Ұлы отан соғысының ардагері, елі сыйлаған құймақұлақ шежіреші, көкірегі ояу, ісінсізін жоғары, батағой, адалдығы мен әділдігі, шешендігі, өзгеше-дәссалаар мен шешендік сөздерді патша айтамын өкенис Нарбаев Байділдан далаған өсет: "Өтірік айта, біреудің ала жібін аттама"

Адам мәңгі өмір сүрмейді, мәңгілікке қалатын ортында қалдырған сүйегі мен сөз мұрасы. Ол кісінің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы - ата-бабаларымыздың тарихын, ұлағатты сөздерін, шежірелерін, ұғамың пен тектілігін жеткізгендігі және ел игілігі үшін атқарған сүйектері.

Менің отбасым -
ол менің қуанышым

Нарбаев Рахым - отағасы, Балқаш ауданының құрметті азаматы
Әділханова Бахтия - ҚазСӨР халық ағарту ісінің озық қызметкері

Нарбаева Сәуле Рақымықызы - қызы, мемлекеттік қызметкер

Нарбаев Галям Рақымықызы - ұлы, мемлекеттік қызметкер

Рақымова Рауан Рақымықызы - қызы, мемлекеттік қызметкер

Асқарова Гүлшат - келіні, қызметкер

Немерелері:


Диляра - ҚазҰУ-нің Халықаралық қарым-қатынас факультетінің түлегі

Аружан - 11 сынып оқушысы, Алтын белгі үміткері

Дымаш - физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы

Ақжан, Іцкәр, Нарбота, Даянал, Айсултан мектептің озық оқушылары

**Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына
үлес қосып отырған отбасыңыз марапаттары**



Әкеден ақыл - анадан мейір



**Үлкендіктің белгісі - оны тектілік деп атайды.
Ол отбасынан, табадырмұтан басталады**



"Еліміз бақыты төрбеттен Тауасізіді"

"Мәугілік ел" жаһаннұттық идеясын
өмірде іске асырудың ірге тасы білім шаңырағы-
мектепте қалыуу тиіс.
Остағас Нарбаев Рахымның немерелері
оқу ояттары



Тәрбие бесіктен, кие шаңырақтан



Балаңа берер басты еңшің-
тәрбие.

Екінші еңшің- оқу.

Шаңырағыңды ұстап қалаар
ұлыңа содан кейін өсет етерің-
ұлыңның тілі, діні, ділі.



Әке!

ӨЗІҢІЗ ШЫҚҚАН ТҰҒЫРДАН,
БИІККЕ БІЗДЕР САМҒАЙМЫЗ,
ТӘЛІМ АЛЫП ҮЛГІ ҒҰМЫРЫҢЫЗДАН,
ӨМІРДІҢ ЖОЛЫН ЖАЛҒАЙМЫЗ!



Отбасының бағын жары ашқан,
сыйластығы жарасқан қос шынары әулеттің



Алматы облыстық мәдениет
күнінде Рахым қызы
Сәулемен



Жан нұрым, жақұттым, байлығым, бақытым -
ұл-қыздарым, ұрпақтарым



Ғалым мен Нұрбол



Табиғат аясындағы демалыс сәтінен Рахым, Балхия,
Рахымбек, Қалдыбай, Кенжекүл, Сәуле, Ғалым, Гүлшат,
Рауан



Гүлшат, Сәуле, Аружан, Нарбота, Ақжан



Рауан, Ерлан, Гүлшат,
Нұржан – Айнұр, Жандос
– Ақнұр



Бауырымыз Нариман мен
Ділшат



Ғалым, Гүлшат, Аружан



Немереміз Аружанның
диплом алу сәтінен



Мектеп директоры Даupasқызы Жайдардың немереміз
Ақжанға аттестат тапсыру сәтінен



Алматы облысы әкімі А.Баталовтың немереміз Аружанға
«Алтын белгі» тапсыру сәтінен



«Алтын белгі» иегері –
немереміз Іңкәр



Немереміз Диляраның ұзату тойында



Димаш ата көпірінде, демалыс сәтінде



Рекең мен Асқар Астанада



Рахымқызы Рауан, Алатау ауданы салық комитетінің бөлім басшысы



Балалардың бақыт тойы тойлансын



Күн ғой бүгін
жарылған, ақ
түйенің қарыны,
айтылды тілек-
баталар, алаулап
ыстық жалыны!



Қашанда елді көгертер, ағайындар, бата ғой, қол жайып
бата сұралық, әкемізден батағөй!



Рекеңнің немерелері Дия мен Аружан



Бүгін бізде қонақта:
Ақжан, Венера,
Нарбота, Айсұлтан,
Аяулым, Айсана,
Көркем, Нұрәли



Бауырлармен бас қосқанда - Нұрбол, Ғалым, Нұржан




Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық
салтанатында Ғалым Рахымұлының марапатталу сәтінен



Рекеңнің сырқаттанып жүрген кезіндегі
ошағындағы соңғы күні.

отбасы, бала-шаға, әулетіне рақымын төксін. Жаны жәннатта болып, ұстағаны – шырақ, мінгені – пырақ болғай.

ЕГІЛМЕЙ ЕСКЕ АЛУ МҮМКІН ЕМЕС



Молдабек Жексенбек,
құдасы

Көзді ашып-жұмғанша өте шығатын қызылды-жасылды мына базарлы дүниеде Алланың бұйыртқан жақсылығын көрдік, алпысты еңсеріп, жетпіске қадам бастым. Жасым 67-де, осы уақытқа дейін «өмірді көрдім, талай нәрсені білемін» – деп ойлаушы едім,

оным бекер екен, ол өлшемімді Рекеңді көргеннен кейін бағамдадым. «Құданы құдай, досты Пайғамбар қосады» дейді ғой, жаратқанның қалауымен қыз алысып, қыз берісіп, Құдай қосқан құда болдық. Жақсылықта жүздесіп, ақ ниетте тілдесіп, мың жылдық туыс, бауыр атандық. Келінім Диляра мен ұлым Ардақтың қол ұстасып аттаған қадамына құт тілеп, ата жолымен күйрық-бауыр асасып, төс түйістіріп құда болып, төрге оздық. Балалардың жолында тілеуіміз - егіз, бар қуаныш-қызығымыз ортақ болды. Бақыт құсы ұя салған бәйтеректей тамыры тереңге тартқан туыстықтың сыйын көрдік. Біз Дулаттың Жаныс руынан шыққан едік. Мен қызметті Алматыдан бастап, зейнеткерлікке Алматыдан шықтым. Ал туып, өскен жеріміз - Жамбыл облысының Қордай ауданы, Күнбатыс ауылы. Әкешеміз, туыстарымыз осы Қордайда тұрады. Әкеміз дүниеден өтіп кетті, ал анамыз 85-те. Анамыз өз ойын талапшылдықпен жеткізіп отыратын кісі. Бір күні маған

айтады: Мен жас емеспін, бір күні мен өліп қалсам, қай кемпір өлген деп жүрмесін. Шақыр ана құдаңды, сендердің туып-өскен жерлеріңді көрсін, бізді көрсін, мен кетіп қалсам, «ә, сол апа ғой» деп келеді, – деп, бізге Рекең құданы Қордайға шақыруға тапсырма берген еді. Анамыз Рақым құдамызды Қордайға қонақ болуға шақырды. Рақым құдамыз бен Балқия құдағиымыз біздің шыққан үйіміздің қонағы болды, ағайын-туыстармен етене жақын танысып, біздің анамыздың батасын алып қайтқан еді.

Балалардың шаттығына мәз болып, төбеміз көкке жеткендей марқайып, жағамыз жайлауда, уайым-қайғысыз, арқа-жарқа жүруші едік. Немерелі болдық, өрісіміз кеңейіп, қонысымыз құт болып, ортақ жақсылығымыз жалғасып, ұрпақтарымыздың келешегінің кемелдігін тілеген тілегіміз де, тірлігіміз де бір арнаға тоғысты. «Құдаң жақсы болса, құрдасыңдай, құдағиың жақсы болса, сырласыңдай» демекші, құда-құдағиымызбен туған бауырдай жақын болып кеттік. Сыйласымыз да, сырласымыз да, қимасымыз да болған Рекең мен Балқия құдағидың бізге деген құрметі тым ерекше еді. Мен жазушы емеспін, тілмен жеткізіп айта алмаймын, Рекең керемет, тамаша азамат еді-ау! Мен мұндай ары таза, көңілі ақ, дарқан пейіл жанды көрген емеспін. Рекеңнен көргенім де, білгенім де, ілгенім де, үйренгенім де көп. Қазақтың қаймағы бұзылмаған дәстүрін, туыстық, құдалық жолындағы рәсімдерін өте жақсы білетін. Сөйлеген сөзі, айтқан әңгімесі көңілімді жадыратып, ойыңа – ой қосқандай болатын. Үлкен құдамыз Байділдә қарияның орнындағы қарашаңырақ, Рекеңнің отбасынан қонақ үзілмейтін. Көп көңілін табуға дайын тұратын, кім келсе де құшақ жая қарсы алып, риза қылып шығарып салып жататын.

Дана халқымыз «мал таппайтын жігіт жоқ, құрарын айт» деген ғой, қолы ашық, қонақжай, жүрегі кең, дастарқанын жайнатып отыратын Балқия құдағиды

отбасымызда да, ағайын-туыстың ортасында да, қай жерде жүрсек те үлгі етіп айтып отырамыз. Осындай әулетпен туыс қылған Аллаға сансыз шүкір!

Рекеңе қатты қызығатынымын, қазақтың қилы тарихын, кешегісін, бүгінін тілге тиек етіп, ертеңі туралы да ой түйіп әңгімелейтін. Саясатты да өте жақсы білетін. Осының бәрі көрегендік, көсемдік, кемеңгерлік десек, еш артықтығы жоқ.

Рекеңді ұмыту оңай емес, өзім деген жанның жүрегінің төрінен орын алған асыл адам ғой. Ол кісіні егілмей еске алу да мүмкін емес. Тірі жүргендей, бейне қасымызда бірге жүргендей... Ойға түскен сайын, көзге жас алып қаламыз, сағынамыз, қабырғамыз қайысып, қайғырамыз, амал нешік?!..

«Алла Рекеңе бақи дүниенің нығметін берсін, иманын жолдас қылсын» деп тілейміз. Бағышталып жатқан құранның нұрымен нұрландырып, жатқан жерін жарық етсін Раббым. Артындағы қол жайып, дұға қылған отбасы, әулеті, ұрпағы аман болсын!

АДАЛ ДОСТЫҚТЫҢ АЙНЫМАС СЕНІМІНДЕЙ АЗАМАТ ЕДІ

Рая ОМАРҚЫЗЫ



Ортамызда жүргенде, көзінің тірісінде қай адамның болсын жиын-тойларында, бас қосқан қызық-думанында оған арнап айтылар тілегіңді, оның жақсылығын жүзбе-жүз айтып жеткізу бір басқа да, ол адам өмірден озғаннан кейін сағына еске алып, ол туралы жазудың да,

айтудың да салмағы тым ауыр екенін жүрегіңмен сезініп, жаныңмен ұғынады екенсің.

Алғашқысында көңіліңді кернеген қуанышыңды жеткізесің, ақ тілек, ниетіңді білдіресің! Соңғысында еске аласың, рухымен үндесіп, жансыз бейнесімен тілдесесің. Иә, естелік айту, еске алу жүректегі шеріңді қозғайды, жанарыңа жас тұнып, көңіліңді мұң басады...

Әттең, дүние! Кеше ғана ортамызда жүрген Рекеңнің де жарқын бейнесі әпсәтте естелікке айналып кете барды-ау...

Олар, Есенгелді, Рахым, Серікбайлар достықтың қадірін бір кісідей ұғынып, өзгеге де ұқтыра білген, адал достықтың айнымас сеніміне серт байласқан жан достар еді. Бір ауылда туып, бір ауылда өсті, балалық шақтарын да, бозбала кездерін де, жастық дәурендерін де бірге өткізді. Ағалық кезеңдердің асуларынан бірге асып, қазыналы қарттықтың баспалдағына да бірге қадам басты. Жұптары жазылмай бірге жүрді.

Бір-бірінің оғау тігіп, шаңырақ құрған бақытты күндерінің де, қыз ұзатып, келін түсірген қуанышты дүрмегінің де куәсі болды. Жылдар жүгін де бірге көтерісіп, қатар жүріп, қызметтес болып, ел алдындағы парыздарын да бірге өтеті.

Жолдасым Есенгелді ұлды-қызды ұрпақтарын жеткізіп, немере қызығын қызықтап, той көретін шағында, Рекең де зейнеткерлікке шығып, бұрынғының арты, бүгінгінің қарты атанған нағыз бәз бабында, төрде отырып, бата беретін нағыз аталық шағында өмірден озды. Біздің ғана емес, қос қанатын күйік шалған қырандай Секеңнің де жүрегінде достарының орны ойсырап-ақ қалды.

Үшеуі үшемдей еді. Өмірінің өрнектері бірге өріліп, арман айдынында бірге құлаш сермеді, сыйластықтарына сызат түсірмей, әрі дос, әрі туыс, әрі бауыр болды. Аттары аталғанда, жұрт Есенгелді десе, Серікбай мен Рахымды танитын, Серікбай десе,

Есенгелді мен Рахымды, Рахым десе, Серікбай мен Есенгелдіні танитын. Үшеуінің есімі егіз ұғымдай еді. Жанұялық дос болдық. Біздер, Балқия, Гауһар үшеуіміз де бір үйдің қыздарындай, бір үйдің келіндеріндей, бір әулеттің анасындай еншіміз бөлінбей бірге келеміз. Азаматтарымыздың достығы, біздің бірлігіміз іргемізді нықтай түсті. Қарсы алатын туысымыз, шығарып салатын қонағымыз да ортақ, бір-біріміздің ойымызды көзқарасымыздан таныдық, ұғындық, ұғыстық, түсіндік, түсіністік. «Сен, мен» деген болмады, бір бүтін «бізге» айналдық. Азаматтарымыздың ел алдындағы беделі, абыройы біздің де мерейімізді өсіріп, құрметке бөледі. Жұбымызбен тең жүріп, той көрдік, төр көрдік, сый көрдік. Иә, өтті күндер осылай...

Олардың бөліп айта кететін бір қасиеттері – өздері де, құрдас, сыйлас, араласатын достары да ер азаматқа тән жеті өнердің бірі – мергендік, аңшылық, саясатшылықты жақсы көретін.

Қазақтың ежелгі «салбұрын» салтымен топтасып, жылдың төрт мезгілінің қолайлы сәттерінде, алғашқы қар түскенде, қансонарда аңға шығып, аң-құс аулап, балық сүзіп, табиғат аясында дем алып, серуендеп қайтушы еді.

Рекең еңбегінің арқасында абырой-атаққа ие болды. Ол – өзінің таза еңбегінің жемісі, «Балқаш ауданының Құрметті азаматы» атанды. Сырлы аяқтың сыны кетпес дегендей, сырт келбетін жоғалтпады. Сырбаз қалпы, сымдай тартылған сымбатына қарап, «жақсы қартайғансың, Балқияның бабы, күтімі ғой» деп әзілдеуші едік.

Рекеңнің қазасы бізді де есеңгіретіп кетті. Есенгелдінің орнын жоқтатпай, қамқор болып жүруші еді. Балаларымыз да көргенде, әкесі тіріліп келгендей қуанатын. Жай-күйімізді, жағдайымызды сұрап, көңілімізді аулап, қуантуға дайын тұрушы еді. Басымыз қосылғанда, мені жоғары шығарып, төрге оздырып,

бәйек болушы еді. Балқия да Рекеңе «Раяны биге шақыр, екеуің билеңдер» - деп қолпаштап қоятын.

Сырғып өтіп жатқан уақыт-ай, Рекеңнің бақилық болып, жамбасы жерге тигелі бір көктем, бір жаз, бір күз өтіп, бір қыс та келіп жетті. Қайран арыстарым-ай, сендер жүрген жолменен, сендер салған соқпақпен айнамай жүріп бағармыз. Сендер тіккен достық туын ұрпақтарың көтерер, бір-біріне тірек болып, бірін-бірі жетелер. Сендер салған достықтың алтын көпірін жалғап тұрар біздер барда, артқы ұрпақ – іздер барда, сіздер бар!

Екі дүниенің нығметіне бөленуге лайық жан-ақ еді. Алла Рекеңе иман байлығын берсін, Жаратушы жақсы ием отбасына қайыр-берекетін беріп, түтіндеріңді түзу шалқытсын. Ұрпақтарың өсіп, өніп, бақ қарап, қыдыр дарысын!

АҒАШЫМ, АҚ ЖАЙЛАУЫМ, АСЫЛЫМ-ЕҢ....

Кенжекүл БАЙДІЛДӘҚЫЗЫ,
қарындасы



Анамыз Боранбике 74 жасында, әкеміз Бәйділда 94 жасында өмірден өтті. Ол кездері мына дүниенің жалғандығын дәл қазіргідей сезінбеппін. Жастау болдық, қасымызда сүйеу болған ұлды-қызды бауырларымыз, тірек болар туыстарымыз болған соң ба, кім білсін?

Ойламаған жерден, тосыннан болған қайғы, бауырымның қазасы, жүрегімізге жай түсіріп, көңілімізді күйік шалғандай күйреп-ақ қалдық.

«Анамыздың жоқтығын да, әкеміздің орнын да жоқтатпаған, қара шаңырақтың құтын ортайтпаған, әке орнына әке, ана орнына ана болған Рахым ағам мен Балқия жеңешемнің алдында өмір бойы қарыздармыз» деп балаларыма да бауырларыма да жиі айтып отырамын. Ол рас, бауырларына жүрегінің жылуын беріп, мейіріммен қараған ағам мен жеңгемнің орны ерекше, әке-шешеміздің отырған орны деп, қара шаңыраққа аңқылдап келген біздерге ақжайлау болған, асылдарым, қайран ағам, дастарқаны жиылмаған, пейілі тарылмаған жарыңмен жарасқан жанұя едің-ау! Сағынысып көрісіп, арқа-жарқа жүздесер базарымыздың бағы болған жанашыр жақынымыз да, кеңесші ақылымыз да бола білген, Аспантаудай айбатымыз, Қаратаудай қайратымыз асыл ағашым, орны толмас орманым, тілекшіміз, саялы байтерегіміз, желпіп тұрар самалымыз, қорғанымыз, қамалымыз едің-ау!..

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп хакім Абай айтқандай, сенің бауырмал жүрегіңнің соғысы өмір сағатыммен бірге соғып тұрғандай, сен мәңгі біздің ортамыздасың, Ағашым! Сен біз үшін мәңгі тірісің, сенің бізге айтқан бауырлық ықыласқа толы жылы сөзің, мейірімді көзің, нұрлы жүзің біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР, ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

(Әр кезде баспасөз беттерінде жарық көрген материалдар топтамасы)

БАҚЫТҚА БАСТАҒАН ЖОЛ



Бақтығали ДӘУІТБАЕВ

Өмірде ешкімге міндет артпайтын, өз ісін жетік біліп, жұмысын жүйелі атқаратын сырбаз жандар жетерлік. Сондай жандардың бірі – көпшілік «Реке» деп құрмет тұтатын, өңіріне еңбегі сіңген, ауданның Құрметті азаматы Нарбаев Рақым Байділдаұлы десек, артық айтқанымыз емес. Себебі, ол кісі – елге қадірлі, маңдай тері мен еселі еңбегімен отбасының тірегі болып отырған қарапайым, еңбекқор жан.

Анасы соғыс жылдарында тынымсыз еңбек етіп, майданға шұлық, қолғап тоқып жөнелткен қоғамшыл елгезек жан еді. Белдеуінен ат кетпеген, үйінен қонақ кетпеген, дастарханды әрі мейірбан кісі еді. Көз көргендердің айтуларынан бүгінге жеткен әңгімелерге қарағанда, олардың қай-қайсысы да сөзге ұста, әлеуметке адал, еңбекке құштар жандар болған екен.

Рақым Нарбаев соғыс салған жараның енді жазыла бастаған кезі 1947 жылғы наурыз айының 4-і күні Бояулы ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Бояулы бастауыш мектебінің табалдырығынан аттап, 1963 жылы Бақанас орта мектебінің 8 сыныбын бітірді. Сол жылы Талдықорған қаласындағы мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумға түсіп, аталмыш білім ордасын 1967 жылы мал дәрігері мамандығы бойынша

тәмамдады. 1967 жылы әскерге шақырылып, 1969 жылы әскери борышын өтегеннен кейін, 1969-1972 жылдары аралығында Миялы ауылында мал дәрігерлік учаске меңгерушісі қызметін атқарды. 1972-1983 жылдар аралығында «Бақанас» қой совхозының мал дәрігері қызметін атқарудағы еңбегі бағаланып, өзі еңбек еткен №3 ферманың меңгерушілігіне тағайындалды. 1983 жылы Алматы Зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына сырттай оқуға түсіп, аталған институтты 1989 жылы бітіріп, зоотехник-инженер мамандығын алды. 1992 жылы «Ақдала» совхозындағы сүт кешенін басқаруға жіберілді. Сондай-ақ, өзінің жан-жақты білімі мен жоғары біліктілігінің арқасында аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімін 15 жыл басқарды.

Атамыз қазақта «Әке көрген оқ жанар» деген аталы сөз бар. Әңгіме кейіпкері – жақсы әкенің тәрбиесін алған азамат. Әрі қолға алған ісіне жауапкершілікпен қарап, оны тиянақты етіп орындау – әкеден жұққан қасиет, соған орай Рақым Байділдаұлының әрбір жұмысы басшылар көңілінен шығып, көзге түсе бастайды. Өзі еңбек еткен жерде халықтың құрметіне бөленіп, көпшіліктің алғысына ие болды.

Істің ығын білетін азаматқа жаңа жұмыс көп қиыншылық келтіре қоймайды. Ауданда сүт жоспары артығымен орындалып отырды. Мұның өзі Рақым ағаның сауыншылармен дұрыс тіл табысып, жұмысты ұйымдастыра білуінің нәтижесі десе де болады. Оның бұл іскерлігін жете бағалаған басшылық оны мал бордақылау кешенінің бастығы етіп тағайындайды.

Қай салада болмасын өзін көрсете білген Рақым Нарбаев мал бордақылау кешенінің бастығы болумен қатар, осы кешеннің зоотехник қызметін қоса атқарды, әрқашан табыс биігінен көрініп, көпшіліктің құрметіне бөленіп, алғысын арқалады.

Рақым Байділдаұлы мемлекеттік қызметкерге қойылатын талаптардың барлығын тиянақты орындай

білді. Қазіргі уақытта зейнеткерлікке шықса да ауданда болып жатқан іс-шараларға белсене араласады. Бүгінгі таңда ауданымыздың Құрметті азаматы, аудандық Қоғамдық кеңес мүшесі.

Оның алаңсыз еңбек етіп, халықтың құрметіне бөленуіне өмірлік серігі Балқия Әділханқызының қосқан үлесі өлшеусіз.

Рақым Нарбаевтың отбасында 2 қыз, 1 ұл тәрбиеленген үлгілі жанұя. Үшеуі де мемлекеттік қызметкерлер. Осы балалардан 8 немере сүйіп отыр. Бала мен келіннің ықылысына бөленіп, немерелердің қызығын тамашалап отырған үлгілі отбасы, ардақты әке, аяулы ана.

Қадірлі Рақым Байділдаұлы! Сізді мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыңызға бақыт, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!



АУЫЛДАН ҰШҚАН АҚҚУЛАР

Асылхан ЕЛБОСЫНОВ

Жас маман шаруасынан жаңылмаған,
Қыста тоңып, жазында жаңылмаған.
Қиындықты кездескен жеңе білу,
Төзімділік бойында қалыптасқан.

Оянып ұйқысынан ерте тұрып,
Сары аязда жамылған биік тұлып.
Ферманың отарларын аралайтын,
Міндетін атқаратын ойнап-күліп

Жасынан-ақ көрсеткен пысықтығын,
Сүт заводта басталды болмай тыным.
Жұмысы біткенше қарамайтын,
Аптабы басылмайтын ыстық күннің.


Бойында туа біткен әдеті бар,
Бүгінгіні ертеңге қалдырмайтын.
Көз ұшында көрінген төбесі жал,
Қас қақтырмай көріңді талдырмайтын.

Көк майсалы шалғынның етегіне,
Адам аз көліктерін шалдырмайтын.
«Бабалардаң жері» – деп, жүріп өткен,
Деп Рахым ойынан қалдырмайтын.

Әкімдіктің бір бөлімін басқарды,
Үйретуден жалықпады жастарды,
Өнегелі азаматтың бірі болып,
Бағындырған жігіт болды асқарды.

Зейнеткерліктен құрметті демалыстан,
Құлашын сермеген жан тым алысқа.
Бүгінгі күн жетектеп немересін,
Өмірмен бәсекеге жүр жарыста!

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҚАРИЯ ЕДІ



Нұршақұл ДУАНАЕВА,
«Алтын алқа» иегері

Мен бұл әңгімеде көкірегі Мояу, құймақұлақ шежіреші, ауылымыздың бәйтерегіндей болған, бүгінде өмірден өткен Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Нарбаев Байділдә туралы айтқым келеді.

Ол кісіге елге ат басын бұрған азаматтар сәлем бермей, соқпай

кетпейтін.

Бәйділде қария қарапайым, кісілігі жоғары, мінезге бай адам еді. Өмірден түйген тәжірбиесі мол, аңғарымпаздығы, адалдығы мен әділдігі, шежірешілігі, батагөйлігі, шешендігі, әңгіме-қиссалар мен нақыл сөздерді жатқа айтатындығына тәнті болушы едік. Бояулы ауылынан шыққан өзінен кішілер ол кісіні «Әти» немесе «Әтидің үйі» деп атын атамайтын, ауылдың үлкен-кішісі, келіндері алдын кесіп өткен емес.

Адам мәңгі өмір сүрмейді, мәңгілікке қалатын артында қалдырған еңбегі мен сөз мұрасы. Ол кісінің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы- ата-бабаларымыздың тарихын, ұлағатты сөздерін, шежірелерін, ұлылық пен тектілігін жеткізгендігі және ел игілігі үшін атқарған еңбектері.

Нарбаев Байділдә әкеміз 1909 жылы «Бояулы» ауылында дүниеге келген. Әкелерінен жастай қалған ол інісі Қамиды қолынан жетектеп жүріп жеткізді. Алғаш ауылда сауат ашып, колхоз жұмысына араласып, егін екті, мал шаруашылығын басқарды.

Ашаршылық кезінде ағайындарын жан-жаққа таратпай, оларды аштықтан аман алып қалуды ұйымдастырды. Соғысқа дейін колхоздың қой ферма-

сының меңгерушісі болды. Шаруашылық жұмысы енді-енді дөңгелене бастаған шақта, Ұлы Отан соғысы басталды. Біздің ауылдан жиен әкеміз Нарбаев Байділдә да аттанды. Соғысты Сталинград майданында өткізді. Артиллериялық зеңбірек взводының командирі болды. 1944 жылы аяғына оқ тиіп, Тамбов гарнизонында емделді. Соғыстағы ерліктері үшін Ұлы Отан соғысы орденімен және көптеген басқа да орден, медальдармен марапатталды.

Жиен әкеміздің кеңпейілділігі, қонақжайлылығы, туысқаншылдығы және қай ұлттың өкілі болса да жатсынбаушылығы сезіліп тұратын. 1942 жылы наурыз айында Волга мен Донбастан жер аударылған немістер келген болатын. Соның ішінде Антон деген баланы бауырына басып, тәрбиеледі. Кейін үйлендіріп, бөлек үй қылып шығарды.

1946-50 жылдары Ақкөлде, Бақанаста, аудандық ГОХ шаруашылығында қойма меңгерушісі қызметін атқарды. 1947 жылы Ақкөлде болып, оба ауруынан елді аман алып қалу үшін күндіз-түні аянбай еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққанға дейін «Молотов» колхозы, Бақанас совхоздарында бригадир, ферма меңгерушісі, цехтық партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қарап отырған жоқ. Ауданымыздың экономикасы мен әлауқатын арттыру үшін шаруашылық басшыларына ақыл-кеңестерін беріп отырды.

Ол кісінің өткен өміріне ой жіберіп, өзінің тыныс-тірлігін өмірдің талабымен салыстыру үшін шежіресін таспаға түсіріп алған алтын скальпелді хирург бауырымыз Мейментай Көжеков, өзінің туған ауылын қайтсем де көркейтем деп жүрген Балтағұл Молдақасымовтар – шежіреші әкеміздің тәрбиесінде болып, жолын қуғандар.

Нарбаев Байділдә әкеміз әпкеміз Боранбикемен 55 жыл өмір сүріп, 10 бала тәрбиелеп өсірді. Әпкеміз

дастарханды, өте берекелі кісі еді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Әке тағылымын ұрпақтары оданәрі жалғастыруда. Бұл күнде ұлды-қызды ұрпақтары әкеден көрген өнегесін өмірлік ұстанымдарына айналдырып, еңбекте де, қоғамда да абыройлы қызмет атқарып, көпшілік алғысына бөленіп келеді. Солардың бірі, Бәйділдә әкеміздің қарашаңырағында отырған, ата бағасын алған ұлы Рахым мен келіні Балқия ұлы есік болып, қадірлі қарияның орнына арнайы келіп-кетіп жатқан ағайын, туыс, бауырдың ақжайлау - өлең төсегіндей, құшақтарын айқара ашып қарсы алатын алтын ұясының отағасы мен отанасы десек, артық емес.

Осындай артындағы ұрпағына өнегелі өмірін үлгі етіп, еліне адал қызмет жасап, ел көшін өрге бастырған, еңбегімен аты ел есінде қалған Бәйділдә Нарбаевтың есімін көше атауына ұсынып, қайта жаңғырту мақсатында бояулықтар жақсы бір бастама көтеріп отыр. Сол игі бастамаға мен де қосыламын. Өйткені, әңгіме кейіпкері - қандай да мадаққа, қандай да құрметке лайық, ардақты жан.

Бояулы ауылы.



АРДАҚТЫ ЖАНДАРДЫҢ ЕСІМІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРЫЛДЫ

Күмісбек ЕРБАЙ, Бақтығали ДӘУІТБАЕВ,
«Балқаш өңірі»

Ел басына күн туған, сонау сұрапыл соғыс жылдары «елім» деп еміреніп, «жұртым» деп жарғақ құлақтары жастыққа тимеген ардақты жандардың өлшеусіз еңбектері және де майдан даласында қолдарына қару алып, Отан үшін от кешкен майдангерлеріміздің есімдері тарих сахнасында қайта жаңғырып жатқандығы – өмір заңдылығы. Сондай аяулы азаматтарымыздың қатарында бүгінгі Бояулы, бұрынғы «Молотов» колхозының қазығын қағып, бойына қан жүгірткен Молдақасым Сабырбайұлы, Қанапия Оразбаева, Байділдә Нарбаев және Шектібаев Бүйрекбай сынды ардақтыларымыздың болғанын бүгінде мақтанышпен айта аламыз. Осы аты аталған азаматтар мен азаматшаның есімін қайта жаңғырту мақсатында Бояулы ауылындағы көшелерге сол кісілердің есімі салтанатты жағдайда берілді.

Аптаның сенбісіне келген бұл шараны ұйымдастырған - жоғарыда есімдері аталған ел ардақтыларының ұрпақтары. Атап айтсақ, елдің аузында жомарт қолды азамат атанған Балтағұл Молдақасымов, сондай-ақ Азамат Балтағұлұлы, Рахым Байділдәұлы, Серікбай Оразбаев және Қайрат Бүйрекбайұлы осы шараның басы-қасынан табылды.

Салтанатты шара ауылға кіреберістегі қақпадағы ашылу лентасын қию рәсімімен басталды. Осында жиналған қауымға аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Ұзақбай Несіпбайұлы өзінің жүрекжарды жырын арнап, әжелер қауымы ақ түйенің қарны жарылған күнгі қуанышқа шашуларын шашып, жиын жылы лебізге толы құттықтаулар, бата-тілектермен

өнерлі жастардың тамаша концерттік бағдарламасына ұласты.

Әрі қарай жиналған қауым ел есінде жатталып қалған есімдердің ел мен жердің өркендеуіне қосқан үлестері жайлы жазылған қысқаша мәтіндегі тақтаны тамашалады.

Ауыл көшелеріне есімдері беріліп отырған Молдақасым Сабырбайұлы, Қанапия Оразбаева, Байділдә Нарбаев және Шектібаев Бүйрекбайлардың еңбектері өлшеусіз екені ақиқат. Мысалға алар болсақ, Молдақасым Сабырбайұлы мен Қанапия Оразбаева ел басына күн туып, ерлер етігімен толарсақтан саз кешкен сұрапыл соғыс жылдары тылда еңбектің көрігін қыздырған. Сөйте жүріп майдан даласын азық-түлікпен, қаржы-қаражатпен қамтамасыз еткен. Ал, Байділдә Нарбаев пен Шектібаев Бүйрекбайлар майдан даласында қолына қару алып, отанын қорғаған, жаужүрек жауынгерлер еді. Бейбіт күнде ел-жұрты ардақтаған, ерекше құрметке ие болған ардагер әкелеріміз еді. Жоғарыда аттары аталған ел ардақтыларының есімдері көше атауларына берілуі – олардың әруақтары алдында осындай тұғырлы тұлғаларымызға деген халық құрметі.

Салтанатты шара одан әрі «Молдақасым ата» мешітінің алдында жалғасын тапты. Алыстан ат арылтып келген қонақ Қалижан қажы Заңқоев және аудан әкімшілігі шынайы жүрекпен өз тілектерін жеткізді. Осы жерде ел ардақтыларының ұрпақтары да әкелері мен апалары жайында, олардың елге сіңірген еңбектері туралы тебірене сөз сөйлеп, осы шараның өтуіне мұрындық болып жүрген Балтағұл Молдақасымұлы осынау қуанышқа ортақтаса білген аудан басшыларына, ағайын-туыс, дос-жаранға алғысын білдіріп, рахметін айтты. Сондай-ақ шара барысында Байділдә атаның шөбересі Аружан Рахымованың өлең-жырға өрілген ак тілегі арнасынан асты.

Бояулы ауылының тұрғындарына қуаныш сыйлаған

Аптаның сөнбісіне келген бұл шараны ұйымдастырған жоғарыда есімдері аталған ел ардақтыларының ұрпақтары. Атал айтсақ, елдің аузында жомарт қолды азамат атанған Балтағұл Молдақасымов, сондай-ақ Азамат Балтағұлұлы, Рахым Байділдәулы, Серікбай Оразбаев және Қайрат Бүйрекбайұлы осы шараның басы-қасынан табылды.

Алақандай ғана ауылдың



жақсылығына ортақтасу ниетімен сонау елордасы Астана қаласынан Қазақстан Мұсылмандар Дини басқармасының мүфтинің орынбасары, Астана қаласының бас имамы, наиб мүфти Қалижан қажы Заңқоєв, аудан әкімі Айтбай Көшкімбаев арнайы қатысты.

Салтанатты шара ауылға кіреберістегі қақпадағы ашылу лентасын кию рәсімімен басталды. Осында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Ұзақбай Несіпбайұлы өзінң жүрекжарды жырын жиналған қауымға оқып берді. Содан кейін өжелер қауымы ақ түйенің қарны жарылған күңгі қуанышқа шәшү шашты.

Бұдан соң жиналған қауым ел есінде жатталып қалған есімдердің ел мен жердің өркендеуіне қосқан үлестері жайлы жазылған қысқаша мәтіндегі тақтаны тамашалады.

Ауыл көшелеріне есімдері беріліп отырған Молдақасым Сабырбайұлы, Қанапия Оразбаева, Байділдә Нарбаев және Шектібаев Бүйрекбайлардың еңбектері өлшеусіз өкені ақиқат. Мысалға алар болсақ, Молдақасым Сабырбайұлы мен Қанапия



Оразбаева ел басына күн туып, ерлер етігімен топар сақтан саз көшкен сұрапыл соғыс жылдары тылда еңбектің көрігін қыздырған. Сөйте жүріп майдан даласын азық-түлікпен, қаржы-қаражатпен қамтамасыз еткен. Ал Бай-

осынау қуанышқа ортақтаса сілген аудан басшыларына, ағайын-туымс, дос-жаранға рахметін айтты. Сондай-ақ шара барысында Байділдә атаның шөбересі Аружан Рахымоға тарапыман ақ тілек арнасынан асты.



ділдә Нарбаев пен Шектібаев Бүйрекбайлар майдан даласында атой салған ардагерлеріміз болатын-ды. Жоғарыда аттары аталған ел ардақтыларының есімдері көше атауларына берілуі олардың

Бояулы ауылының тұрғындарына қуаныш сыйлаған бұл шараның соны ауыл көшелеріне есімдері беріліп отырған ел ардақтыларының рухына бағышталып берілген асқа ұласты.



АТАДАН ҰЛАҒАТ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Аружан РАХЫМОВА,
Нархоз университетінің түлегі



Мен бұл мақаламда атамыз Ұлы Отан соғысының ардагері Нарбаев Байділда туралы айтпақпын. Біз ес білгелі атамыздың жақсы жақтарын естіп өстік. Кішкене кезімізде бізді алдына алып, көп әңгімелер, ертегілер айтатын.

Атамыз елге сыйлы, құрметті, батағөй, кісілігі келіскен, жаратылысына ақылы жарасқан, сондай байыппен, байсалдылықпен елдің, жердің арғы-бергі тарихын, шежіресін тарқатып, шариғат айтатын. Ол кісінің тұла бойы кісілік, көрегендік еді.

Атамыз қазір өмірде жоқ болса да, ол кісінің ісі, қимылы, қызық-қызық мінездерін күнде есімізге түсіріп отырамыз. Атаның бөлмесін «атамның мұражайы» деп күлеміз. Ол кісі төрге Д.А.Қонаев атаның бейне кілемшесін ілгізіп қоятын. Ол кісінің Ұлы Отан соғысы кезінде алған медалдары мен ордендері, сағаты, жайнамазы, тасбиығы, шариғат кітапшалары, қамшысы сақтаулы.

Мен атамды мақтан етемін, себебі біз ұрпақтары тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде өмір сүріп жатырмыз. Бұл бейбітшілік, бұл тәуелсіздік бізге бір күнде келген жоқ. Ол біздің ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен елін қорғаған,



жерін азат етуінің нәтижесінде келді. Қазақта әрқайсысы елге патша болатындай елтұтқалары, тұлғалар, даналар, тектілер, кемеңгерлер, көсемдер көп болған. Әр қоғамның өзінің сұранысы болады. Менің атам да әр қоғамның өзінің сұранысына қарай еңбек етті. Жастық шағынан жұмысқа ерте араласты. Өзінен кейінгі бауырларын жетектеп жүріп жеткізеді.

Еңбек жолын «Молотов» колхозын ұйымдастырудан бастады. 1930-1933 жылдар аралығында ашаршылықта елді жан-жаққа жібермей аман алып қалу қамымен жүрді. 1934-1941 жылдары колхозды басқарып егін еккізді, мал фермасын басқарды.

1941 жылы 15 желтоқсанда соғысқа аттанды. Соғысты Сталинград майданында өткізген. Сталинград қаласында шайқасқа қатысқан, артиллериясындағы зеңбірек взводының командирі болған. 1944 жылы аяғына оқ тиіп Томбов гарнизонының госпиталінде емделген.

1946-1950 жылдарда Ақкөлде, Бақанаста ГОХ-ты басқарды. 1947 жылы Ақкөлде болған оба ауруынан елді аман алып қалу мақсатында аянбай еңбек етті.

1950-1968 жылдар аралығында «Молотов» колхозы, «Бақанас» совхоздарында цехтық партия ұйымының хатшысы, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де аудан басшылары ол кісіден шаруашылық жайында кеңестер сұрап отыратын. Нарбаев Байділдә атамыз соғыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» медалі, «Жеңістің 20, 25, 30, 40, 50, 55 жылдығы» медальдары, Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі ордені, Ұлы Отан соғысының 1-дәрежелі Нахимов ордені, 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы кезінде Германияны жеңгені үшін медальдар және ордендермен наградталған.

Біз майдан даласында Отан үшін кеуделерін оққа тосқан біздің аталарымыздың ерліктеріне тағзым етеміз. Тәуелсіз еліміздің жастары патриотизм рухын сіңіретін гәлім-тәрбиесі мол қасиеттерді танимыз.


«Атадан не алдың, балаға не бердің» дегендей, атамыздан тараған ұрпақтары мәуелі бәйтерекке айналды, тамырын тереңге жайды.

Атадан алған ұлағатты ұрпақары мәңгі ұмытпайды.

Бақанас ауылы.

АЙТАР АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ

(Нарбайұлы Байділдә атамызға Бояулы ауылында көше берілгенде сөйлеген сөз)



Іңкәр РАХИМОВА

«Тұран» университетінің 1-курс студенті

Құрметті қонақтар, құрметті ел ағалары. Бүгін біздің Бояулы ауылында үлкен мереке, себебі біздің аталарымыз бен аналарымыздың жүріп өткен өнегелі іздерін, ұлағатты істерін, бүгінгі ұрпақ ұлықтап, есімдерін ел есінде жаңғыртуда. Майдан даласында Отан үшін кеуделерін оққа тосқан аталарымыздың ерен ерліктеріне тағзым етеміз. Олардың ұлағатты өмір жолынан тәуелсіз еліміздің жастарының бойына патриоттық рухын сіңіретін тәлім-тәрбиесі мол қасиеттерді танытатын салтанаттың куәсі болып отырмыз. Соның бір дәлелі – бүгін атамыз Нарбайұлы Байділдә атамның атына туған жері Бояулы елді мекенінде бір көшеге аты беріліп, есімі ұлықталып жатыр.

Осындай игілікті істерге бас болып, ауданымыздың экономикалық әл-ауқатын арттыруда еңбек етіп жүрген аудан басшыларына, ел ағаларына, ауылымыздың мәдениетін көтеріп, туған еліне туын тіккен әкеміз Балтағұл Молдақасымұлына, жастарды имандылыққа,

салауатты өмір салтына тәрбиелеп жүрген бауырымыз Азамат Балтағұлұлына айтар алғысымыз көп.

Біз, Нарбайұлы Байділдә атамыздан тараған ұрпақтар шексіз қуанышқа бөлендік. «Атадан не алдың, балаға не бердің?» дегендей, атамыздан тараған ұрпақтар мәуелі бәйтерекке айналып, тамырын тереңге жайып, атадан алған ұлағатты тәлім-тәрбиесін жалғастырып, ұрпақтары мәңгі ұмытпайды.

Атамыздың жүріп өткен ауылында мәңгі ізі қалады.

Бүгінгі қуаныш құтты болсын, ағайындар. Рахмет сіздерге ел ағалары!

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК (Баспасөз бетінде жарық көрген мақалаларынан)

Аружан РАХИМОВА

94

Б. ӘДІЛХАНОВА

Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Қоғам мен мемлекет тарапынан да нәзік жандылардың іскерлік белсенділіктері мен саяси ықпалдастықтарына деген сенім жоғары деңгейде көрініс табууда.

Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Мемлекеттік гендерлік саясат елдің ішкі саясатының маңызды құраушысы болып табылады, ол базалық гендерлік заңдарға және Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясына (бұдан әрі – Стратегия) сәйкес іске

асырылады. Онда мыңжылдық даму мақсаттары мен әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның ережелеріне орай Қазақстанға арналған гендерлік индикаторлар анықталған. Олар мемлекеттік органдар әзірлейтін бес жылдық мерзімге арналған аумақтарды дамыту бағдарламалары мен стратегиялық жоспарларына енгізіледі. Гендерлік саясат әйелдерге тең қол жетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады. Гендерлік теңдік саясатының алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет. Демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекетті бекітуде қазақстан әйелдерінің рөлі ерекше. «Әке баласын тәрбиелейді, шеше ұлтты тәрбиелейді» деген қазақ мақалы бекер айтылмаған. Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі нәзік әйелдердің мойнында. Сонымен қатар олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде.

Әйел отбасы құндылықтарының мүддесін қорғайды. Күнделікті және байқалмайтын отбасы туралы қамқорлық, өз жанұясы үшін жан жайлылығын жасау, жайлы жағдай және амандық – бұлардың барлығы әрбір әйел үшін абзал міндет. Алайда бұл әйелдің «шауып келе жатқан атты да тоқтады, жанып жатқан үйге де енеді» дегенді білдірмейді, ең алдымен, ол- бүгінгі күні ескірген түсінікті өзгертетеін және ерлермен тең дәрежеде өз мақсаттарына лайықты қол жеткізуші адамзаттың тамаша жартысы.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың міндеттеріне

мыналар жатады: билік құрылымына әйелдер мен ерлердің тең қатысуы, экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабымен көтерілу, отбасындағы тең құқықтар мен міндеттер үшін талаптар құру, жыныс белгілері бойынша күштеу бостандығы, біздің қоғамымыздың дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын шешімдер және біздің мемлекетіміздің гендерлік саясаты, сонымен қатар, онымен байланысты отбасы, әйелдер және балалар, әйелдердің жаңа ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мәселелері бойынша құқықтық база соның дәлелі.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ЫНТЫМАҚ ОРДАСЫ



Күмісбек ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ,
«Балқаш өңірі» газетінің
редакторы

Шыр етіп дүние есігін ашқан-да, әрбір пенденің тәләйлі тағдыры маңдайына жазылатыны хақ. Тәңірдің жазғанынан ешқашан қашып құтыла алмайсың. Әңгіме кейіпкері, бүгінде 70 жастың шың биігіне көтеріліп отырған Балқия Әділханованың маңдайына ел-жұртының ыстық ықыласына бөленген, Балқаштың дүйім қауымының арасында беделді, көкірек сарайы қазына мен шежіреге толы, әңгіме-қиссалар мен шешендік сөздерді жатқа айтатын құймақұлақ, батагөй, Ұлы Отан соғысының ардагері Нарбай қарияның аулетіне келін болу бақыты бұйырған екен.

Әмсе, қазақта қанатты сөз бар ғой «Жақсы ауылға келген келін-келін...» дегендей, өмірдің ақ пен қарасын ажыратып үлгермеген әңгіме кейіпкеріне мұндай үлгілі

отбасының бір мүшесіне айналып кету қиынға соққан жоқ. Керісінше, көп ұзамай осы әулеттің бір мүшесіне айналып кете барды. Құдайларына қарған ата-енесі де жаңа түскен келінді туған баласынан да артық санап, қай уақытта болса да «тәубаларын» айтып, өмірлерінің соңына дейін алғыстарын жаудырып кетті. Бұдан Балқия тәтеміз жаман болған жоқ. Олардың айтқан ақыл-кеңестеріне әрдайым құлақ түріп, өмірлік жолдасымен бірге содан қортынды шығара білді. Атадан қалған ұлағатты-ұрпаққа аманат етуді мақсат тұтқан әңгіме кейіпкері жан жолдасы Рахыммен бірге шаңырақтың берік болып қалануына, ұл-қыздарының тәлімді де, тәрбиелі, һәм білімді болып өсуіне көп көңіл бөлді. Үлкен кісілердің шын ниеттерімен берген баталары қабыл болған шығар, тіл көзіміз тасқа, бүгінде Нарбаевтар әулеті тамырын тереңге жайған алып бәйтерек сынды.

Жетпіс жастың биігіне ат шалдырып отырған бүгінгі әңгіме кейіпкері 1950 жылы 14-ші наурызда дүние есігін ашқан. 1967 жылы Бақанас орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін туған жеріне қызмет ету мақсатында ауылға оралады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әңгіме кейіпкері балаларының білім алуларына ерекше жағдай туғызыпты. Бұл жақсы үрдіс тегіннен-тегін болмаса керек. Өйткені, Балқия тәтеміздің өмірлік ұстанымы да ұстаздық жолмен өрілген еді.

Ұстаз болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Шәкірт тәрбиелеу, оны биікке жетелеу, қанаттандыру, жаны мен тәнін, болмысы мен барын беру – тек аяулы да ардақты ұстаздың қолынан келетін қасиеттер.

Тарыдай болып кірген күніңізден бастап, мектеп қабырғасындағы сенің еркелігіңді көтеретін де, қателіктеріңді кешіретін де, сабақ бере отырып, сүйіспеншілікке баурайтын да, өмір сүрудің қыр-сырын үйрететін де ұстаздар қауымы. Білім нәрімен

сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – білімді шәкірті. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірт үшін ұстаздың қуанышы – сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім. «Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан» деп Абай Хәкім айтпақшы, әрбір ісіңіз жемісті болып жатса, оның артында ұстаздың бір тамшы болса да еңбегі барын есте сақтағанымыз абзал. Осындай ойтұжырымдар сананы селт еткізгенде, көз алдыңа әңгіме кейіпкері- Балқия Әділханқызының жүріп өткен өмір жолы елестейді.

Иә, қырық жылға жуық ауданның білім саласының қара қазанында қайнаған Балқия тәтеміздің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақ ССР Оқу министрлігі оқу-ағарту, жоғары мектеп және ғылым мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Республикалық комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сондай-ақ, «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарлама аясында «Тұрақты бизнеске – 20 жыл» марапатының иегері, және аудандық психологиялық қызмет көрсету байқауында жүзден жүйрік танылып, бас жүлдені қанжығасына байлағаны тағы бар.

Өмірлік жолдасы Рахым Нарбаев та ұзақ жылдар аудан көлемінде жауапты басшылық қызметтер атқарып, өмір жолында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан ауданның Құрметті азаматы. Бүгінгі таңда да қоғамдық іс-шаралардың ортасында жүрген қадірлі жан, аудандық қоғамдық Кеңестің бел мүшесі. Осыдан бірер жыл бұрын Нарбаевтар әулеті облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, облыс әкімінің қолынан марапат алып қайтты.

«Әке көрген-оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалдың астарында үлкен сыр жатыр. Рахым ағамыз бен Балқия тәтемізден тараған ұрпақтары да әулеттің атақ-даңқын аспандатып жүргені бәрімізді қуанышқа бөлейді. Үлкен қызы Сәуле, ұлы Ғалым, кенже қызы

Рауан, келіні Гүлшат та көптеген жылдардан бері мемлекеттік қызметте жемісті жұмыс атқаруда. Ұл-қыздарынан 8 немере, 1 шөбере сүйіп отырған жайы бар. Немересі Диля заң қызметкері болса, Аружан, Дінмұхамед, Ақжан жоғары оқу орындарында білім алуда. Ал басқа немерелері мектеп қабырғасында оқып жүр.

«Жаныңда жүр жақсы адам» деген арнайы айдарға арқау болып отырған, бүгінде мерейлі 70 жасын атап өтіп жатқан Балқия тәтеміздің көпшілік біле бермейтін өмірлік ұстанымдары жетерлік. Соларды мақалаға тұздық ретінде қоса кетуді жөн санадым.

«Ішетін бұлағың да, жағатын шырағың да өз ошағыңнан басталады», «Отбасы-сүйіспеншілік, сыйластық, ынтымақтастық пен парасаттылық бастауы», «Атадан не алдың, ұрпаққа не бердің», «Шаңырақтың киесі, үйдің иесі құрметтелген жерге бақ қонады», «Әкеден ақыл-анадан мейір», «Үлкендіктің белгісі – оны тектілік деп атайды. Ол отбасынан, табалдырықтан басталады» деген қанатты сөздер әңгіме кейіпкерінің басты кредосына айналғандығын бүгінгі жазылып отырған мақалада айтпағанда, қашан айтамыз?!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бүгінгі әңгіме кейіпкері – Балқия Әділхановаға арналған төмендегі өлең жолдарымен түйіндегім келеді:

Откен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі!
Бұл 70 жас-қарттық жас емес, қазына жас,
Бала мен немеренің назына мас.
Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас.
Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың,
Тілейміз қуанышқа бөленгенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз,
Қылығына қуанып шөберенің!



ЕГІЗ ЖҮРЕК – БІР ТАҒДЫР

*Егіз жүрек, бір тағдыр болып,
Жұлдыздай аққан жан-жарым*

Жақсы адамдар саған бақыт әкеледі,
Жаман адамдар тәжірибе береді,
Ең жамандары сабақ береді,
Ал ең жақсылары естелік қалдырады, – деген екен.

ЕЛУ ЖЫЛ ӨМІР СҮРІП, ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ СЫР ҚАЛДЫРҒАН ЖАН-ЖАРЫМНАН ЕСТЕЛІК

Сен кеткелі елу күн, елу түн болды....
Мен елу күн сені іздеумен жүрмін, бірақ сені таба алмадым, ал қазір сенің елесің ғана менімен жүр. Сенің жып-жылы шекең, жұмсақ алақаның бәрі менімен бірге жүр.

Мақсаты көп, болмысы сұлу, биік тұлға, адал жар, асқар тау әке, жаны таза, рухы биік, ағайынға жомарт, досқа адал, еліне елеулі, халқына қадірлі, төбедей биік, төредей сыйлы болған, өмірімнің мәні де, сәні де болып, жұлдыздай аққан жан-жарым!!!

«Сенен айрылып қалам-ау» деп ойламапшын.

Біраз алдыңа қойған мақсаттарың бар еді. Өзің басқарып отырған «Батырбек» шаруа қожалығына біраз жоспарлар құрып, бастап та кеткен едің. Елдің ортасында жүруші едің, ауданда болып жатқан барлық шаруаларға қатысып, өз ойыңды жеткізіп отыратынсың. Қай жұмыста болсын Рекеңнің білімділігі, сабырлығы, тиянақтылығы көрініп тұратын, оған аудан жұртшылығы куә болғандығы ақиқат. Аудандық Қоғамдық Кеңестің мүшесі, аудандық Д.А.Қонаев қорының төрағасы болып, аудандық шаралардың ортасында жүрушісі еді.

Рекең ұзақ жылдар аудан көлемінде жауапты басшылық қызметін атқарды. Өмір жолында ауданның экономикалық дамуына зор үлес қосқан Ауданның Құрметті азаматы.

“Тәрбие бесіктен, кие шаңырақтан” дегендей, Рекең бала тәрбиесіне басты назар аударып отыратын.

Балаңа берер басшы еншің – тәрбие,

Екінші еншің – оқу.

Шаңырағыңды ұстап қалар ұлыңа содан кейін өсиет етерің – ұлтыңның тілі, діні, ділі деген сөздері балалардың жадында жатталып, сайрап тұр.

Рекең өте сауатты болды, күнделікті ақпарат құралдарын жібермеуші еді. Екеуміз ойымызды бөлісіп отырушы едік. Ол өз отбасын қатты жақсы көрді. Балаларын тәрбиелеуде бәрінің өз орындарын табуына, жоғары білім алуына мақсат қойды. Ұл-қыздары жоғары білім алып, мемлекеттік қызметкер болса, немерелері де жоғары оқу орнын бітіріп, заң және экономика саласы бойынша қызмет атқарып жатыр. Әр заманның талабына сай, қызмет жасап, енді немерелерін қосымша

ағылшын, домбыра салаларына баулып, соларды тасып жүруші еді.

Менің отбасым – ол менің тірегім, атадан не алдың, ұрпаққа не бердің – дегендей, біз үйде үлкен әкеміз бен анамызды балаларға күнделікті естеріне түсіріп отырамыз. Аталары Ұлы Отан соғысының ардагері, елі сыйлаған құймақұлақ шежіреші, көкірегі ояу, кісілігі жоғары, батагөй, адалдығы мен әділдігі, шешендігі танылып тұратын, әңгіме-қиссалар мен шешендік сөздерді жатқа айтатын. Атадан қалған өсиет: өтірік айтпа, біреудің ала жібін аттама.

Осыдан бірер жыл бұрын Алматы облысының Құрметті азаматы Наурызбай Қылышбаев бауырымыз бастаған топ, Д.А.Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясының ректоры, профессор Жалаири Өмірәлі Шақарапұлы отбасымен және тағы басқа көрнекті қоғам қайраткерлері біздің үйде болып қонып кеткен еді.

Балаларға батасын берді. Балаларға Жалайыр атаның батасын алдыңдар деп, отырушы едік. Атасы сендер кім екендеріңді біліп жүріңдер, «тектіліктің тамыры шежіре» деп Республикалық Ғылыми Кеңестің мүшесі Тынышбай Досымбеков бауырымыздың «Жалайыр Балғалы» атты шежіре кітабында аты аталған ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы екенін айта отырып, балалардың құлағына құйып отыратын. Кейінгі кезде Бояулыға қатысты балалардың балаларын шежіреге тіркеп, оларға бет ашып қойып жүрген еді. Атадан жазып алған шежірені ары қарай жалғастырып та қойған, үйде сақталып та тұр.

Адам мәңгі өмір сүрмейді, мәңгілікке қалатын артында қалдырған еңбегі мен сөз мұрасы. Ол кісінің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы – ата-бабаларымыздың тарихын, ұлағатты сөздері, шежірелерін ұлылық пен тектілігін жеткізгендігі және ел игілігі үшін атқарған еңбектері.

Бата туралы

«Жақсы әке – қырық жылға азық, Әкесі бар ұлдың жебесі тастан өтеді» – дегендей, бұрынғы аудан әкімі болған Ерғазы Қошанбекұлы: Қарияның баласы бата береді, – деп Рекеңе бата бергізіп отырушы еді. Рахым батаны өте жақсы беретін. Сонымен бірге Рекеңнің ауа райын болжағыш қасиеттері бар болатын. Қыс пен жазды, айды салыстыра отырып, алдағы күндерді болжап отыратын. Қатарластары ертеңгі амандық-саулықтан кейін алдағы ауа-райы туралы айтып жататын. Отырыстарда Марат Қаумабайұлы, Рахымның ауа-райын болжауы тура келеді, мен Рахымға ғана сенемін деп қалжыңдап, күліп отыратын.

Тектім-ау, осының бәрі сенің қаныңда да, жаныңда да бар еді-ау!

Әтиім сияқты сені де 94-ке келеді деп мәз болып отырушы едік қой, жаным-ау.

Ал анамыз болса, он бала тәрбиелеген алтын құрсақты, Алтын белгілі ана болған. Анамыз он саусағынан өнері тамған шебер, ағайынның арасында беделді, әкемізбен анамыздың бедеуінен қонақ үзілмеген, қонақжәй, өте дастарханды кісілер болған. Әкеміз бен анамыз он баланың ішінен ортаншы баласы Рекеңді қалап, қарашаңыраққа ие қылдырып кеткен еді. Менің 40 жыл білім саласында еңбек етіп, Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, ҚазССР Оқу министрлігі оқу ағарту, жоғарғы мектеп және ғылым мекемелер қызметкерлер кәсіподағы Республикалық Комитетінің құрмет грамотасымен және де «Бизнестің жол картасы – 2020 мемлекеттік бағдарлама» аясында «Тұрақты бизнеске 20 жыл» марапаттарыма ие болуыма да себепші де, қамқоршы да болған менің аяулы жарым-Нарбаев Рахым емес пе?!!!

Анамыз 75 жасында, әкеміз 94 жасында қайтыс болды. Әкемізді бүкіл ауыл «Әти» деуші еді. Әтиімнің үйі

дейтін. Ол туралы Тауарбала тәтеміз былай деуші еді: Біз алғашқы үй болып, қызметке келгенде, осы Әтидің үйіне кірдік. Үлкен үй, өсіп-өнген кісілер. Осы кісілер сияқты өссек, өнсек екен деп армандаушы едік дейді. Ал сәйкестікті қараңыз, мен институтты бітіріп, алғашқы мұғалім болып келгенде, Құрылыс ағаның үйінде болып, осы кісілер сияқты үлкен үй болып, Тауарбала тәтем сияқты дастархан жайсам деп армандаған едім. Бұл да бір сәйкестік емес пе? Екі үй – бір арман. Тәтем де Рекемнің атын атамай, Әтидің баласы дейтін. Тауарбала тәтем үйге келгенде, ризашылықпен: “Әй, Әтидің баласы, мынадай әйелді қайдан тауып алдың?” – деуші еді.

– Е, ол «Куртинская 26-дан ғой» – деп күліп отыратын.

Рекеңнің естелігінен: «Мен 1969 жылы әскерден келдім, 1969-1972 жылдар аралығында Миялы ауылында мал дәрігерлік учаске меңгеруші қызметін атқарып жүргенмін. Бір күні Алматыға ет комбинатына мал өткізетін болып келдік. Біраз адамбыз Топатаев Раушан, Көсембаев Жеңіс, Нақысбек және мен. Малды өткізіп болғаннан кейін, ана кісілер, ал енді қайда барып қонамыз десті. Топатаев Раушан: «Қайда барушы едік, Куртинская 26-ға барамыз да деді.

Келдік, кісілер үй иесімен арқа-жарқа болып араласып кеттік, үй иесін де ауылға деген сағыныш бар секілді. Сөйтсем, бұл үй менің болашақ жарым Балқияның ағасының үйі екен. Мен әлі ол кісілердің кім екенін білмей отырмын.

Көсембаев Жеңіс: «Бұл кісі Қарағаштағы Ануардың туған інісі, Әділханов Шабден деген кісі – КазПИ-де мұғалім, декан болып жұмыс істейді. Біз сияқтылар осы Куртинская 26-ны іздеп келіп, осы үйде қонып тұрады, – деді.

Ал менің миымда бағанағы кісілердің айтқан «Куртинская 26» тарихы. Сол кезде кешке қарай шамалары студент болу керек, 2-3 жастар келе бастады.

Жанымдағы кісілер танып жатыр, анау Әбдіханның баласы, анау Мұсаханның баласы, ал менің назарым талдырмаш әдеміше келген қыз балаға түсті. Таныса келе ол қыз осы Шабденнің туған қарындасы Балқия екен. Сол жерден-ақ мен оны қатты ұнаттым, бәрібір сені тауып аламын деп кеттім. Кейін таптым да, қосылдым. Осы екеуімізді кездестірген «Куртинская 26» үйі екі жақтағы құда-құдағилардың Алматы жақтағы мекені болды. Осы екеуімізді кездестірген «Куртинская 26» ғой – деп отырушы еді.... Одан кейін Шабден аға өзі қызмет бабымен үй алды да, осы үйді бізге, сендер алсаңдаршы деп өз ойын айтты. Ол кезде біз ата-анамызбен бірге тұрамыз. Балалар ата-анамыздың бауырында. Ойландық, ата-анамызбен бірге болайық, балаларды ол кісілерден ажыратпайық, өзіміздің туған жерімізде қызмет жасайық деп шештік.

Үлкенділіктің белгісі – оны тектілік деп атайды. Ол отбасынан, табалдырықтан басталады. Ішетін бұлағың да, жағатын шырағың да өз ошағыңнан басталады.

Бағымның бастауы болған жан-жарым, сенің кең жүрегіңе күллі әлем сыйып кетуші еді. Ол, сенің достарың, ол, сенің туыстарың, ол, сені құрметтей білген ел-жұртың, ол, сенің отбасың, бала-шағаң. Ақылшым, парасаттым, пайымың тым бөлек еді-ау, жан жолдасым! Сол әлеміңнің тілін түсініп, ымыңа ұғынып, сенің алдындағы қызметімді адал атқарып өтсем деуші едім, жаным!

40 жыл білім саласында еңбек етіп, ұстазға лайық марапатқа ие болуыма себепші де, қамқоршы да болған менің аяулы – жарым – Рахымым емес пе!!!

Тағы да айтамын, ішетін бұлағың да, жағатын шырағың да өз ошағыңнан басталады. Отбасы – сүйіспеншілік, сыйластық мекені. Тектім-ау, осының бәрі сенің бойыңда бар еді-ау!

Өмір деген өтіп жатыр, бірақ сен жоқсың.... Неге.... Неге..?

Халқың сені жақсы көрді, бірақ қоштаса алмады, көзге жас тұнып, қайғы басты, жүрек қарс айырылды. Халқың, елің, жұртың күңіренді, достарың жылады, туыстарыңның қабырғасы қайысты, балаларың шырқырады, жан-жарың өмірден баз кешті, күн күркіреді, түн түнерді, қолдан ештеңе келмеді. Күн өтті, ай өтті. Жалғыз сырласым төрде тұрған сенің суреттегі бейнең болды. Кіргенде көзіңмен қарсы алған, шыққанда көзіңмен шығарып салған қоңыр көзіңді сағындым. Бүгін көп тыпырлап кеттің ғой деген, қоңыр үніңді сағындым. Басып өткен ізіңді сағындым. Алға қарап сен келіп қала ма деп, жүріп өткен жолыңды сағындым. Сен шаршап қалды ма, шөлдеп қалмасын деп, қуып жүріп, бір қасық қаймағымды асатып, еркелеп жүрген күндерімді сағындым.

Төбедей болған, төбем-ау, сенің шығарған төбеңді сағындым. Төредей болған, Төрем-ау, сен шығарған төріңді сағындым. Төріңдегі батаңды сағындым. Сөйлеп бір кетсең, бәрін саған айтарем... Сағынғаннанегіле айтып отырмын. Қоңыр үніңді естігім келеді. Сұп-сұлу болған бидай өніңді көргім келеді. Қамқорлыққа, мейірімге толы көзіңмен тағы бір қарашы дегім келеді. Ары таза, жаны таза бетіңнен сүйгім келеді. Қолдан келер дәрмен жоқ! Уақыт өткен сайын жүрегің ауырады, уақыт өткен сайын сағыныш ұлғая түседі. Амал жоқ... Тек рухыңа құран бағыштау ғана қолдан келеді. Жаның жаннатта болсын, жаным! Сен туралы бұдан да көп жазамын. Сен ғұмыр кештің, маған өмірлік сабақ үйретіп кеттің. Рекем, мен сені жақсы көрдім. Саған деген сезімім, сүйіспеншілігім мәңгі-бақи емес пе, жаным! Қамшының сабындай ғұмырыңда айналаңа мейіріміңді шашып, туыстарыңа, достарыңа адал, Асқар тау – әке, Асыл жар Рекемнің ар алдындағы адалдығы мен адамгершілігі мәңгі есте қалатыны ақиқат емес пе!!!

Жан-жары Балқия ӘДІЛХАНҚЫЗЫ



Әкеміз Рахым, анамыз Балқия демалыс сәтінде

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗИМ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР!

Бұл кітапты жазудағы мақсатым – мен осы Отбасында 50 жыл өмір сүріп, осы қара шаңырақтан алған 100 жылдық ғасырға татитын ата-анадан алған тәлім-тәрбиедегі, жарымнан алған өмірімнің шуағын, балаларына берген бағыт-бағдарын, ағайынға қамқорлығын, құда-жекжатпен сыйластығын, достармен сырластығына, қызметтес достарының құрметіне тағзым ете отырып, кейінгі ұрпаққа ата-бабаларының, ата-аналарының жүріп өткен жолдарын кейінге болашаққа бағдар бере отырып жеткізу.

Рекең екеуіміз 50 жыл өмір сүріп, бақытты ғұмыр кештік. Үлкен әулетке келін болып түстім. Рекең ата баласының ортаншысы екен, ата-анамыздың қалауымен

осы шаңыраққа ие болдық. Өмірге 3 бала, бір ұл, екі қыз әкелдік. Үлкен қызымыз Сәуле мемлекеттік қызметкер, Асхат күйеубаламызбен тұрмыс құрып, Диляра, Дінмұхамед, Даниял атты жиен-немерелер әкелді. Дилядан Дамелі атты шөбере сүйдік.

Ортаншымыз Ғалым, келініміз Гүлшат мемлекеттік қызметкерлер. Аружан, Ақжан, Іңкәр, Нарбота, Айсұлтан атты немерелеріміз бар. Аружан «Нархоз» университетін бітіріп, мемлекеттік қызмет атқарып жүр. Диля – заң қызметкері.

Кенже қызымыз Рауан Ерлан күйеубаламызбен тұрмыс құрып, мемлекеттік қызмет атқарып жатыр.

Рекем он ағайынды еді. Әкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері, анамыз – Алтын құрсақты – Алтын белгі алған батыр ана болды.

Ата-анадан бар мейірім таралады, біз үшін олар нағыз әулие саналады дегендей, мен осындай текті де, әулетті шаңыраққа келін болып түскен едім. Өсіп-өнген, ынтымағы жарасқан әулет болды.

Әрбір қазақ баласы өзінің үлгі боларлық арғы атасымен мақтанады. Ал қазіргі уақытта – жақындарымыздың қадірін арттырып, бағалауды мақсат ететін уақыт.

Біздің ата-анамыз елге өте сыйлы болған кісілер еді. Ауылға бір кісі келсе әкемізге амандаспай кетпеуші еді. Кімнің кім екенін ата-анамыз бізге айтып отыратын. Кеңесхан ағамыз бен Лиза тәтеміз, Айтжан ағамыз бен Әдеш тәтеміз, Балтағұл ағамыз бен Жанкүміс тәтеміз, қазіргі Алматы облысының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, бауырымыз Досымбеков Тынышбай мен Диналар, Мырзабек Сыдықұлы, Мәкей ағалар мен Қияс ағалар, бауырларым Ануар аға, Шәбден ағалар, Кәдір мен Балапандар біздің сыйлы қонақтарымыз болатын. Ал одан кейін Құрылыс аға мен Тауарбала тәтеміз, Сламхан аға мен Қантбике тәтеміз, Сырым, Күлмандармен араласып, біздің ақылшы ағаларымыздай болып кетсе, ел ағалары Әмір

мен Шұбыркүл, Ерғазы мен Ғалия, Марат пен Тайкен, Сайран, Әлиялармен ағайын туыстай араласып кеткен едік. Ал інілері Әбен – Сауықкүл, Бақыт – Ақбөпелермен құда-жекжат, туысболып, Асқар мен Тілеукүл, Нариман-Шырындармен араласып, туған-туыстай болдық.

Біздің 10 жанұялы достарымыз болды. Он дейміз бірақ одан көбірек болды: Есенгелді-Рая, Серікбай-Гауһар, Орынбасар-Қаман, Пермебек-Адила, Әлімхан-Шакура, Маханбай-Зура, Тірбосын-Анар, Сабыр-Орынбасар, Ергелді-Гуля, Әлихан-Жамбығұл, Ербай-Жанся.

Сауық, Шаужандармен бірге жүрдік, бірге қуаныштарымызды бөлістік, біраз достарымыз өмірден өтіп кетті.

Біздің осы достарымыздың ата-аналары бір шәугім шайды бөлісіп ішіп отыратын. Ал осы достарымыздың қонақтары барлық достардың қонағы болушы еді. Осы достардың балаларында да, немерелерінде де кімнің-кім екені жадында қалыптасып тұрғанын көруге болады.

Біріміздің үйімізге қонақ келсе, балалар бәріміз сол үйге барады екен деп түсінеді. Сол балаларға біздің татулығымыз бен ауызбірлігіміз жалғасса екен деп ойлаймын.

Рекең он ағайынды болды.

Үлкені Рақыш тәтем, Ануар аға, Манат аға, Бибіш апаның қызы Жанат тәте, Рахым, Рахымбек, Райхан, Раушан, Мұрат, Кенжекүл. Бұл кісілердің аттарын тура атаған емеспін, бірақ жазуда қалса екен деп ойлаймын.

Ал Мәкей көкеміз бен Қияс ағалар, Манат аға, Рахымбек, Бақыт, Қалдыбай, Анарбектер біздің ақылшы бауырларымыз болса, Байеке, Ерік, Берік, Тойшыбек сияқты арқа сүйер інілері болды.

Осы қарашаңырақтан тараған ұл-қыздардың ұрпақтары Анарбек, Ғалым, Айдар, Гайдар, Хайдар, күйеубалалар Асхат пен Ерлан, Айдос, Айбол, Ербол, Нұрбол, Нұржан, Асқар, Жандос, Бекжандар біздің бір-бірімізге деген сүйеу де, өріс те, қолдау да болып отырған

ұрпақтарымыз. Рақыш тәтеміз бізге қатты қамқоршы болушы еді, ауырып қалсақ, дүниеге балалар келіп жатса, басы-қасында болып, бізді орналастырғанша жаны қалмаушы еді. Артель тәте Рекеңді «Еншілес» деп атын атамаушы еді. Ал абысындарым Жаматай, Бибісара, Гуля, Айгүл, Шырын, Ләззат, Гүлнар, Гүлмира сырластарым болса, қайынсіңілілерім, сырластарым Райхан, Раушан, Кенжекүлдің жөн-жоралғыларын жасап, ұзатқан едім. Ал келіндерім Гүлайым, Гүлшат, Сандуғаш, Айжан, Айнұр, Венера, Ақнұр, Дамира алдымыздан қия өтіп көрген жоқ, біздің қолдаушымыз да демеушіміз де осылар. Басымыз қосылғанда бәріне бірдей, бір түсті орамал салып қоюшы едім.

Осы ұл-қыздардан тараған қыздардың да аты-жөндерін атап өткім келеді. Ұлдан, Ұлжандай сіңділерім, Гаухардай сырласым, Айнаш, Майрадай тілеулестерім болды. Енші қыздарым Айгүл, Айнагүл, Ажар, Анарларым Жанарларым болды. Нұргүл, Айгүл, Аида, Гүлмира, Ғалия, Жұлдыз, Жазира жанашырларым, көмекшілерім болды.

Нұргүлім алыста жүрсе де балаларға қамқорлығын, бізге жанашырлығын білдіріп отырады.

Бізді Қияс ағаның орнындай көруші еді.

Құда-жекжаттарға солай таныстырып отыратын.

Анамыз келіндермен жақсы қарым-қатынаста болуымызды қатаң айтып отыратын. Өмірінің соңында үлкен ата шаңырағын ұстап отырған отанасы Жанкүміс тәте екеуімізді қол ұстастырып отырып, үлкен әулеттің анасы ретінде біраз ағайынның ауыз біршілігін сақтау аманатын айтқан еді. Анамыздың абысындарының ауыз бірлігінен біз де тәлім-тәрбие алған едік. Біз түскенде Оғлай тәтеміз, Нұршакүл тәтеміз, Сағымбала тәтелер ертеңгісін келіп біздің киіз үйдің есігін ашып, түңлігін көтеріп, кешке жақын жауып кететін. Оғлай тәте біздің анамызды «біздің Ейзеңхауыр» деп атайтын. Ол кісі өзбек ұлтынан шыққан, қалжынбас, ерке кісі болатын.

Біз ойлайтынбыз Ейзенхауыр өзбек тілі екен деп, сөйтсек ол кісі АҚШ-тың 34-ші президенті Дуайт Эйзенхауэрдың атымен атайды екен. Қарап отырсаң сол кездегі абысын-ажындардың орны және бір-бірін құрметтеуі екен. Ағайындардың басы қосылғанда ол кісіні билетіп қоятын, ол кісі қазан-аяққа ие болып, палауын басып, биін билеп, еркелеп жүруші еді.

Апам Жұмакүл, Сайлаулардың да жөндері бөлек қой деп, отырушы еді.

Ал шаруашылықта жүрген Сейдахмет аға, Усатай ағамыз, Рашит, Дәупас ағаларымызбен күнделікті қарым-қатынаста отыратынбыз.

Ал, Рекең екеуіміз осы кісілердің жақсылықтарында, қуаныштарында басы-қасында болып, басқарып жүруші едік. Бірақ... Бірақ... Рекең осы балалардың балаларының, немерелерінің қызығын көрем дегенде өмірден озып кетті. Рекең елмен араласты, ауданның экономикасы мен әл-ауқатының өсуіне өз үлесін де қосты, шаруашылықпен айналысты. Ол кісі өзі басқарып отырған «Батырбек» шаруа қожалығына біраз жоспарлар құрып отырған еді. Ұжымға біраз балаларды тартып, жұмыспен қамтыған да еді. Олар Асқар, Наримандар шаруа қожалығындағы шаруаларды ары қарай жасап жатыр. Бірі есебін жүргізсе, бірі шаруашылығымен айналысып отыр. Асқар мен Нариман – біздің жанашырларымыз, қос қанатымыз, бауырымыз, бір әулеттен тараған балаларды қалай көрсек, сол балалардың біріндей көреміз.

Сендерге Рахым ағаларың: Анарбек, Айдар, Гайдар, Хайдар, Ғалым, Айбол, Айдос, Ербол, Нұржан, Нұрбол, Жандос, Асқар «Өткенге тағзым етіңдер, болашаққа бағдар жасаңдар» – деп аманат етіп кетті!

Балқия ӘДІЛХАНҚЫЗЫ

*(Балқия Әділханқызының баспасөз беттерінде
жарық көрген мақалаларынан)*

Балқия ӘДІЛХАНОВА

ДИМАШ АТАМЕН ЕКІ РЕТ ЖҮЗДЕСТІМ



Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, баспа беттерінде естелік әңгімелер мен жыр толғауларды оқып отырып, “ойды ой қозғайды” дегендей, Димаш атамен екі рет жүздесуім ойыма түседі.

Д.А.Қонаев басқарған жылдары ауданымызда үлкен өзгерістер болды. Игерілмей жатқан тың жерлер игеріліп, күріш совхоздары бой көтерді. Мектеп пен мәдениет үйлері салынды. Аудан орталығында тұрғын үйлер бой көтеріп, шағын мөлтек аудандар пайда болды. Соның бірі аудан орталығының шығыс жағынан мектеп қабырғасы қаланып, №2 Бақанас орта мектебі 1981 жылы пайдалануға берілді. Сол жылы 1981-82 оқу жылының қыркүйек айында Дінмұхамед Ахметұлы ауданға арнайы келген болатын. Ол кісі осы жаңа білім шаңырағына келіп, ұстаздармен, шәкірттермен, ата-аналармен, аудан тұрғындарымен кездесті. Бұл күн балалар мен ұстаздар, жалпы аудан халқы үшін үлкен мереке болды. Димаш ата жиналған халықпен тек өзіне ғана тән, тек өзіне ғана айрықша қасиет ретінде біткен ақ пейілді, ақ жарқын болмысымен күлімсірей амандасты. Бізге жақын келіп:

– Мұғалім азаматшалар, хал-ахуалдарыңыз қалай, пәтерлеріңіз бар ма? – деді. Мен қатты толқып тұрып:

– Пәтеріміз бар, халіміз жақсы, — дедім. Бұл кездесу менің жадымда мәңгі жатталып қалды. Қазір ойласам, осы «пәтер» деген сөз маған көп ой тастаған еді. Сол кездің тілінде неге “квартира” емес?

Ол кезеңдерде үкімет қызметіндегі азаматтар болсын, жай қарапайым халық болсын орыс тілінде сөйлеп, орыс тілінде жазып, баяндама оқу да тек орыс тілінде ғана болатын. Ал, елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз қызмет еткен біртуар қазақтың ұлы таза қазақ тілінде сөйлеп тұрған еді. Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстан Республикасының абырой, даңқын асқақтатып, халықаралық беделін арттырып, өзінің еліне, жеріне ұлтына деген шынайы қамқорлығының арқасында, қазақ тілін құрметтеудің арқасында жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді.

Ал, екінші жүздесуім – 1992 жылы Ұлы тұлғаның 80 жылдық мерейтойына арналған жиын. Ол №2 Бақанас орта мектебі, қазіргі Б.Бейсекбаев атындағы орта мектепте өткен еді. Сол кездегі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі С. Төлепбергеновтың тапсырмасы бойынша Димаш атаны оқушылармен қарсы алу, гүл шоқтарын тапсыру маған жүктелді. Мен шәкірттеріммен бірге Димаш атаны қарсы алдық. Оқушылар өлең, тақпақтарын айтты. Ол кісі риза болып, рахметін айтты. Димаш атамен бірге өзінің замандастары да бірге келген болатын.

Осы 80 жылдық мерейтойда Димаш ата өте бір сергектікпен, еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікпен, халыққа деген ілтипат сезіммен отырды. Үлкен-кішімен түгел танысып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрды. Жүзінен мейірім төгіліп, айналасына нұрлы шуақ шашады. Ауылымыздың бәйтерегіндей болған, құймақұлақ шежіреші, біздің әкеміз Нарбаев Байділдамен бірге отырып, етене жақын әңгімелесті. Димаш ата, содан соң біздің әкеміз бата берді. Бұл көріністі бейнелейтін деректі фильм бар.

Халқымыздың біртуар перзенті Д.А.Қонаевтың халықпен ортақ қасиеті, халқын сүю, құрметтеу себебі оның елін сүю, тілін, дінін, ділін сақтауында екен.

АНА – ҮЙДІҢ ЖҮРЕГІ...

Балқия ӘДІЛХАНОВА

Халықаралық әйелдер күні 8-наурыз мерекесі Аналар қауымына өзгеше бір әсемдік сыйлайды.

Иран халқының ұлы көсемі Аятолла Хомени: «Әйел бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен жер шарын тербетеді» деп асқан даналық ой айтқан. Рас, біздің аналарымыз – теңдесі жоқ даналар. Сол аналарымыз тарихи шығармаларда ата-бабаларымызды қанаттандырып отырмаса осыншама байтақ жер болмаста еді.

– Қазақта ақылымен елді он орап алатын парасатты, жүректілігімен жаудың бетін қайтаратын қайратты әйел – аналар аз болған жоқ.

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне орасан көңіл бөліп отырған. Мен өзім де 40 жыл ұстаз болғандықтан бала тәрбиесін назардан тыс қалдырған емеспін.

Халықтың этнопедагогикасы былай дейді: Қазақ ұлын 4-5 жасында атқа отырғызып: «Сен ер жігітсің, еліңді қорғайсың, ата-анаңның шаңырағын жалғайсың, бізді асырайсың», – деп балаға таудай жауапкершілік артады. «Балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, 15 жасқа дейін құлдай жұмса, 15-тен асқан соң онымен досыңдай сыйлас, сырлас» деген ғибратты көнерді деуге бола ма? Тарихта осындай ата-әжелерден тәрбие алған балалардан Қаракерей Қабанбай, Абай, Шоқандай батырлар мен ел тұтқалары, Әлия мен Мәншүктей батыр қыздар шыққан.

Қазіргі уақытта нәзік жандылар барлық қызмет

саласына араласады. Ол – дәрігер, ол – мұғалім, ол – депутат, ол – мемлекет қызметкері. Сонымен қатар, дүниеге дені сау ұрпақ әкелу, оны өсіру, жақсы тәрбие беру әр ананың мақсаты. Ал, өзінің жарын – отағасын сыйлау ол бір бақыт! Кезінде ауданымызда қызмет жасай жүре азаматтарының жоғары деңгейде көрінуіне жағдай жасай білген, жан-жарларының бір жағынан ақылшы, сүйеніші бола білген Қаншайым Исаева апамыз, Тауарбала тәтеміз, Сара, Қантбике әпкелеріміз, Рақып апамыз, Лиза, Әдеп, Жексенкүл Ахаева тәтелерімізді үлгі тұтамын.

Қазақта «Шаңырақтың киесі, үйдің иесі құрметтелген жерге бақ қонады әрі тұрақ талады» деген бар. Мен осы нақылды өзімнің ұстанымым ретінде қабылдаймын. Қазақ халқы әйелді пір тұтқан әрі ұрпақ жалғастырушы ретінде бағалаған. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызың өтелмейді» деп ана алдында ұрпақ парызының өтеусіз екенін айтса, «жақсы әйел аз нәрсені кобейтеді, көп нәрсені кол етеді» деп әйелдің қасиеті мен қадірін арттырады. «Өз жарыңды жаттай күт, жат көрсін де түңілсін, бір-біріңді қадір тұт, жұрт үлгі алсын, үңілсін» деген сияқты мақал-мәтелдер әйелдің қазақ қоғамында құқықтық дәрежесінің биік болғанын дәлелдейді.

Елімізде атқарылып жатқан игі істерді ауданымыздың тыныс-тіршілігінен байқауға болады. Киелі жеріміздің экономикасы мен ахуалының жақсаруына әйел-аналарымыздың, қыз-келіншектеріміздің қосқан үлесі зор деп білемін.

Бақанас ауылы.





**ТАҒДЫРҒА – ЖАЗМЫШ БАҒЫНЫП,
САБЫРДАН АЛҚА ТАҒЫНЫП,
БӘЙТЕРЕГІМ – ЖАН ӘКЕ,
ӨЗІҢДІ ЖҮРМІЗ САҒЫНЫП!....**

СӨНБЕЙДІ, ӘКЕ, ШЫРАҒЫҢ!

Отан отбасынан басталады. Ал отбасы ең басты тұғырды иеленеді. Осы отбасында әкенің орны ерекше. «Әкеге бағыну – Аллаға бағыну» – деп Мұхаммед Пайғамбарымыз айтқан екен. Әке – ұрпақ иесі, панасы, айбары, үйбасшысы, асыраушысы, отағасы, тәрбиешісі. Міне, осы қасиеттердің бәрі біздің әкеміздің бойында бар еді. Біреуімізге ренжіп, зекіп те көрмепті. Бәріміздің жақсы дәрежеге жетуімізге көңіл бөліп отыратын. Ал анамыз болса, үнемі әкемізді сыйлап құрметтеуге бейімдеп, ынтымақ та, бірлік те әкеге құрмет көрсету, қызмет ету деп отырды. Немерелер дүниеге келгеннен бастап, анамыз әкеміздің атын тура атай алмай «Атасы» дейтін. Шақырғанда «Атасы» деп шақыратын.

Әкеміз бізді намысшылдыққа, еңбекқорлыққа

үйретті, мейірімімен талап қойғыштығы болды. Балалар мен бауырлардың, туған-туыспен, құда-жекжаттың татулығын арттырып, арасын алыстатпау үшін әкем мен анамның қосқан үлесі зор. Әкеміз жан-жақтағы балаларының, алыс-жақындағы құдалары мен туыстардың басын қосуды әдетке айналдырған еді. Қазіргі заманда жақының жат болып кетпеуін, бауырдың бір-бірінен алыстап кетпеуін қатты қадағалап отырушы еді.

Бір күні әкемнің бауыры келіп тамақ ішіп қайтты. Анам қайтарда соғым сыбағаларын беріп жатқан, сонда әкемнің айтқаны: – Ана жеңгенді мақтай бер, оданда көп беріп қалуы мүмкін, – деп күліп тұрушы еді. Сонда қарасаң бауырының да жағдайын ойлап, екінші жағынан анамызды да қолпаштап отырушы еді.

Әкем құдалардың басын қосып қонақ етіп, төрден орын беріп, сыбағаларын алдына қоятын. Мұндағы мақсат не? Мұндағы мақсат – туған-туыстан ажырамау, құда-жекжаттан байланысты үзбеу.

Әкеміз ел-жұртына, ұжымына сыйлы, достарына адал, айналасына қадірлі, туыстарына бауырмал болды. Отбасына, бауырларына, туған-туыстарына деген көңілі мен пейілі ерекше еді. Отбасының тірегі болды, ұл-қыздарының қамқор әкесі, немерелерінің сүйікті атасы болды.

Әкеміздің өмірде жоқтығы қабырғамызды қайыстырады, жанымызды мұңайтады. Мынау жарық өмірде жоқ дегенге сенгіміз келмейді. Амал жоқ, тағдырдың жазуына көнеміз, артында өміріңнің жалғасы біздер, ұрпақтарың барда сөнбейді, әке, шырағың!

Әке, қарашы бәрінің әкесі бар,
Сіз сыймаған өмірдің кеудесі тар.
Әке, бүгін балаңның баласы бар,
Атасы жоқ немереңе дүние тар.
Анамыздың жүректе жарасы бар,
Сыңары жоқ аққудай айдыны тар.

Ұл-қыздарыңның кеудеде зор мұңы бар,
Сізсіз алған әр демнің тынысы тар.
Сізге арналған кеудеде жырларым бар,
Ішқұса боп өткізген фәниде тар.
Сізсіз өсіп отырған отбасың бар,
Сізсіз әке, бірақ та шаңырақ тар.
Артыңда сөнбейтұғын шырақтарың,
Шаңырағыңды көтерер ұрпағың бар!

Балалары: Сәуле-Асхат, Ғалым-Гүлшат
Рауан-Ердан және немерелері



Бір Алла шуағына бөлегесін,
Әулетімен кең жайған керегесін,
Бір атадан тараған асылдардың
Ұрпағымыз көгерген көсегесі.

АҚ ЖАУЛЫҒЫ – АҚ ТІЛЕК, АЯУЛЫ АСЫЛ ӘЖЕМНІҢ



Ақжан РАХИМОВА,
*шөбересі, Қазақ Ұлттық
Аграрлық зерттеу Университеті
(ҚазНАИУ) экономика факультеті
3 курс студенті.*

Әжеміз Нарбаева Боранбике 1914 жылы Бояулы елді мекенінде дүниеге келген. Тыл ардагері. Он баланы дүниеге әкеліп, СССР Жоғары Кеңесі президиумының қаулысымен 1958 жылы 27 қаңтарда «Батыр Ана» атағын алды.

Жас кезінен бастап еңбекке араласады. Аштық кезінде қайындарын, туыстарының балаларын тәрбиелеп, аштықтан аман алып қалады.

Ұлы Отан соғысының қиын жылдарында «Бәрі майдан үшін!» – деп, майдандағы жауынгерлерге қолғап тоқыды, шұлық тоқыды. Ал күндіз егін егіп, майданға азық-түлік жөнелтіп отырды.

Біз анамыздың тылдағы еңбегін ерлікпен тең деп бағалаймыз.

Атамыз Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап келсе, әжеміз тылдағы еңбегімен жеңісті қарсы алған екен. Біздің атамыз бен әжеміз – он бала тәрбиелеп өсірген ардақты кісілер. Әжеміз ағайынның ауызбіршілігін қатты ұстаушы еді. Әр ағайынның өз орындарын бізге айтып отыратын. Біз Бояулыда тұрғанда Бақанастағы үлкен аталар, апалар біздің үйге келіп, екі-үш күн қонып, атаммен әңгімелесіп қонып жататын. Алыстан келген ағайын -туыстың, құда-жекжаттары біздің үйдің қонағы болатын. Айтжан әкемізбен Әдеш тәтеміздің, Балтағұл аға мен Жанкүміс тәтелеріміздің алыстан

С О С С
СОВЕТСКИХ СОЦИАЛИ-
СТИЧЕСКИХ РЕСПУБЛИК.

МАТЕРИ-ГЕРОИНИ

тов. Иерозевола Барамкина
Указом ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА
СССР от 27 января 1968 г.
ВЫМ-МАТЕРИ, РОДИВШЕЙ И ВОСПИТАВШЕЙ
ДЕСЯТЬ ДЕТЕЙ, ПРИСВОЕНО ПОЧЕТНОЕ
З В А Н И Е.
" МАТЬ-ГЕРОИНЯ "

Председатель Президиума Верховного Совета СССР :-
Секретарь Президиума Верховного Совета СССР :-
Москва-Хрозна № 7 " февраля 1968 г.

*Иерозевола Барамкина
мать-героиня
Москва-Хрозна № 7 " февраля 1968 г.*



келетін төркіндері біздің үйдің сыйлы қонақтары болып, мал сойылып, ет асылып, арқа-жарқа ағайын-туыстар, көршілер жиналып, мереке сияқты болып жататын.

Әжеміз сонымен бірге менің төркінім-сендердің нағашыларың Даупас-Сайлау деп құлағымызға құйып отыратын. Ол кісілерсіз біздің қуаныштарымыз өтпеуші еді. Ал түп нағашыларың Сейдахмет-Нұршақұл дейтін. Ол кісілер Әтиімнің нағашылары екен. Қазір ата-анамыздың ұрпақтары өсіп-өніп отыр. Біз осындай ата-анамыздың ұрпағы екенімізді мақтан етеміз.


Атам – соғыс ардагері, әжем – тыл ардагері.

Әжем шебер кісі болыпты. Киім тіккен, алаша тоқып, киіз басқан. Сырмақ ойып, ши ораған кісі болған. Біздің киіз үй көрмелерге барып, жүлделі орындар алып отырған.

Біз келесі жылы Ұлы Жеңістің 77 жылдығын қарсы алғалы отырмыз. Бұл жеңіс аталарымыз бен аналарымыздың қайсарлығы мен төзімділігінің арқасында келген жеңіс деп бағалаймыз....



**ӘКЕ!
АЛАТАУДАЙ ЗОР, НАР ТҰЛҒА –
САРҚЫЛМАС МӘҢГІ БҰЛАҒЫМ.
ҰРПАҒЫҢ БАРДА АРТЫҢДА,
СӨНБЕЙДІ, ӘКЕ, ШЫРАҒЫҢ!**



АРДАҚТЫ АЗАМАТТЫҢ БЕЙНЕСІ ЖАДЫМЫЗДА

Күмісбек ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ,
«Балқаш өңірі»

«Атқан оқтай, шапқан аттай» өтіп жатқан уақыт шіркінге тоқтау бар ма? Күндермен күндер алмасып, айлармен айлар жалғасып, сынаптай сырғып-ақ жатыр. Күні кеше ғана ортамызда өзінің ағалық ақыл-кеңестерін айтып, шынайы қамқорлықтарын көрсетіп жүрген бірнеше арда азаматтарымыздан мына аты өшкір індеттің кесірінен айырылып қалғанымызда рас.

Ақиқатын айтар болсақ, жас пен кәріні талғамай өңешіне жұтып жатқан індеттің кесірі көптеген отбасыларға оңай тиіп жатқан жоқ. Амал нешік, тағдырдың жазуынан ешкім құтылмасы хақ десек те, ел-жұртының ыстық ықыласына бөленген, халқына қадірлі, еліне елеулі жандарды соңғы сапарға шығарып сал

рәсімі тек етжақын ағайын-туыстың ғана қатысуымен өтіп жатыр. Бұлда халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз айтқандай: «Бір кем дүние!»

Иә, бүгінде халқымыз ауыр сынақты бастан өткеріп жатыр. Бұл жағдай тек біздің елді ғана емес, жұмыр жерді мекен еткен ұлт пен ұлыстарды әбігерге салып, құрсауынан шығармай-ақ тұр. Еліміз бойынша да індет белең алғалы бері көптеген тұлғаларымыз о дүниеге ерте аттанып кетті. Ал ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлестерін қосқан, бүгінде келместің кемесіне мініп кеткен жандарды сасақпен санамалау мүмкін емес. Солардың бірі де бірегейі, ауданымызда ұзақ жылдар «елім деп еміреніп, жұртым деп жүгіріп» жұмыс жасаған ауданымыздың Құрметті азаматы Нарбаев Рахым Бәйділдаұлы еді.

Негізгі әңгіменің әлқисасын зымырап жатқан уақыттан бастағаным тегіннен-тегін емес. Рахым ағамыздың ортамыздан бақилыққа озғанына да 40 күн өтіпті-ау. Ардақты ағамыздың жарқын бейнесіне қарай отырып, марқұмның жүріп өткен өмір жолына кезек бергенді жөн көрдім.

1947 жылы Бояулы елдімекенінде дүниеге келген. 1963 жылы Талдықорған қаласындағы малдәрігерлік-зоотехникалық техникумына оқуға түсіп, 1967 жылы аталмыш білім ордасын мал дәрігері мамандығы бойынша тәмамдаған.

1967-1969 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын өтегеннен кейін, 1969-1972 жылдары Қарағаш ауылында малдәрігерлік учаскесінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1972-1983 жылдар аралығында «Бақанас» қой совхозының №3 фермасының меңгерушісі, 1983 жылы Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтына сырттай оқуға түсіп, аталған институтты 1989 жылы бітіріп, зоотехникалық-инженер мамандығын алған. 1992 жылы «Ақдала» совхозындағы сүт кешенінің меңгерушісі, 1996 жылдан 2010 жылға

дейін, яғни зейнеткерлікке шыққанша Балқаш ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімін басқарды. Ауыл шаруашылығының «Үздік қызметкері», «Қазақстан Респбликасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл!» мерекелік медальдарымен марапатталған болатын-ды.

Өткен шақпен айту кімге оңай болсын?! Рахым ағамызбен тіршілігінде аралас-құралас болып, тіпті балалық балғын шақты бірге өткізген және бозбала шақтың куәгерлері болған замандас-құрдастарының сағынышқа толы бірді-екілі естелік-әңгімелерін еске алу мақсатында жазылған мақалаға «тұздық» ретінде қоса кетуді жөн санадық.

Досы Серікбай Оразбаев:

– Біз Рахым екеуміз Бояулы елдімекенінде дүниеге келіп, бала жасымыздан құлын-тайдай бірге өстік. Осындағы Бояулы бастауыш мектебінің табалдырығын да бірге аттадық. Ол кездегі ұстаздарымыз – Құрманов Сматай, Тұрсынбеков Әлімдер бізге сабақ беріп, білім нәрімен сусындатты. Бесінші сыныпқа көшкенімізде Бақанас-мектеп интернатына ауыстық. Интернат қабырғасында бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай, арамыз ажырамай бірге жатып, бірге тұрдық. Сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін біздер Талдықорған қаласындағы малдәрігерлік-зоотехникалық техникумына оқуға түсіп, ол мал дәрігері, ал мен зоотехник мамандығын алдым. Оқуымызды тәмамдағанан соң «Бақанас» кеңшарының №3-ші бөлімшесі, яғни Бояулы ауылында жиырма жыл еңбектің қара қазанында қайнадық. Осы жылдар бедерінде Рахым мал дәрігері, кейінен ферма меңгерушісі болды. Мен зоотехник, есепші, одан кейін мен де ферма меңгерушілігіне көтерілдім. Кейіннен Рахым аудандық әкімшілігінде, мен мәслихатта зейнеткерлікке шыққанша қызмет атқардық. Біздің де зейнеткерлікке шықанымызға да он жылдан асты. Осы жылдар көлемінде бірге жүріп, бірге тұрып, бала жастан

басталған достығымыз ажырамады. Ең өкініштісі, Алланың жазуымен сұм ажал Рекеңді арамыздан ерте алып кетті.

Бала кезімізде де, қызметте де бірде-бір рет ренжісіп, бет-жүзімізге келіп көрмеппіз. Қай қызметте болсын Рахым өз ісіне жауапты, ұқыпты әрі білімді болды. Зейнеткерлікке шықсақ та бәз-баяғы қалпындай отбасымызбен етене араластық. Ол достарының арасында беделді, ұйымдастыру қабілеті де зор болатын. Балқия екеуі үлгілі отбасы бола білді. Ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырған бақытты әке әрі балаларынан немере сүйген ардақты ата атанды.

Көзімнен жас тамшылай отырып, ардақты бауырымның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын деген тілегімді іштей тілеймін. Беу, дүние-ай!

Бауыры Балтағұл Молдақасымов:

– Шежіре мен тарихты таңменен таңға ұластырып айтатын көнекөз қария болған Бәйділда атамыздың баласы Рахымда жұртына қадірлі, еліне сыйлы болып ғұмыр кешті. Жас айырмашылығымыз – Рахым менен бір жас кіші еді. Заманымыз бір болғандықтан бала жасымыздан бірге өстік. Таяқты ат қылып ойнап, балалық балғын шақты басымыздан бірге өткердік. Зиялы әулеттен шыққаны қай ортада болсын әрдайым аңғарылып тұратын-ды. Алған жары Балқия да өмір жолында сенімді серігі болып, ұлын – ұяға, қызын – қияға қондыруға үлкен үлесін қосты. Қай жұмыста болсын Рекеңнің білімділігі, сабырлылығы һәм тиянақтылығы көрініп, оған аудан жұртшылығы куә болғандығы да, ақиқат. Қызметін адал атқарып, берілген тапсырманы дер кезінде орындаудағы талапшылдығы оны биіктерге көтерді. Әріптестер арасында зор беделге ие болды. Осының айғағындай ауданның Құрметті азаматы атанды.

Қамшының сабындай ғана қысқа мына ғұмырда Рекең маған көмекші бола білді. Бүгінде бір қанатым

қайырылғандай күй кешудемін. Қайтыс болардан бірнеше күн бұрын «ауылымыздағы жаңадан ашылып жатқан саябаққа бала-шағаңмен бірге келіп, тал егіп қайтпадың ба?» дегенімде, аздап суық ұстап, сырқаттанып тұрғанын телефонның арғыжағында айтып еді. Сөйтсем, бұл індет бауырымның да мойнына құрық салған екен ғой. Көп ұзамай ардақты да асыл бауырымнан айырылып қалатынымды сол сәтте сезбеппін де.

Өмір-өзен сол бәз-баяғы қалпында ағып жатыр. Ең өзекті өртейтін өкініш – ол Рахым бауырымның ортамызда жоқтығы. Орны ойсырап-ақ тұр. Не деймін, жатқан жері жарық, жаны жәннатта, нұры пейіштің төрінде шалқысын!



Рекеңнің сырқаттанып жүрген кезіндегі ошағындағы соңғы күні.

ТҮЙІН ОРНЫНА

Қандай қиын... Індетпен күресіп, өмір мен өлімнің жанталасына түскен үміт сәулесі кенет сөнгеніне де сене алмаймын, сенгім келмейді. Қара жамылған жан-жарыңа да. бала-шағасына да мұның бәрі көрген түстей болғаны жүрегіңді қарс айырып, көзіңе жас үйіреді. Тәләйлі тағдырдың талай тайталасында жеңістің дәмін сезінген, күш-жігері мықты, өмірге деген құштарлығы зор, қайсарлығы мен табандылығы мол, әулеттің ақылшысы, жан-жарының өмірлік жолдасы, балаларының пана тұтар асқар тауы, немере-шөберелерінің сүйікті атасы болған Рахым ағамыздың демін әлемді жайлаған пәлекет пандемия үзді.

Өкінішті...

Ал бүгін ардақты азаматымызды суық жердің қойнауына тапсырғанымызға қырық күн болыпты-ау?! Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін төмендегі өлең жырларымен өргім келеді:

Қимайды адам жақынын қара жерге,
Көңіліміз толады мұң мен шерге.
Қадірлі едің, сыйлы едің жұртыңа
Жақсы адамның артында із қалады,
Ұрпақтары тебіреніп еске алады.
Арамыздан алыстап кетсеңдағы
Нұрлы бейнең жүректе мәңгі сақталады.



М А З М Ұ Н Ы

<i>Ғ.Тоқпейісов.</i> Асқар таудай ағамыз еді.....	3
Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер.....	6
<i>Р.Нарбаев.</i> Болашақтың кілті.....	12
<i>Б.Молдақасымұлы.</i> «Бояулы» ауылының қысқаша тарихы және еңбегімен ел құрметіне ие болған азаматтар туралы.....	15
<i>Ж.Демеуқұлов.</i> Асыл жандарға ақ тілек!.....	19
<i>Т.Досымбеков.</i> Жаны жайсаң азамат.....	20
<i>С.Оразбаев.</i> Мәңгіге сақталады асыл бейнең.....	29
<i>М.Қашқынбаев.</i> Асылдың сынығы.....	33
<i>С.Сиқымбайұлы.</i> Адам – керуен, өмір – жол.....	37
<i>Ж.Демеуқұлова.</i> Өмір жолы – өнеге мектебі.....	40
<i>С.Смағұлов.</i> Талапшыл тұлға еді.....	45
<i>Н.Қонысбаев.</i> Елін сүйген нар тұлға.....	48
<i>Ғ.Юсупов.</i> Өз дәуірінің азаматы.....	50
<i>Ж.Демеуқұлов.</i> Аталы елдің баталы ері болған Рекең...53	
<i>А.Есімов.</i> Әке аманатына адал болған азамат.....	56
<i>Е.Бейсембаев.</i> Сан қырлы азамат еді.....	57
<i>С.Жылгелдіқызы.</i> Ел алғысына бөленген азамат еді.....	59
<i>Ә.Қамзаев.</i> Еңбектегі ұстазым – Рақым аға.....	61
<i>Н.Сонабаева.</i> Ерін сыйлағанды елі сыйлайды.....	62
<i>А.Анипин.</i> Құт мекенім – бояулым.....	63
<i>Р.Байділда.</i> Өзіңді жүрмін сағынып.....	64
<i>Б.Әділханова.</i> Атына заты сай азамат еді.....	69
<i>Н.Әділханов.</i> Жаны жайсаң жездем еді.....	72
<i>М.Жексенбек.</i> Егілмей еске алу мүмкін емес.....	73
<i>Р.Омарқызы.</i> Адал достықтың айнымас сеніміндей азамат еді.....	75

<i>К.Байділдәқызы.</i> Ағашым, ақ жайлауым, асылым-ең.....	78
<i>Б.Дәуітбаев.</i> Бақытқа бастаған жол.....	80
<i>А.Елбосынов.</i> Ауылдан ұшқан аққулар.....	83
<i>Н.Дуанаева.</i> Тағылымы мол қария еді.....	84
<i>К.Ербай, Б.Дәуітбаев.</i> Ардақты жандардың есімі қайта жаңғырылды.....	87
<i>А.Рахимова.</i> Атадан ұлағат – ұрпаққа аманат.....	91
<i>І.Рахимова.</i> Айтар алғысымыз шексіз.....	93
<i>А.Рахимова.</i> Қазақстандағы гендерлік теңдік.....	94
<i>К.Жарылқасынұлы.</i> Мерейлі отбасы – ынтымақ ордасы..	96
<i>Б.Әділханқызы.</i> Елу жыл өмір сүріп, жүз жылдық сыр қалдырған жан-жарымнан естелік.....	100
<i>Б.Әділханқызы.</i> Өткенге тағзым – болашаққа бағдар!.	107
<i>Б.Әділханқызы.</i> Димаш атамен екі рет жүздестім.....	112
<i>Б.Әділханқызы.</i> Ана – үйдің жүрегі.....	114
<i>Сәуле-Асхат, Ғалым-Гүлшат, Рауан-Ерлан.</i> Сөнбейді, әке, шырағың!.....	116
<i>А.Рахимова.</i> Ақ жаулығы – ақ тілек, аяулы асыл әжемнің.	119
<i>К.Жарылқасынұлы.</i> Ардақты азаматтың бейнесі жадымызда.....	122

Балқия ӘДІЛХАНОВА

*Откенге тағзым —
болашаққа бағдар*

Әдеби-ғұмырнамалық хикаят, естеліктер

*Құрастырушы автор -
Демеуқұлова Зәуреш Жұмағалиқызы,
Балқаш ауданының құрметті азаматы*

Редакторы
Зәуреш Жұмағалиқызы ДЕМЕУҚҰЛОВА

Техникалық редакторы
Дархан Талғатұлы ТАЛҒАТ

Компьютерде терген
Іңкәр Ғалымқызы РАХЫМОВА

Мұқабаны безендірген
Қуат Есімғалиұлы МУСАЕВ

*Басуға 03.02.2022 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 5,6.
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №8.
Баспаның мекен-жайы:
Райымбек батыр, 496 а/7.*

